

ISSN 3005-9089



Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениті университеті

الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك

Egyptian University of Islamic culture Nur-Mubarak

ИСЛАМТАНУ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Ғылыми журнал

بحوث في الدراسات الإسلامية
مجلة علمية

Research in Islamic Studies
Scientific journal

№3 (07) 2025

Almaty, 2025

ИСЛАМТАНУ ЗЕРТТЕУЛЕРІ
Ғылыми журналы

15.09.2023 ж. Қазақстан
Республикасының
Аппарат және қоғамдық даму
министрлігінде тіркелген.

Күәлік №KZ45VPY00077789
Журнал қазақ, араб, ағылшын
және орыс тілінде жылына 4 рет
жарыққа шығады.

Бас редактор:
Филол.ғ.д., профессор
Керім Шамшәдин

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

PhD доктор Н.Т.Өтпенев (Қазақстан);
Док., проф. Ахмед Хусейн Мухаммад Ибраһим
(Қазақстан);
PhD доктор Е.А.Оңғар (Қазақстан);
Док., проф. Мунзир Каһф (АҚШ);
Док., проф. Хайрунас Ражаб (Индонезия);
Док., проф. Русни бинт Хасан (Малайзия);
Док., проф. Р.Мухаметшин (Ресей);
Док., проф. Сейфеттин Ершахин (Түркия);
Док., проф. Али Рафет Өзкан (Түркия);
Док., проф. Ш.Ю.Зиёдов (Өзбекстан);
Филос.ғ.д., проф. Қ.А.Затов (Қазақстан);
PhD, қауымд. проф. Қ.С.Ержан (Қазақстан).

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР:

PhD доктор М.Махмет (Қазақстан);

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР:

PhD, қауым. проф. А.Ш.Әділбаев
(Қазақстан);
Доктор, доц., Мухаммад Уардани
(Қазақстан);

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ:

А.Н.Абуталипова

RESEARCH IN ISLAMIC STUDIES
Scientific journal

Registered in the Ministry of
Information and Social Development
of the Republic of Kazakhstan in
15.09.2023 y.

Certificate №KZ45VPY00077789
The journal is published 4 times a year
in Kazakh, Arabic, English and
Russian languages.

Editor-in-Chief:
Doctor, Professor
Kerim Shamshadin

EDITORIAL BOARDS:

N.T. Otpenov PhD (Kazakhstan);
Ahmed Hussein Mohamed Ibrahim Dr., professor
(Kazakhstan);
E.A. Ongar PhD (Kazakhstan);
Monzer Kahf. Dr., professor. (USA);
Hairunas Rajab. Dr., professor. (Indonesia);
Rusni Bt Hassan Dr., professor. (Malaysia);
Mukhamedshin R. Dr., professor. (Russia);
Seyfettin Ersahin Dr., professor. (Turkey);
Ali Rafet Ozkan Dr., professor. (Turkey);
Sh. Ziyodov Dr., professor. (Uzbekistan);
K.A. Zatov Dr., professor (Kazakhstan)
K.S. Yerzhan PhD, ass. Prof. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR:

M. Makhmet. PhD (Kazakhstan);

EDITORS:

A.Sh. Adilbayev PhD, ass. Prof.
(Kazakhstan)
Mohamed Wardani. Dr., ass. Prof.
(Kazakhstan);

TECHNICAL SECRETARY:

A. Abutalipova

بحوث في الدراسات الإسلامية
مجلة علمية محكمة

مسجل في وزارة الإعلام والتنمية
الاجتماعية بجمهورية كازاخستان في
2023-09-15م

رقم الشهادة: KZ45VPY00077789
تصدر ربع سنوياً
باللغة الكازاخية والعربية والإنجليزية
والروسية.

رئيس التحرير:
دكتور في الفيلولوجيا، أستاذ
كريم شامشادين

مجلس التحرير:
أ.د. نوروزباي حاجي تغان أولي (كازاخستان)
أ.د. أحمد حسين محمد إبراهيم (كازاخستان)
أ.د. إرشاد أونغار (كازاخستان)
أ.د. منذر كحف (الولايات المتحدة الأمريكية)
أ.د. خير الناس رجب (إندونيسيا)
أ.د. راسني بنت حسان (ماليزيا)
أ.د. ر. محمدشين (روسيا)
أ.د. سيف الدين إرشدين (تركيا)
أ.د. علي رافت أوزكان (تركيا)
أ.د. زيودوف شوفوسيل (أوزبكستان)
أ.د. خيرات زاتوف (كازاخستان)
أ.م.د. قالمباخان إيرجان (كازاخستان)

هيئة التحرير:
د. / ماخميت مورتاخان (كازاخستان)

المحررون:
أ.م.د. / آلاو أديليبيف (كازاخستان)
أ.م.د. / محمد ورداني (كازاخستان)

السكرتير الفني:
أ. أبوطالبوفا

«Исламтану зерттеулері» журналына исламтану және дінтану салаларындағы ғылыми мақалалар жарияланады.



ҚР ҒЖБМ
Ғылым және жоғары
білім саласындағы
сапаны қамтамасыз
ету комитеті



Ұлттық мемлекеттік
ғылыми-техникалық
сараптама орталығы



DIGITAL
OBJECT
IDENTIFIER



РОССИЙСКИЙ ИНДЕКС
НАУЧНОГО ЦИТИРОВАНИЯ
Science Index

© Нұр-Мұбарак Египет ислам
мәдениеті университеті, 2025.
050040, Алматы қаласы, Әл-Фараби д., 73.
Сайт: <https://journal.nmu.edu.kz>
e-mail: islam.research@nmu.edu.kz

Баспа журналдың ішкі мазмұнына жауап бермейді.

ИБ 15881
Пішімі 60x84 ¹/₈. Көлемі 13,5 б.т.
Тапсырыс №: 1044
Офсетті қағаз. Сандық басылым.

ИСЛАМТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

ИСЛАМ АҚИДАСЫ, ФИҚҲ (ШАРИҒАТ), АХЛАҚ (СОПЫЛЫҚ),
СИЯР ШАРИФ, ИСЛАМ ТАРИХЫ, МҰСЫЛМАН МӘДЕНИЕТІ,
ИСЛАМ ӨРКЕНИЕТІ, ҚҰРАНТАНУ ЖӘНЕ ХАДИСТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
ИСЛАМ ФИЛОСОФИЯСЫ, ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫ МЕН БАНК ЖҮЙЕСІ,
ДӘСТҮРЛІ ИСЛАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ, МЕШІТ-МЕДРЕСЕЛЕР

البحث في الدراسات الإسلامية

العقائد الإسلامية، الفقه (الشريعة)، الأخلاق (التصوف)، السيرة النبوية الشريفة،
تاريخ الإسلام، الثقافة الإسلامية، الحضارة الإسلامية، قضية قراءة وفهم القرآن
والسنة، الفلسفة الإسلامية، التمويل الإسلامي والنظام المصرفي،
الإسلام والوسطية ونظام الدولة، المساجد والمدارس الإسلامية

RESEARCH IN ISLAMIC STUDIES

ISLAMIC BELIEFS, FIQH (SHARIA), ETHICS (SUFISM), BIOGRAPHY
OF THE PROPHET, HISTORY OF ISLAM, ISLAMIC CULTURE, ISLAMIC
CIVILIZATION, THE ISSUE OF READING AND UNDERSTANDING THE
QUR'AN AND SUNNAH, ISLAMIC PHILOSOPHY, ISLAMIC FINANCE AND
BANKING, MODERATE ISLAM AND THE STATE,
MOSQUES AND ISLAMIC SCHOOLS

ИСЛАМСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

ИСЛАМСКИЕ УБЕЖДЕНИЯ, ФИКХ (ШАРИГА), ЭТИКА (СУФИЗМ),
СИЯР ШАРИФ, ИСТОРИЯ ИСЛАМА, ИСЛАМСКАЯ КУЛЬТУРА,
ИСЛАМСКАЯ ЦИВИЛИЗАЦИЯ, ЧТЕНИЯ И ПОНИМАНИЯ КОРАНА
И СУННЫ, ИСЛАМСКАЯ ФИЛОСОФИЯ, ИСЛАМСКИЕ ФИНАНСЫ И
БАНКОВСКАЯ СИСТЕМА, ТРАДИЦИОННЫЙ ИСЛАМ И ГОСУДАРСТВО,
МЕЧЕТИ-МЕДРЕСЕ

Ж.С. Сандыбаев¹

¹ Мақсұт Нәрікбаев университеті, Астана, Қазақстан
e-mail: Abu_tasnim@mail.ru

ҒАЗАЛИ ІЛІМІНДЕГІ АДАМ МЕН ҚОҒАМ: ЭТИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ФИЛОСОФИЯСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада Әбу Хамид әл-Ғазалидің адам мен қоғам қарым-қатынасындағы этикалық құндылықтар философиясы кеңінен талданады. Ойшылдың «орта жол» қағидасы адамның табиғи құмарлықтары мен ашу күшін мүлдем жою емес, оларды ақылға бағындыру қажеттігін дәлелдейді. Ғазали жүректің тазалығы, еркіндік пен адамдық болмыстың мәні туралы терең ой қозғайды. Ол сұхбат әдебі, достық пен бауырмалдық, сапар мәдениеті, ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс сияқты қатынастардың рухани кемелденуге ықпалын айқындайды. Ғазали білім мен тәрбиенің бірлігін жеке тұлғаның дамуы мен қоғамдағы үйлесімнің басты тетігі ретінде қарастырады. Оның ілімі бойынша адам білім мен көркем мінезді игеру арқылы ғана қоғамға мейірім мен сүйіспеншілік дарытып, шынайы еркіндікке қол жеткізе алады.

Түйін сөздер: Ғазали, ислам философиясы, этикалық құндылықтар, адам, қоғам, кемел адам, достық, сұхбат мәдениеті, ұстаз және шәкірт, мораль, этика.

جالغاس سانديبايف

جامعة ماكسوت ناريكبايف، أستانا، كازاخستان
e-mail: Abu_tasnim@mail.ru

الإنسان والمجتمع في فكر الغزالي: فلسفة القيم الأخلاقية

الملخص: تتناول هذه المقالة فلسفة القيم الأخلاقية في علاقة الإنسان بالمجتمع عند أبو حامد الغزالي بشكل موسع. تؤكد قاعدة «الطريق الوسط» التي طرحها المفكر على ضرورة إخضاع الشهوات والغضب للعقل، لا القضاء عليها بالكامل. يناقش الغزالي بعمق نقاء القلب، والحرية، ومعنى الوجود الإنساني. كما يبرز تأثير آداب الحوار، والصداقة والأخوة، وثقافة السفر، والعلاقة بين المعلم والتلميذ في تحقيق الكمال الروحي. ويرى الغزالي أن وحدة العلم والتربية هي مفتاح تطور الفرد وتحقيق الانسجام في المجتمع. ووفقاً لتعاليمه، لا يستطيع الإنسان أن ينشر الرحمة والمحبة في المجتمع ويصل إلى الحرية الحقيقية إلا من خلال اكتساب العلم وحسن الخلق.

الكلمات المفتاحية: الغزالي، الفلسفة الإسلامية، القيم الأخلاقية، الإنسان، المجتمع، الإنسان الكامل، الصداقة، ثقافة الحوار، المعلم والتلميذ، الأخلاق.

Zh. Sandybayev¹

¹Maksut Narikbayev University, Astana, Kazakhstan
e-mail: Abu_tasnim@mail.ru

HUMAN AND SOCIETY IN AL-GHAZALI'S THOUGHT: THE PHILOSOPHY OF ETHICAL VALUES

Annotation. This article explores Abu Hamid al-Ghazali's philosophy of ethical values in shaping the relationship between the individual and society. Central to his thought is the «middle path,» which calls not for suppressing natural desires or anger but for guiding them with reason. Al-Ghazali reflects deeply on inner purity, freedom, and the essence of human existence. He examines the ethics of dialogue, friendship and brotherhood, travel etiquette, and the teacher–student relationship as key means of spiritual growth. Knowledge and moral cultivation, in his view, form the foundation of personal development and social harmony. By uniting education with refined character, Al-Ghazali offers a comprehensive model where compassion, self-discipline, and the pursuit of truth enable both individual fulfillment and a just, balanced society.

Keywords: Al-Ghazali, Islamic philosophy, Ethical values, Human, Society, Perfect human, Friendship, Culture of dialogue, Teacher and student, Morality, Ethics.

Ж.С.Сандыбаев¹

¹Университет Максута Нарикбаева, Астана, Казахстан
e-mail: Abu_tasnim@mail.ru

ЧЕЛОВЕК И ОБЩЕСТВО В УЧЕНИИ АЛЬ-ГАЗАЛИ: ФИЛОСОФИЯ ЭТИЧЕСКИХ ЦЕННОСТЕЙ

Аннотация. Статья посвящена философии этических ценностей в учении Абу Хамида аль-Газали о взаимоотношении человека и общества. Мыслитель развивает идею «золотой середины», подчеркивая необходимость не уничтожения природных страстей и гнева, а их подчинения разуму. Особое внимание уделено вопросам очищения сердца, свободы и смысла человеческого бытия. Анализируются этика беседы, дружбы и братства, нормы поведения в путешествиях, а также отношения между учителем и учеником как важнейшие элементы духовного совершенствования. Газали рассматривает знание и нравственное воспитание как ключ к личностному росту и общественной гармонии. Его подход показывает, что истинная свобода и гармоничное общество возможны лишь через сочетание образования, внутренней дисциплины и развития высоких моральных качеств.

Ключевые слова: Газали, исламская философия, этические ценности, человек, общество, совершенный человек, дружба, культура беседы, учитель и ученик, мораль, этика.

Кіріспе.

Имам Ғазали – исламдық ой тарихында елеулі орын алатын ұлы ғұлама. Имам Ғазали, толық аты-жөні Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали (1058-1111) Хорасан аймағында дүниеге келген. Ғазали жастайынан діни білім алып, фикһ, теология, тәпсір, хадис сияқты ислам ғылымдарын жетік меңгерген. Имам Ғазалидің ең маңызды еңбектері: «Ихья әл-Улумиддин» (Дін ғылымдарының қайта жаңғыруы), «Кимйә әс-Саадат» (Бақыт химиясы), «Әдәб ул-Муфрадат». «Ихья әл-Улумиддин» – исламдағы рухани өмірді жандандыру мен нығайтуға бағыт-бағдар беретін жан-жақты еңбек. Ғазалидің бұл еңбегі ислам әлемінің ең маңызды философиялық және мистикалық шығармаларының бірі болып саналады. Имам Ғазали исламдық ой тарихында философия мен сопылықты синтездеді. Сопылық көзқарасымен танымал болған Ғазали философиялық шығармаларымен де танымал. Оның исламдық ойға деген сыни көзқарастары сол кезде де, бүгінде де құрметке ие.

Имам Ғазали еңбектері ислам этикасы мен руханиятының тоғысқан биігін көрсетеді. Ғалым өз еңбектерінде діни құндылықтарды тек жалаң қағидаттармен түсіндірумен шектелмей, адам мен қоғам арасындағы берік үйлесімділікке негізделген мораль философиясын ұсынды. Қоғамдағы адам өмірінің мәні мен қызметі туралы кешенді талдау жасай келіп, Ғазали жалпыға тән этикалық құндылықтар философиясын ұсынды.

Бұл мақалада Ғазали еңбектері негізінде адам табиғаты мен оның

қоғамдағы орны, сондай-ақ этикалық құндылықтардың мәні мен мазмұны философиялық тұрғыдан талданады. Сонымен қатар Ғазали көзқарастарының қазіргі қоғамдағы рухани-адамгершілік тәрбиеге ықпалы да қарастырылады.

Зерттеу әдістері.

«Ғазали іліміндегі адам мен қоғам: этикалық құндылықтар философиясы» тақырыбын объективті ашу үшін біршама зерттеу тәсілдері мен әдіснамалары қолданылды. Айталық, Имам Ғазали философиялық ойларының мәні мен мағынасын ашу үшін, оның еңбектеріне философиялық, герменевтикалық талдау әдісі қолданылды. Салыстырмалы әдістеме арқылы Имам Ғазалидың этикалық көзқарастары өзге ғалымдардың ойларымен салыстырылды. Ойшыл өмір сүрген кезеңдегі тарихи, саяси және діни жағдайларды қарастыру үшін тарихи әдіс басшылыққа алынды. Сондай-ақ жүйелік әдіс арқылы адам мен қоғам арасындағы моралдық қатынастар тұтас жүйе ретінде қарастырылды.

Негізгі бөлім.

Ортағасыр мұсылман философиясында қоғамды қайта құруға байланысты қоғамдық-саяси мәселелермен шұғылдану әрекеті кеңінен тарады. Бұл шақта саяси-мемлекеттік теориялармен шұғылданған негізгі үш ағым қалыптасып үлгерді: біріншісі әрі беделдісі, мұсылман құқықтанушылары (факиһтер) мен дін ғұламаларының тұжырымдамасы; екіншісі, утопиялық теориялардың негізінде түрлі

«қайырымды қалаларды» жасаушы араб тілді перипатетиктердің тұжырымдамалары және үшіншісі, әт-Таухиди, Ибн Мискауай, Ибн Туфейлдің және т.б. саяси-әдептік теориялары.

Араб тілді перипатетиктер мен әдебиетші, филологтардың теориялары бір-бірінен баяндау әдісімен ерекшеленгенімен олардың барлығының жалпы мақсаты, дана басшының саналы билігінің астында бақытты ғұмыр кешу еді. Ол үшін бірінші басшының бойында әл-Фараби айтқандай «ізгілікті мінез» болуы қажет еді.

Көркем мінездің адам өміріндегі маңызы мен орнын көрсете білген сондай ғалымдардың бірі Ғазали: «Адам баласы тірі тұрғанда құмарлық, ашу, дүниесүйгіштік сияқты т.б. мінезден арылмайды», – деген пікірді сынға алады [1, 144 б.]. Өйткені бұлар құмарлық мінезін нәпсіден түп-тамырымен алып тасау қажет деп түсінеді. Негізінде олай емес, яғни құмарлық – табиғи қажеттілік. Бұл қасиет белгілі бір пайда үшін жаратылған. Егер ол толықтай сөніп қалса, онда адам бір пәлекетке дұшар болары анық. Сол сияқты егер ашу күші толықтай жоқ болса, адам өзінің өліміне себеп болатын нәрселерге қарсы күресе алмай, нәтижеде олар адамды жоқ етері анық.

Себебі Ғазалише адам табиғатындағы құмарлық күші, оның мал-мүлікке қызығушылығын оятады. Бұл махаббат адамды құмарлыққа жетектеп, тіпті дүние жинауға үндейді. Мақсат – бұл қасиеттерді мүлдем жоқ қылу емес, керісінше оларды бір орта өлшемге бағындыру. Сол сияқты

адам бойындағы ашу сипатына келсек, мұндағы қорқақтық пен ашушаңдықты тәрбиелеп, оны да көркем жағдайда сақтай білу қажет. Жалпы айтқанда, ашудың орташа деңгейіне иелік қылған адам – күшті адам. Ол оны ақылына бағындырады [2, 371 б.]. Біз бұл жерден Ғазалидің «орташа деңгей» деген тұжырымдамасын айқын көреміз.

Жүректің сау болуы үшін дүние-құмарлыққа бой ұрмау және ысырапшылдық пен сараңдықтан сақ болу шарт. Жүрек осы екеуінен (ысырапшылдық пен сараңдықтан) тең шамада алшақтаған жағдайда ғана кемелдікке жетеді, негізінде орта жол – осы. Адам дүниедегі барлық нәрселерді шеше алатындай құдіретті емес. Олардың шешетіні – адам болып қалу не қалмау, шын мәнділікті іздеу не ауытқу, құндылықтарды қастерлеу, қорғау не айырылу. Яғни әрбір адам өз өмірінде еркіндікке талпыныс жасауы керек. Еркіндіктің өзі – мәндердің мәні. Адам өмірінің ақырғы мәні – еркін өмір. Еркіндік қана адамды адам етеді. Еркіндіктен бас тарту, одан ауытқу – адам үшін адамшылығын, түпкі табиғатын, болмысын жоғалту деген сөз [3, 309 б.].

Ғазали «Ихяю улуми’д-диннің» «Ақайб ул-қалб» бөлімінде «жан» ұғымының мағынасын және оның «жүрек», «нәпсі» және «ақыл» терминдерімен байланысын зерттеп, адамзаттың болмысын жақсырақ ашып көрсету үшін осы төрт ұғымның психологиялық, эпипологиялық бір мағынаға ие екендігін дәлелдеген. Расында, ол «жанның» орнына анда-санда басқа ұғымдарды қолданады. Ғазали

адам болмысының мәнін зерттегенде баса назар аударатын ең маңызды мәселе – осы рухани аспект. Себебі, Құдайдың әміріне мойынсұнып, есеп пен жауапкершілікті сезінетін, ақыл-ой мен білімге ие, сезімдік шектен тыс болмысты қабылдап, ойлай алатын, әрі бұл дүниемен шектелмейтін өмір сүре алатын адам баласы – осының барлығына өзінің рухани болмысы арқылы қол жеткізеді [4, 243 б].

Сондықтан да Ғазали адамның қоғамда еркін ғұмыр кешуі үшін және қарым-қатынасты жоғарғы деңгейде реттеп отыру үшін өзінің этикалық тұжырымдамасын ұсынады. Бұл мұсылман ойшылының адам мен қоғам арақатынасы іліміндегі құндылықтар философиясынан анық байқалады. Мұның маңыздылығы мен өзектілігін дәлелдеу үшін Ғазали көрсеткен бірнеше адамгершілік негіздерге қысқаша тоқтап өтуіміз қажет. Мысалы: сұхбат айту, ұстаздық қылу, дос болу, жол жүрудің және шәкірт болудың негіздері секілді. Адам қоғамда басқалармен сүйіспеншілікпен ғұмыр кешуі үшін осы негіздерді басшылыққа алуы тиіс.

Сонымен адам мен қоғам өміріндегі этикалық құндылықтардың бірі – сұхбаттасу негізі. Ғазалише, сұхбат айтатын адам басқалардан пайда алуы үшін олардың бойынан өздеріне тән ерекшеліктерді байқауы қажет. Сұхбатты айтатын адам ақылды және көркем мінезді, жамандықтан алшақ әрі дүниеқұмар емес адам болғаны жөн.

«Адам әңгімесін айтқан уақытта еркін және ешкімге қысымшылық немесе т.б. зиян келтірмей отыра-

ды. Сөйлеген кезде дұрыс сөйлейді. Айтылған әңгіме үшін қуанышты екенін көрсетіп отырады. Тыңдаушылардың бірі сөйлесе оны тыңдайды. Орташа киінеді, яғни аса қымбат бағалы немесе қатты ескі киімдерді кимейді. Сұхбатта адамдарды жамандыққа шақырмайды, өзінің жасаған ізгі амалдары жайында басқаларға баяндамайды» [4, 424 б.].

Сұхбат айтушы адам ешкімді алаламайды, басқаның көңіліне кірбің түсірмейді. Өзі білмеген мәселеге қатысты жауап бермейді. Ашулану мен асығу әрекеттерінен алшақ, сұрақты жақсы түсініп жауап береді. Сөйлеп отырғанда саусақ, қол немесе көз сияқты дене мүшелерімен көп ишарат қылмағаны жөн. Екі адам сөйлесіп жатқанда, олардың сөзін бөліп араласпайды. Сөйлеу кезегі өзіне келгенде және сұрақ қойылғанда жауап береді. Олармен қайырласқан кезде, қош айтысып тұрады.

«Әңгімені тыңдағысы келмеген адамдарға сұхбат айтылмайды. Әңгіме таситын, пәлеқор немесе басқаның кемшілігін көргіш адамдармен сұхбат құрылмайды. Сондай-ақ жаман мінезді деп танылған адамдардың сұхбаттарына қатыспау және олардың бос, пайдасыз, мән-мағынасы жоқ сөздеріне құлақ аспау қажет. Керісінше, егер олар басқаның айтқан сөзін тыңдайтын болса, онда оларға сөздерінің дұрыс емес екенін айту керек» [5, 58 б.].

Ойшыл қоғамның ішіндегі адамдардың құрмет әдебін білу үшін, олармен сөйлескен кезде, өзінің сөйлеу мәнеріне көңіл бөлгенін жөн санайды. Сұхбатта пайдасыз сөздер

айтылмайды, сұхбаттың маңызы мен мазмұнын естен шығармай, соның шеңберінен шықпайды. Адам өзіне пайда алуы үшін белгілі адамдардың сұхбаттарына қатысып тұруы қажет. Ішке сәлем беріп кіреді, өзіне жақын, әрі ыңғайлы жерге орналасады және үйренгісі келген тақырып болса, сұрақ қойып, мәселені біліп алуға әрекет жасайды.

Ғазалидегі адам мен қоғам қарым-қатынасының келесі құндылық негізі – достық. Адам бауырларына қатысты әрекет қылғанда кейбір негіздерге мұқият болғаны жөн. Адам бауырына малымен жәрдем беруі, қажетін ақысыз өтеуі لازم. Бауырының сырын сақтап, кемшіліктерін жасыруы, оны көркем есіммен шақыруы қажет. [9, 207 б.].

Көршісі жоқ кезде оның мүлкін қорғап, оған насихат айтып, қайғысына ортақтасып, қуанышында қуанып, сөйлеген уақытта сөзін бөлмейді. Досы қайтатын болса, орнынан тұрып шығарып салуы тиіс және өзі жақсы көрген нәрселерін, досы үшін де жақсы көруі керек деген секілді кемелдікке жету жоларын айтады.

Адам досының айтқанына қарсы келмейді және онымен ұрыспайды. Досының балалары мен туыстарын жақсы көреді, оларды құрметтейді. Өзіне жасаған қате-кемшіліктерін кешіреді. Егер ол қателіктерін жалғастыра берсе, онда оған насихат айтуға тырысады. «Өлімінен соң оның әулетін ұмытпайды, бауырларымен қатынасы баяғы қалыпта жалғасады. Жолдас өзін досынан бір саты төмен санағаны жөн. Досының дұшпанымен достық құрмайды, до-

сымен ара-қатынасын үзуді қалап, сөз тасығандарға құлақ аспайды», – дейді Ғазали [6, 240 б.].

Ғазали антропологиялық ақиқат ретінде қабылдайтын ерік-жігерге былайша анықтама береді: «Адам баласы іс-әрекеттің нәтижесін және оның жақсылығын сезінгенде, оның ішінде осы жақсылықты қалауға және оның себептерін дайындауға деген ұмтылыс пайда болады, ол – ерік». Бұл өз кезегінде Фарабидің ерік туралы көзқарасына ұқсас. Дегенмен, Ғазали бұл идеяны дамытып, моральдық ерікті табиғаттың еркіне қайшы келетін ақыл талабы деп түсінеді. Сонымен қатар Ғазали адамгершілік өмір үшін тек ақылға ие болу жеткіліксіз деп есептеді. «Егер Құдай біздің әрекеттеріміздің салдарын білуге мүмкіндік беретін ақыл-ойды жаратумен қатар, осы салдарды қамтамасыз ету үшін органдарды іске қосатын агентті (ерік) жаратпаған болса, онда ақыл-ойдың үкімі мүлдем тиімсіз болар еді». «Демек, адамның ақыл-ойын пайдалану – тек нәпсілік (хайуандық) еріктен емес, Алла адам үшін жаратқан және салдарын болжай алатын қабілетке ие ақылға негізделген жоғары ерік арқылы ғана мүмкін болады.»[10, 8 б].

Ғазали адам бойындағы жақсы қасиеттер адам діндарлығы мен иманының көрсеткіші деп қарайды. Ғазалидің пікірінше, имандылық – жанда бар және өркендейтін пішін мен әдет. Ғазали іс жүзінде жүзеге асырылатын жақсы немесе жаман, дұрыс немесе бұрыс моральдық ойлар мәжбүрлеусіз және қысымсыз, оңай және еркін түрде жасалуы ке-

рек екенін айтады. Шынында да, моральдың осы сипаттамасына сүйене отырып, қысым мен мәжбүрлеумен байланысты кез келген жағдайда орындалатын әрекеттер мораль сана-тына жатпайды. Әрекеттердің ішінде жақсылық пен сұлулық болса, жақсы ахлақ, жамандық пен жамандық болса, жаман ахлақ болатынын айтады.

Ғалымның «Дін туралы ілімдердің қайта жандануы» атты еңбегінің үшінші томында «Достық пен бауырмашылдық әдебінің кітабы» деген арнайы бөлім бар. Мұнда ол «Достық пен бауырмашылдықтың артықшылығы және оның шарттары, мәртебелері мен пайдалары» тақырыбы аясында достық байланысының күллі қыр-сырын, шарттары мен талаптарын жеке-жеке талдайды. Ойшыл көптеген достық байланысының адам мен қоғам өміріндегі құндылық қасиеттерін баяндайды. Мысалы, адам досына күлімсіреп, тәтті сөзді болмақ лазым. Достары хаққында жаман сөздер айтпайды, досынан қандайда бір машақаттың болған-болмағаны жайында сұрап тұрады. Досы өзіне жақсылық жаса-са, оған алғысын білдіреді, оған өзі білетін жайттерді үйретеді, досының ашуын келтіретін нәрселерден алшақ жүреді, оның көңіліне қаяу түсірмеуге күш салады, онымен пікір алысып тұрады және оның көзқарасына құрметпен қарауы тиіс, – деп кеңес береді.

Басқа ғалымдар немқұрайдылық танытып, оларға қажетті деңгейде көңіл бөлмеген кейбір этикалық мәселелерге Ғазали арнайы тоқталып отырады. Сондай әдептілік мәселелердің

бірі – жолаушыға тән талаптар, яғни сапарға шыққан адамның ұстануы қажет ережелер жиынтығы. Бұл да Ғазалидің адам және қоғам іліміндегі ислами құндылықтардың санатына жатқызған әдептілік категориялардың бірі еді. Себебі мұсылман философиясындағы «кемел адам» тұжырымдамасы бойынша – адам тек логос, гностик емес, ол – барлығынан бұрын өмір жолаушысы. Алдында өмірлік қиындықтар мен сынаққа толы ұзақ сапарға шыққан жолаушы. Адам – өмірлік жолдың бойында Құдайдың тағдырына мойынсұнып, өз болмысының мақсатын түсінуге тырысқан пенде. Ибн Туфейілдің «әл-Қисса 'ан Хаййа» (Хаййя туралы қисса) әңгімесінде Хаййяның өмір сапарына шығып, жол бойындағы көптеген аялдамаларға тоқтап, өмірдің мән-мақсатын түсінгенін көреміз.

Сөйтіп Ғазали мистиктердің «өмір сапары» түсінігін қарапайым халықтың өмірде пайдаланулары үшін сапарға шыққан адамның ұстануы тиіс ережелерімен үйлестіреді. Жолға шыққан жолаушылар мына ережеге мұқият болғандары дұрыс: «Ұзақ сапарға шығатын адам әуелі қарыздарын өтейді, отбасына қажетті мөлшерде қаржы қалдырады, қолында аманаттары болса, оларды иелеріне табыс етеді. Жолда қажет болатын заттар мен қаржысын түгелдеп, өзімен сапарда серіктес болатын адамды таңдап алады, оның сапар достығына беріктігін байқайды. Жолға шықпас бұрын, отбасымен, ағайын-туыс, жолдас және көршілерімен көріседі. Аллаға мінажат етіп, жолға таңертеңгі уақытта

шығады. Сапарда дұрыс әңгіме айтылады, жол серікке құрмет қылады. Оны өзінен күдікпен қарайтын жағдайға келтірмейді. Сапарда жол серік екеуінен басқа адамдар болса, олармен көркем қатынас қылады. Сапардан қайтқанда, отбасына өзінің келетіні жайында хабар беруі тиіс. Үйдегілерге түрлі сыйлықтар алады», – дейді Ғазали [4, 323 б].

Мұсылман ойшылы «Әйюһа әл-уәләд» еңбегінде адам сапардағы үзеңгілестеріне құрметпен қарауы, жолда оларды артық күттірмеуі, сапар соңында серіктерімен қоштасқанда, біліп-білмей істеп қойған қателіктері үшін олардан кешірім сұрауы тиіс екенін айтады.

Ғазалидің адам мен қоғам өміріндегі келесі құндылық – шәкірт болудың негіздері. Сопылық ілімде кемелдену мәселесіне қатысты «му’аллим уа талиб» – «Ұстаз және шәкірт» теориясы қалыптасқан. Бұл тұжырымдаманың негізі Құраннан бастау алады: Мұхаммед пайғамбарға «Оқы!» деп бұйырылған аят сонау бастан «Ұстаз – Құдай, Шәкірт – адам» қатынасын ашық көрсеткен. Сопылар мұны иррационалды ойлау шеңберінде қатты дамытты. Алайда «орташа деңгейлік» бағытын ұстанған Ғазали білім әуелі шәкірт әдептілігі мен тәрбиесінен басталатынын дәлелдеді.

Ғазалише, шәкірт әуелі жақсы мінезді болуы қажет. Оның жүрегінде білімге деген сүйіспеншілік басым келеді. Шәкірт ілім үйренушілерге кішіпейіл, олармен пікірлес болмаған кезде араздаспайды. Тәлім алудың негізгі ережелерімен танысып, оларды

реттілікпен орындайды. Күллі білімді үйрену мүмкін емес, сондықтан өзіне жақын немесе келешекте пайдасы тиеді деген білімдерді бірінші орынға қою қажет.

Тәлім үйренуші, жүрегін түрлі жаман қасиеттерден тазартады. Білім үшін біраз қиындықтарға көніп, тіпті ол үшін қала немесе ел асып баруға әзір болады. Ұстазына қарсы сөйлемейді. Өзінің ойын ұстаздың пікіріне қарсы қойған шәкірт білім үйрене алмайды. «Сол сияқты шәкірт білімдегі пікірдің айырмашылығына көп көңіл бөлмегені жөн. Ұстаздың берген бағыты бойынша үйренеді. Кейін іргелі білімдерді үйреніп, аяғына нық тұрғаннан кейін, әлгі айырмашылықтарды зерттеуіне рұқсат. Алған білімді нәпсіге байлап, атақ-құмар болмау керек» [7, 128 б.].

Ғазали шәкірттің мойынындағы ұстаздың ақысын оның ата-анасының ақысынан да жоғары қояды. Себебі ата-ана баланың материалдық қажеттіліктерін өтеу үшін жәрдемші, ал ұстаз шәкіртіне дүние мен ақыреттегі бақыты үшін қажетті білімді үйретеді.

Шәкірт дүние тіршілігі үшін керек тәлімді, ахлақ құралдары мен қоғамның ерекшеліктерін ұстаздың жәрдемімен үйренеді. Шәкірт ұстазына құрметпен қарайды, оны көрген жерде қолынан сүйеді, жағдайын сұрайды. Қасына келіп, рұқсат сұрап отырады. Ұстазының қандайда бір ісі болса, жеке шаруасын тастап, әуелі ұстазына жәрдем беруі қажет. Ұстазы кедей болса, оған ізет қылып, шама-сына қарай құрмет көрсетеді.

Мұсылман ойшылы «Бидаяту әл-һидая» еңбегінде білім алғысы ке-

летін шәкірттің бойында болуы тиіс сипаттарды санап көрсетеді. Өзінің этикалық насихаттарында шәкірттің әдептілігі мен көркем мінезділігін жоғары бағалады. Оның білімге жету жолдарын іздеді: Шәкірт ұстаздың қасына рұқсат сұрап және сәлем беріп кіреді. Оның қасында аз сөйлейді. Ұстаз сұраса, жауап береді, оның сөзіне қарсы сөз қайтармайды. Қасындағы шәкірттермен әңгімеге алданбай, дәріске көңіл бөледі. Ұстаз аулаға шығу үшін орнынан тұрған сәтте, ол да орнынан тұрады. Ұстазына ренжіген шәкірттің алдында, ол жайында сөз айтылмайды, ұстазды жамандамайды. Шәкірт ұстаз хақында үнемі жақсы ойда жүруі керек.

Әл-Фараби де «Азаматтық саясат» трактатында надан адамдарды сөккенде «му’аллим уа толиб» – «ұстаз және шәкірт» теориясын ұстанған болатын. Адам бақытқа жетелейтін ұстазға мұқтаж. Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғарғы бақытқа жету болатын болса, ол адам бақыттың не екенін білуі қажет және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмтылуы тиіс. Сонан кейін ол бақытқа жету үшін не істеуі керек екенін біліп, соған әрекет жасауы керек. Әртүрлі индивидтердің түрліше қасиеттерінің айтылғанынан мынадай айқын қорытынды шығады: білуі тиіс болған нәрселер мен бақытты кез келген адам біле бермейді. Бұл – әрбір адамға берілетін қасиет емес. Ол үшін ақылгөй ұстаз керек деген ойын топшылайды [8, 205 б].

Мемлекет азаматтарына осындай ізгілік үйретуші адам – ұстаз. Ғазалише, ілім үйреніп, кейін басқа

адамдардың үйренуіне жәрдемші болу – ең үлкен шарапат. Осының барлығын ескерген Ғазали үшін ұстаз болу – қоғамдағы ислами құндылық категорияларының негізін қалау болып табылады. Себебі, үйретуші – шәкірт үшін бағыт-бағдар беруші. Ұстаз болу оңай шаруа емес, ол шәкіртке жол көрсетеді, өзінің бақылауында ұстайды.

Ұстаз шәкіртінің қасына сүйіспеншілікпен келеді, тіпті үйреткен білімі үшін одан сыйлық немесе алғыс күтпейді. Тақырыпты толық және анық түсіндіреді. Ұстаз өзінің білім қорын толықтырып, байытып тұрады және шәкіртке өзінің пәнінен басқа пәндерді оқуы үшін жеңілдік жасайды. Олардың сұрақтарына сабырлықпен жауап береді, айтқандарын зейін қойып тыңдайды. Білмейтін сұрағына қысылмастан «білмеймін» деп жауап беруі керек. Кім дұрыс сөз айтса, соны қаперіне алсын – деп кеңес береді ойшыл. Осылайша ол шәкірт болудың маңыздылығын ашып, рухани жетілу ұстаздық тәрбие арқылы да болатынын көрсетеді.

Қорытынды.

«Ислам құжаты» атанған Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазалидің есімі тек ислам өркениеті үшін ғана емес, күллі әлем өркениеті үшін де аса маңызды болып табылады. Оның еңбектері және ойлары философия, теология және этика салаларына терең әсер етіп, адамзаттың рухани даму жолында із қалдырды. Оның еңбектері және ойлары орта ғасырлардағы адамзат ойының дамуына айтарлықтай ықпал етті, тіпті

Еуропағада жетті. Оныңшығармалары философия, теология және этика салаларындағы пікірталастарға бағыт берді және бүгінгі күнге дейін зерттелуде. Араб, иран және ислам әлемін зерттеуші француз шығыстанушысы А. Массэ ол туралы былай деп жазды: «Ғазалидың әсері соншалықты терең болды, оны Фома Аквинскиймен салыстыруға болады. Мұның дәлелі – аристотелизмнің мүлдем беделдігінен айрылғандығы» [11, 165 б.].

Қорыта келгенде, Ғазали адам мен қоғам арасындағы жүйелік байланысты зерттей келіп, жалпыға тән этикалық құндылықтар философиясын ұсынады. Адамның қоғам алдындағы жауапкершілігі мен міндетін

атқарудағы этикалық ұстанымымызды суреттей келіп, терең сүйіспеншілік пен мейірімді сипаттайды. Сонымен қатар, мұсылман ойшылы адам мен қоғам қарым-қатынас дамуының көзін ғылым мен білімнен және озық мәдениет құндылықтарынан іздеді. Ойшылдың адамгершілік ілімінен аңғаратынымыз адам мен қоғам қарым-қатынас саясаты – мораль құндылықтарының бір бөлігі. Ол үшін қатынас – адам өміріндегі белгілі жағдайларға байланысты жүріп-тұру өнері. Адам осы өнерді игеріп, бойына сіңірудің арқасында қоғам мүшелеріне мейірімділік, сүйіспеншілік және түсінушілікпен қарайтыны анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали. Ихия'у 'улум әд-Дин. – Мысыр: Дар әл-Иман, 1996. – Т. 3. – 584 б.
2. D. Sunar. Islam Felsefesi Dersleri. – Ankara: Ankara nashryati, 1967. – 371 s.
3. Қазақ даласының ойшылдары (XVIII–XIX ғғ.) 4-кітап. – Алматы: Философия және саясаттану институтының компьютерлік-баспа орталығы, 2004. – 309 б.
4. Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали. Ихия'у 'улум әд-Дин. – Мысыр: Дар әл-Иман, 1996. – Т. 2. – 530 б.
5. Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали. Бидаяту әл-Һидая. – Қаһира: Әл-Иман, 2002. – 278 б.
6. Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали. Кимия әс-Сағада. – Байрут-Лубнан: Дар әл-Мактаб, 1994. – 346 б.
7. Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали. Ихия'у 'улум әд-Дин. – Мысыр: Дар әл-Иман, 1996. – Т.1. – 525 б.
8. Бурабаев М.С. Фараби Аристотельден кейінгі екінші ұстаз. – Алматы: Мария, 2006. – 280 б.
9. Viva Fadma Onilivia. Imam Al-Ghazali's educational thought and its relevance to contemporary Islamic education literature review on scopus indexed articles. Tawazun: Jurnal Pendidikan Islam Vol. 18, No. 1, (2025):207–220, DOI: 10.32832/tawazun.v18i1.16586
10. Байтенова Н.Ж., Альмухаметов А.Р. Антропозитическая концепция аль-Газали. ҚазҰУ хабаршысы, Дінтану сериясы..№1 (9). 2017.
11. Массэ А. Ислам. Очерк истории. – М.: «Наука», 1982. – стр. 229

REFERENCES

1. Abu Hamid Muhammed ibn Muhammed al-Gazali. Ihia'u 'ulum ad-Din. – Mysyr: Dar al-İman, 1996. – T. 3. – 584 b.
2. D. Sunar. Islam Felsefesi Darsleri. – Ankara: Ankara nashryati, 1967. – 371 s.
3. Qazaq dalasynyn oishyldary (XVIII–XIX gg.) (Thinkers of the Kazakh Steppe). 4-kitap. – Almaty: Filosofia jane saiasattanu institutynyn kompiuterlik-baspa ortalygy, 2004. – 309 b.
4. Abu Hamid Muhammed ibn Muhammed al-Gazali. Ihia'u ulum ad-Din. – Mysyr: Dar al-İman, 1996. – T. 2. – 530 b.
5. Abu Hamid Muhammed ibn Muhammed al-Gazali. Bidaiiatu al-Hidaia. – Qahira: Al-İman, 2002. – 278 b.
6. Abu Hamid Muhammed ibn Muhammed al-Gazali. Kimia as-Sagada. – Bairut-Lubnan: Dar al-Maktab, 1994. – 346 b.
7. Abu Hamid Muhammed ibn Muhammed al-Gazali. Ihia'u 'ulum ad-Din. – Mysyr: Dar al-İman, 1996. – T.1.– 525 b.
8. Burabaeв M.S. Farabi Aristotelden keingı ekinshı ustaz (Al-Farabi is the Second Teacher after Aristotle). – Almaty: Mariia, 2006. – 280 b.
9. Viva Fadma Onilivia. Imam Al-Ghazali's educational thought and its relevance to contemporary Islamic education literature review on scopus indexed articles. Tawazun: Jurnal Pendidikan Islam Vol. 18, No. 1, (2025):207–220, DOI: 10.32832/tawazun.v18i1.16586
10. Baitenova N.Zh., Almukhametov A.R. Antropojeticheskaja koncepcija al'-Gazali. KazYU habarshysy, Dintanu serijasy..№1 (9). 2017.
11. Massje A. Islam. Ocherk istorii. – M.: «Nauka», 1982. – str. 229

Авторлар туралы мәлімет:

Сандыбаев Жалғас Садуахасұлы – филос.ғ.к., қауымдастырылған профессор. Мақсұт Нәрікбаев университеті, Қазақ және ислам құқығы орталығының бас сарапшысы (Астана, Қазақстан, e-mail: Abu_tasnim@mail.ru, ORCID ID:0000-0002-3878-3122).

معلومات عن المؤلفين:

سانديباييف جالغاس سادواخاسولي – دكتوراه في الفلسفة، أستاذ مشارك. خبير رئيسي في مركز القانون الكازاخي والإسلامي بجامعة ماكسوت ناريكبایف (أستانا، كازاخستان، e-mail: Abu_tasnim@mail.ru). ORCID ID:0000-0002-3878-3122

Information about authors:

Sandybaev, Zhalgas Saduakhasuly – Candidate of Philosophy, Associate Professor. Chief Expert at the Center for Kazakh and Islamic Law, Maksut Narikbayev University (Astana, Kazakhstan, e-mail: Abu_tasnim@mail.ru, ORCID ID:0000-0002-3878-3122).

Информация об авторах:

Сандыбаев, Жалғас Садуахасұлы – кандидат философских наук, ассоциированный профессор. Ведущий эксперт Центра казахского и исламского права Университета Максута Нарикбаева (Астана, Казахстан, e-mail: Abu_tasnim@mail.ru, ORCID ID:0000-0002-3878-3122).

Э. Мирджалалова¹, Г. Шарипова¹

Халықаралық ислам академиясы, Ташкент, Өзбекстан

e-mail: ezoza1993@mail.ru

ИСЛАМТАНУ ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ АРАБ-МҰСЫЛМАН МӘДЕНИЕТІ

Аңдатпа. Араб-мұсылман әлемі – бұл Араб мемлекеттерінің Лигасы арқылы байланысқан, терең тарихи-мәдени болмыстарға негізделген өркениеттік тұтастық (объединение). Ол исламдық дәстүрлерді, исламға дейінгі мұраны, сондай-ақ әдеби, ғылыми және көркем жетістіктерді өзара үйлестіреді. Бұл мәдениеттің ерекшелігі – діннің синтезделуінде. «Араб-мұсылман мәдениеті» термині өзінің генезисін (шығу тегін) зерттеу, оның ішінде араб тілінің және ислам догматикасының ықпалын қамту арқылы историографиялық тұрғыдан негізделген. Шетелдік исламтану оның көпқырлылығын атап көрсетеді, оны тек діни контекспен шектемейді. Терминді қолдану жөніндегі ұсыныстар жергілікті дәстүрлер мен жалпыадамзаттық ислами құндылықтардың өзара әрекеттесуіне басымдық беруді болжайды. Бұл феноменді жан-жақты зерттеу стереотиптерді еңсеру және этноконфессиялық қақтығыстарды шешу үшін аса қажет. Мақалада мәдениетті анықтау тәсілдерін қорытындылай келе, оны өткен мен қазіргіні біріктіретін динамикалық жүйе ретінде қарастыруды ұсынамыз.

Түйін сөздер: Араб шығысы, мұсылман мәдениеті, Араб мемлекеттері лигасы, ислам мәдениеті, араб-мұсылман мәдениеті, шетелдік исламтанушылар.

إ. میرجلالوفا¹، غ. شاریوفا¹

¹الأكاديمية الإسلامية الدولية، طشقند، أوزبكستان

e-mail: ezoza1993@mail.ru

الثقافة العربية الإسلامية في التاريخ الإسلامي

الملخص: يُعدّ العالم العربي الإسلامي كيانًا حضاريًا موحدًا قائمًا على أسس تاريخية وثقافية عميقة، ومرتبطًا من خلال رابطة دول الجامعة العربية. فهو ينسق بين التقاليد الإسلامية، والميراث السابق للإسلام، إضافة إلى الإنجازات الأدبية والعلمية والفنية. وتكمن خصوصية هذه الثقافة في تداخل الدين مع عناصر أخرى. مصطلح «الثقافة العربية الإسلامية» مؤسس من الناحية التاريخية من خلال دراسة نشأته، بما في ذلك تأثير اللغة العربية والعقيدة الإسلامية. تشير الدراسات الاستشراقية إلى تعددية هذا المفهوم، ولا تقتصر على السياق الديني فقط. وتشير التوصيات المتعلقة باستخدام المصطلح إلى ضرورة إعطاء الأولوية للتفاعل بين التقاليد المحلية والقيم الإسلامية العالمية. إن الدراسة الشاملة لهذه الظاهرة ضرورية لتجاوز الصور النمطية وحل النزاعات العرقية والدينية. وفي ختام المقال، نقترح اعتبار الثقافة نظامًا ديناميكيًا يربط بين الماضي والحاضر.

الكلمات المفتاحية: الشرق العربي، الثقافة الإسلامية، جامعة الدول العربية، الثقافة الإسلامية، الثقافة العربية الإسلامية، المستشرقون الأجانب.

E. Mirdzhalalova¹, G. Sharipova¹

International Islamic Academy, Tashkent, Uzbekistan

e-mail: ezoza1993@mail.ru

ARAB-MUSLIM CULTURE IN THE DISCOURSE OF ISLAMIC STUDIES HISTORIOGRAPHY

Abstract

The Arab-Muslim world is a civilizational entity united through the League of Arab States, rooted in profound historical and cultural realities. It combines Islamic traditions, pre-Islamic heritage, as well as literary, scientific, and artistic achievements. The uniqueness of this culture lies in the synthesis of religion. The term «Arab-Muslim culture» is historiographically justified through the study of its genesis, including the influence of the Arabic language and Islamic dogmatics. Foreign Islamic studies emphasize its multidimensionality, avoiding reduction to a purely religious context. Recommendations for the use of the term suggest focusing on the interaction between local traditions and universal Islamic values. A detailed study of this phenomenon is essential for overcoming stereotypes and resolving ethno-confessional conflicts, which is particularly important in the context of global interest in the region. The work summarizes approaches to defining culture, proposing its consideration as a dynamic system that unites the past and the present.

Keywords: Arab East, Muslim culture, League of Arab States, Islamic culture, Arab-Muslim culture, foreign Islamic scholars.

Э. Мирджалалова¹, Г. Шарипова¹

Международная исламская академия, Ташкент, Узбекистан

e-mail: ezoza1993@mail.ru

АРАБО-МУСУЛЬМАНСКАЯ КУЛЬТУРА В ОБИХОДЕ ИСЛАМОВЕДЧЕСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ

Аннотация.

Арабо-мусульманский мир – это цивилизационное объединение, связанное через Лигу арабских государств, с глубокими историческими культурными реалиями. Она сочетает исламские традиции, доисламское наследие, литературные, научные и художественные достижения. Уникальность культуры – в синтезе религии. Термин «арабо-мусульманская культура» историографически обоснован через изучение её генезиса, включая влияние арабского языка и исламской догматики. Зарубежное исламоведение подчёркивает её многомерность, избегая редукции к чисто религиозному контексту. Рекомендации по применению термина предполагают акцент на взаимодействии локальных традиций и универсальных исламских ценностей. Детальное изучение этого феномена необходимо для преодоления стереотипов и решения этноконфессиональных конфликтов, что особенно важно в условиях глобального интереса к региону. Работа обобщает подходы к определению культуры, предлагая её рассмотрение как динамичной системы, объединяющей прошлое и современность.

Ключевые слова: арабский восток, мусульманская культура, Лига арабских государств, исламская культура, арабо-мусульманская культура, зарубежные исламоведы.

Введение. Современные исследователи, специализирующиеся на истории и исламоведении, сталкиваются с вопросами интерпретации арабо-мусульманской культуры. Интерес к данному термину начал проявляться лишь в недавнюю эпоху, когда такие учёные, как И.М. Фильштинский, Б.Я. Шидфар, В.В. Бартольд, И.Ю. Крачковский, А.В. Смирнов, а также западные исследователи, включая Гивса Р., Кеннета В.М., Анвара Г.Ч. и Ислама И., начали активно использовать этот термин в своих исламоведческих трудах. Однако, ввиду новизны понятия, его редко можно встретить в энциклопедиях, словарях и других источниках, где обычно представлены только такие термины, как «исламская культура» или «мусульманская культура».

Для более глубокого понимания исторических аспектов ислама и четкого определения границ арабского мира возникает необходимость осмысления целесообразности применения термина «арабо-мусульманская культура», что позволяет выделить специфику арабского мира и его составляющих.

Для ответа на этот вопрос требуется использование методологических подходов, позволяющих сделать обоснованные выводы. В данном случае подходы, включающие системный анализ, хронологический метод и логическое осмысление последовательности событий, помогут выявить сущность и этимологию понятия. Эти методы направлены на объективное

рассмотрение вопроса. Таким образом, объектом исследования становится арабо-мусульманская культура, а предметом – поиск её объективного понимания в трудах различных интеллектуалов. Страны Лиги, созданной 22 марта 1945 года на основании Александрийского протокола и её большой культурный мир может назнать представлять арабо-мусульманскую культуру во всех её красках. На данный момент количество стран, которые входят в состав, Лиги насчитываются 22 членов-представителей. Есть также полемические воззрения, утверждающие, что эта синкретическая культура берет свое начало с основания Аббасидского халифата, который был основан в 750 году н.э. и перестал существовать во второй половине XIII века.

Как исследователь данного направления, автор арабо-мусульманскую культуру рассматривает как любую другую культуру, в котором есть последующие компоненты:

- арабская культура доисламского и после исламской периодичности;

- смешанную, но синкретическую культуру, которая, в конечном итоге сформировалась как арабо-мусульманская;

- исламская культура в целом, либо мусульманская и идентичность.

То есть, для полного понимания арабо-мусульманской культуры нам необходимо ставить чёткие рамки по определению естественных культурных меньшинств и понятий, которые

в общем смысле этого слова идентифицируют арабо-мусульманскую культуру как таковой, при этом не ограничиваясь временными и локационными данными.

Для более понятного представления к третьему пункту следует вывести умозаключение профессора университета в Экс-ан-Провансе, Мантрана Роберта, «Мы должны видеть в этом ограничивающее значение, стремясь невольно различать арабов и мусульман, хотя на самом деле существует только одна литература с арабским выражением, даже если это иногда была работа неарабов или не арабов. – Мусульмане [13:11-19]. Здесь, как правило, знаменитый французский историк XX века Роберт Мантрانا подразумевал и ссыался, в первую очередь, на священную книгу Коран как единое, что объединяет как арабов-бедуинов, мусульман так и не мусульман под единым куполом ислама. Далее уже на иные источники исламоведческого и востоковедческого характера.

Английский и американский востоковед Бернард Льюис предложил использовать прилагательное «исламский» в культурном значении, а слову «мусульманский» придать религиозный смысл. Но подобное распределение соблюдается далеко не всегда. Действительно, существуют определенные преимущества, если определять термин «исламский» как «относящийся» к исламу, исторической кумулятивной традиции, а термин «мусульманский» рассматривать как «относящийся» к мусульманам, последователям определенной религии. В некоторых случаях это разделение

может оказаться полезным и облегчить понимание материала. Тем не менее, исламовед не рассмотрел варианты использования, либо научного применения термина арабо-мусульманская культура. Другой же автор считает: «Что касается мусульманской культуры, то ее мы тоже можем отнести к эпифеномену, поскольку мусульманская культура зародилась и развивалась как результат кросс-культурного взаимодействия различных цивилизаций, стержневой основой которого явился ислам. В данном случае мы рассматриваем ислам как религию, образ жизни, систему ценностей и социально–политические институты. За последние годы были изданы сотни работ по проблемам мусульманской философии, в которых представление о сущности классической философской традиции не всегда достаточно очевидно, а порой неопределенно и разноречиво [6:80-81]. Здесь также утверждается неопределённость в разъяснении понятия, но точно начертана граница о том, что мусульманская культура не феномен, а является эпифеноменом культуры. Итак, какая же культура здесь играет роль фундаментального локомотива ...

Арабо-мусульманская культура – это комплекс духовных и материальных достижений народов исламского мира, включающий науки, искусства, ремесла, материальные артефакты и т.п. Под арабо-мусульманской культурой понимают также способ организации духовно-материального производства, включающий представления о социальном и политическом устройстве, человеке и его месте в

мире, систему ценностей и другие факторы, определяющие поведение носителя культуры. Наконец, под арабо-мусульманской культурой можно понимать способ осмысления мира, находящий свое выражение в картине мира и определенной эпистеме [10;9]. Упомянутое определение принадлежит российскому учёному Смирнову А.В. Академик РАН Смирнов А.В. рассматривает арабо-мусульманскую культуру исключительно как исламскую, несмотря на то, что данная культура включает в себя достижения и доисламского периода. С научной точки зрения арабская культура существовала задолго до появления ислама, развиваясь на протяжении веков. Во внешние проявления арабской культуры в первую очередь включают классический арабский язык, изобразительное искусство, арабскую музыку, арабский фольклор и поэзию и другое, что делает мультикультурное общество одним единством. Следовательно, корректировка определения от имени автора является необходимой.

Арабо-мусульманская культура – это национально-духовное достояние арабов и других народностей доисламского и пост исламского периода, представляющее собой все, что создано людьми, не исключая при этом арабов что и отличает её от других цивилизаций. Данная культура включает в себя ценности, нормы, обычаи, верования, обряды, знания, умения, технику, технологии, искусство, литературу, историю и многое другое арабо-мусульманского сообщества.

Эта культура наравне с другими цивилизациями постоянно развивает-

ся и изменяется под влиянием разных факторов, таких как история, география, экономика, политика, наука, технология, образование, коммуникация и т.д. Арабо-мусульманская культура также взаимодействует с другими культурами, обмениваясь опытом, знаниями, влияниями, заимствованиями и т.д.

Дальнейшее развитие арабо-мусульманской культуры тесно связано с процессом становления ислама в качестве религии, однако не ограничивается им как по хронологии, так и по существу. Арабо-мусульманская культура невозможна без учета доисламского арабского наследия, включающего в себя элементы неисламского происхождения. В настоящее время характеризуется сужением роли религии и вторжением западных цивилизационных образцов. Термин «арабо-мусульманская» следует понимать как указание на важную системообразующую роль арабского языка и арабской культуры, включая доисламский период, а также на значение народов исламского мира и их культурного наследия. Здесь отсутствует попытка сепарации арабов как особый этнос, здесь идёт речь об интеграции и самореализации межэтнических реалий.

Итак, по исследованиям самого первого автора Смирнова А.В., рассмотревшего арабо-мусульманскую культуру под одной обложкой, в котором раскрыты произведения, представляющие всю традицию арабо-мусульманской философии от ее зарождения до настоящего времени можно констатировать, что в развитии арабо-мусульманской культу-

ры обычно выделяют четыре этапа: 1) доисламский, который для арабов был периодом джахилии (полтора–два века до возникновения ислама), 2) классический (VII–XIII вв.), который часто называют также исламским; 3) период застоя (XIV–XIX вв.), или период «закрытия дверей иджитхада», традиционалистский этап; 4) современный (после 2-й пол. XIX в.), который был открыт движениями «реформаторства» (ислāх) и «возрождения» (нахда) [10, 9-10 с.].

Примечателен тот факт, что развитие арабо-мусульманской культуры связано с развитием религии ислам, но она не ограничивается им ни, по существу, ни хронологически. Данная культура немыслима без арабского доисламского наследия (период джахилии [1, 30 с.]), также она включает в себя элементы иных религий, а на современном этапе характеризуется сужением роли религии и вторжением западных цивилизационных образцов. Название «арабо-мусульманская культура» следует понимать как указание, с одной стороны, на системообразующую роль арабского языка и культуры, в том числе доисламской, и с другой, на роль народов обширного исламского мира и их культурного наследия. Территориальной, религиозной и политической основой арабо-мусульманской культуры стала Аравия, которая оказалась дельтой в плане экспансии арабо-мусульманского наследия, посредством распространения которого культура достигла своего апогея в IX–XII веках. Можно сказать, что арабо-мусульманская культура, как следует из самого сло-

восочетания, несет на себе печать ислама и арабизма с его духом свободы и терпимости, который сохранялся в эпоху арабской гегемонии в арабо-мусульманском обществе и его государстве – халифате. Однако в нынешний период, несмотря на сокращение территориальных единств в отличие от средних веков, арабо-мусульманская культура смогла сохранить идейно-эстетические палитры за пределами Лиги арабских государств. А первоначальное использование понятия как такового встречается в более поздних источниках. Так как для целостного представления синкретической арабо-мусульманской культуры понадобилось аж более тысячи лет, чтобы дать полноценное определение по существу и вывести эти хронологические и культурологические рамки для научной общности.

Анализ источников. Итак, первые термин арабо-мусульманская культура был использован историками в источниках нового времени В.В. Бартольд в следующем произведении: «Восток в мусульманскую эпоху продолжил культурную работу, прерванную в греко-римском мире, и в течение нескольких веков занимал в культурном отношении первое место. Эта культура и представляет собой так называемую арабо-мусульманскую культуру, началом которого является появление и распространение религии мусульман» [2:3]. Примечателен тот факт, что в исламских энциклопедических словарях и пособиях невозможно найти аналогичное точное определение к данному понятию, но схожее понятие, либо приближённые

разъяснения к термину не исключены [1, 3 с.; 4, 260 с.; 7, 58 с.; 8, 238 с.; 11, 90-93 с.; 12, 688 с.; 14, 370 с.; 15].

Ханафи мәзһабының ирактық үгісін қалыптастырған Әбу Бәкір Рази әл-Жассастың «*әл-Фусул фил-усул*» атты еңбегін Орта Азияға әкелген еңбектердің бірі имам әд-Дабусидың «*Тақуим ул-Әдилла* – تقويم الأدلة» атты еңбегі. Бұл еңбек ханафи мәзһабының усулul фикһтағы негізгі еңбектердің бірі саналып, одан қатты әсерленген ізбасарының бірі имам әс-Сарахси (483/1090 қ.), екіншісі имам Бәздауи (482/1089 қ.) болды. Бұл екі имам да, әсіресе, имам Бәздауидың «*Усулы*» усулul фикһ еңбектерінің арасында негізге алынып, өздерінен кейінгі ғалымдарға ықпал еткен. Сонымен қатар, ханафи мәзһабының ішінде тағы бір усулдық (үкім шығару жолының) әдіснамасын негіздеуде ықпал еткен Самарқандтық имам Матуриди деп те айтылады. Оны екінші Әбул-Юсир әл-Бәздауидің (493/1099 қ.) «*Мағрифатул-Хужжажиш-Шарига*» атты еңбегінен байқаймыз, яғни, Алаиддин әс-Самарқандидың (539/1144 қ.) «*Мизажул-усул фи натаий-жил-ғұқул*» атты маңызды еңбегінің қысқартылған түрі әл-Ламишидың «*әл-Китаб фи Усулul-фикһ*» еңбегі. Сондай-ақ, Әбул-Юсир әл-Бәздауи мен әл-Ламиши усулдық осы екінші түрді дамытты десек болады [3, 417 б.].

Демек, имам әд-Дабусидің «*Хилаф*» (мәзһабтар арасындағы салы-

стырмалы құқық) ілімінің, яғни, ханафи мазһабының ішіндегі ирақтық мектеп пен Мауараннаһр мектебінің арасындағы усулдық ілімдегі келіспеушілік фикһи мәселелерге үкім беруде әртүрлі көзқарастың шығуына әсер еткені анық.

3. Имам әл-Бәздауи: Әбул Хасан Али ибн Мұхаммед ибн Хусейн ибн Абдулкарим, Фахрул-ислам Әбул-Усыр әл-Бәздауи (400/1010-482/1089 қ.). Нәсаф қаласына отыз шақырымдық Бәзда елді-мекенінде дүниеге келген. Еңбектерін түсіну қиынға соққандықтан «Әбул Усыр – أبو العسر» деген лақап ат берілген. Ал кіші бауыры Мұхаммед әл-Бәздауи болса керісінше «Әбул Усыр – أبو اليسر» деген атпен танылған. Ханафи ғалымдарына тән табақат санатында Сарахсимен бірге «*мәсаили мужтаһид (мәселелерге үкім бере алатын мужтаһид)*» тобында көрсетілген. Оның «*Усул ул-Бәздауи – أصول البزدوى*», «*Кәнз ул-усул илә мағрифатил-усул – كنز الوصول إلى معرفة الأصول*» сынды еңбегі – кейінгі усул (әдіснама) бойынша ең ықпалды кітаптардың бірі [1, 55 б.].

Имам әл-Бәздауидың «*Кәнзул-усул илә мағрифатил-усул*» атты еңбегінің жазылу тәртібіне қарайтын болсақ, әуелі Құран аяттары мен хадистердің мәтініндегі бір сөздің қандай мағынада қолданылғанын анықтау үшін мынадай төрт түрге бөліп қарастырған:

1) Қандай мағынада айтылғанына қарай, оны «хасс», «ғәм», «муштәрәк» және «мұәууәл» деген терминдерге (қағидаларға) бөледі.

2) Қолданылған мағынаға дәлелдік тұрғыдан ашықтығына қарай, оны

«захир», «насс», «муфәссар» және «мухкам» деп бөледі. Ал ол сөздің жасырындығына қарай, «хафи», «мүшкәл», «мужмәл» және «муташиб» деп бөледі.

3) Тура немесе ауыспалы мағынада қолданылғандығына қарай, оны «ақиқат», «мәжәз», «сарих» және «киная» деп бөледі.

4) Сөздің мағынаға дәлелдігін түсіну тұрғысынан, «ибарә», «ишара», «диләлә» және «иктида» деп бөледі [4].

Имам әл-Бәздауидің «*Кәнзул-усул илә мағрифатил-усул*» атты еңбегіне он неше шарх және тағлиқ, тахқиқтар жазылған. Әрі имам әл-Бәздауиден кейінгі ханафи мазһабының усулдық фикһ ғылымында қалам тартқан Низамуддин Исхақ әш-Шашидың (344 һ.қ.) «Усулуш-Шаши», Сағдуддин Масғұд ибн Омар әт-Тафтазанидың (792 һ.қ.) «Шархут-талуих ғәләт-таудих ли мәтнил-танқих фи усулул-фикһ», Зайнуддин Абдурахман ибн Әби Бәкір ибн әл-Ғайнидың (893 һ.қ.) «Шарху мәтнил-манар фи усулул-фикһ» және Молла Али Қаридың (1014 һ.қ.) «Шарху мұхтасарил-манар» сынды еңбектері де имам әл-Бәздауидың тәсілімен әуелі Құран аяттары мен хадистердің мәтініндегі бір сөздің қандай мағынада қолданылғанын анықтау арқылы еңбектерін жазғанын көреміз немесе мұны ханафи ғалымдарына тән тәсіл десек те болады.

4. Әс-Сарахси: Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Әби Саһл Ахмед Шәмсул-әимма әс-Сарахси (400/1009-483/1090 қ.). Ол ұстазы әл-Халуаниді ұзақ уақыт ұстаз тұтып, құрметіне

бөленгенгендіктен, оған «Шамсул-аимма» лақап аты берілген. Машхад пен Мәру арасындағы Сарахс елді-мекенінде дүниеге келген. Қарахан мемлекетінің соңғы кезеңдерінде және Селжұқ мемлекетінің алғашқы кезеңдерінде өмір сүрген. Оның 30 томдық «әл-Мабсут – الميسوط» еңбегі (түрмеде жазғаны айтылады), «Усулус-Сарахси – أصول السرخسي» және «Шархус-Сиярил-кәбир – شرح السير الكبير» сынды Мәзһабтың негізгі дереккөзі саналатын еңбектері бар. Ханафи ғалымдарына тән табақат санатында әл-Бәздауимен бірге «мәсаили мужтаһид (мәселелерге үкім бере алатын мужтаһид)» тобында көрсетілген.

Имам әс-Сарахсидың «усулул фикһ (үкім шығарудың әдіснамасы)» іліміне қатысты имам әл-Жассастың усулдық әдіснамасын қатеге шығарып, сынаған жерлері кездеседі. Мысалы, «мұтлақ әмір» яғни, тәуелсіз бұйрық райы бірден орындауды білдіре ме әлде кешіктіріп орындауды білдіре ме? деген сұрақ төңірегінде имам әл-Жассас кешіктіріп орындауды білдіретіндігін алға тартса, ал имам әс-Сарахси мұндай пікір мәзһаб имамдарынан риуаят етілмеді, имам әл-Жассастың жеке пікірі деп қабылдамайды және де имам әс-Сарахси «ғәм (жалпылықты білдіретін сөз)» мен «мүштарак (бірнеше мағынаны білдіретін)» сөзді бір-бірімен ешқашан араластыруға болмайды деп қарайды, ал имам әл-Жассас «ғәм» сөзінің «есімдері немесе мағыналарын бір уақытта бірге қарастыруға болады» деп «мүштарак» сөзімен үқсас қарастырады. Алайда мәзһаб

бойынша, «ғәм» сөзінің мағынасы бір уақытта өзгеріп, әртүрлі мағына бермейді, ал «мүштарак» сөзі бір уақытта қолданылған орнына қарай (контекст негізінде) өзгеріп, әртүрлі мағына береді. Немесе «мүштарак» сөздің қолданылған орнына қарай әртүрлі мағына беретіндігін, жалпылықты білдірмейтіндігін имам әл-Жассастың өзі де айтады деп сынайды [5, 644 б.]. Бұдан өзге де ахад хабар және т.б. мәселелерде мәзһаб ішіндегі екі мектеп арасында келіспеушіліктер бар екендігін де айта кеткен жөн.

Имам әл-Бәздауи (400/1010-482/1089 қ.) мен әс-Сарахсидың (400/1009-483/1090 қ.) ұстазы бір кісі, яғни, әл-Халуани. Ал әл-Халуани болса, әд-Дабуси (430/1039 қ.) ілімінен сусындаған. Осы тұрғыдан Ханафи мәзһабының Мауараннаһрда «усулул фикһ» ілімінің Ирақ мектебінің усулдық әдіснамасынан өзгеше дамуына ықпал еткен бұл үш ғалымның білімдерінде өзара сабақтастық барын көреміз.

5. Алауддин әс-Самарқанди:

Алаиддин Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Ахмед әс-Самарқанди (539/1146 қ.). Белгілі ханафи ғалымы. Әбул Юсыр әл-Бәздауи мен Әбул Мүгин Маймун ән-Нәсәфиден фикһ оқыды. Танымал шәкірттерінің арасында қызы Фатима мен күйеу баласы Касани бар. Оның «Тухфат ул фуқһа – تحفة الفقهاء» және «Мизанул усул фи нәтәиж әл-ғұқул – ميزان الأصول في نتائج العقول» атты танымал еңбектері бар [1, 67-68 бб.].

Алауддин әс-Самарқандидың: «Усул фикһ (фикһ негіздері) және үкімдер ілімі усул кәлам (ақида негізі)

ілімінің бір бұтағы. Бұтақ тамырдан өсіп жетіледі, тамырдан нәр алмаса, оның бұтағы емес. Олай болса, усул фикһ жазған адамның еңбегі сеніміне сай болуы керек. Усул фикһ бойынша жазылған еңбектердің көбі сенімде мұғтазила түсінігіне, фикһта әһлу-хадиске (мадрасатул-хадис тәсіліне) тән. Олардың еңбектерін басшылыққа алу бізді сенімде қателікке түсуге немесе фикһта қателесуге ұрындырады. Әр екеуінен сақтану ақылы және шарғи тұрғыдан уәжіп» деп, ирақтық усул фикһ ілімінің Мұғтазилілік сенімдік түсінікке жақын екендігін, ал мауараннаһрлық әд-Дабуси (430/1039 қ.), әл-Бәздауи (482/1089 қ.) және әс-Сарахси (483/1090 қ.) сынды ғалымдардың усул фикһ еңбектері ханафи-матуридилік сенімге сай және мұғтазила және басқа да ешқандай мектептерге қатысты етілмегендігін алға тартады [6, 1022-1023 бб.]. Имам әс-Самарқанди, ихтилаф бар мәселелерге пікір білдіру барысында «Машайх Ирақ» және «Машайх Самарқанд», «Машайх Мауараннаһр» деген сынды терминдерді қолданады.

6. Бұрхануддин әл-Марғинани: Әбу Хасан Али ибн Әби Бәкір ибн Абдужалил әл-Ферғани әл-Марғинани (593/1197 қ.), лақап аты: Шейхул-Ислам Бұрхануддин, 1197 жылы қайтыс болып, Самарқандта жерленген. Оның танымал еңбегі «*әл-Һидая шарху Бидаят ул-мұбтади* – الهداية شرح بداية المبتدئ». Ол еңбек имам Мұхаммадтың «әл-Жамиғ әс-Сағир» атты еңбегі негізінде жазылған қысқа мәтіндік имам Құдуридін «әл-Мұхтасар» атты еңбегіне жазылған шархы саналады.

Сондай-ақ «*әл-Һидая шарху Бидаятул-мұбтади*» еңбегінің құндылығы, оған көптеген түсіндірмелер (шарх, хашия, ихтисар, тағлиқ, зайл және зауайид) жазылып, күнімізге дейін діни оқу орындарында оқытылатын басты еңбектің бірі ретінде қабыл етілуі және өзінен кейінгі ғалымдардың ханафи фикһы негізінде дамуына әсер етуі. Осы тұрғыдан ислам мәдениетінің екінші классикалық еңбектері жазыла бастаған дәуірдегі ханафи фикһы саласында көшбастаған классигі ретінде танылған.

Бұл «*әл-Һидая шарху Бидаят ул-мұбтади*» еңбегіне отыз төрт шарх еңбек жазылған (және де өзге авторлардың шарх жазғаны айтылады), соның ішінде әс-Сығнақидың «*ән-Нихая фи шарх әл-Һидая*» және Қауам ад-Дин әл-Итқанидың (758/1357 қ.) «*Ғаятул-баян уа Надиратул-ақран*» атты еңбектері де бар. Сонымен қатар, он төрт хашия, он төрт тағлиқ, он бір зайл, үш ихтисар және он зауайид және т.б. аударма еңбектер жарық көрген. Ал «*әл-Һидая*» еңбегінде келетін хадистердің тахрижына (хадистің дәлелдік орнын анықтайтын) қатысты төрт еңбек жазылған. Соңғы ғасырларда магистрлік және докторлық жиырма алтыдан астам ғылыми зерттеулер және көптеген ғылыми мақалалар да жазылған [7, 298-318 бб.]. Бұдан кейін де бұл құнды еңбектің адамзатқа берері әлі көп.

7. Имам әс-Сығнақи: Хүсейн ибн Әли ибн Хажжаж әс-Сығнақи (714-1314 қ.). Хүсейн – өз аты, лақап аты – Хусамуддин әс-Сығнақи. Ол Сыр бойындағы Сығанақ қаласында

дүниеге келген, діни білімін туған қаласында бастап, ары қарай ұзақ сапарларға аттанып білімін жетілдірген. Хусамуддин әс-Сығнақи туралы зерттеу жүргізген ғалым Шамшәдин Керім, әс-Сығнақидың сегіз ұстазының, ғалым бес достары мен үш тұтастарының және танымал сегіз шәкіртінің аты-жөнін және дін жолында жазған еңбектерін баян ете келіп, әс-Сығнақидың білім жолындағы силсиласының тізбектері Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға жалғасатынын, оның жиырмасыншы кезекте тұрғанын және одан кейінгі тізбектегі отызыншы адамға дейінгі тізбегін келтіреді. Сонымен қатар әс-Сығнақидың «*ән-Ниһая фи шарх әл-Һидая* – «النّهاية في شرح الهداية», «*әл-Уафи фи усул әл-Фикһ* – «كتاب الوافي في أصول الفقه» және «*әт-Тәсдид фи шарх әт-Тәмһид ли қауғид әт-таухид* – «التسديد في شرح التمهيد لقواعد التوحيد» сынды 2-уі – фикһ, 2-уі – усул әл-фикһ, 1-уі – қирағат, 1-уі – ақида, 3-уі – араб тілі, 1-уі – сопылыққа қатысты жалпы он еңбегінің әрбірінің ішкі мазмұнына кеңінен тоқталып, еңбектің құнды қырларын ашып көрсетеді [8].

8. Имам әл-Итқани: Қауам әд-Дин Ғамир Катиб ибн Әмир Омар ибн Әмир Ғази әл-Итқани әл-Фараби (685/1286 - 758/1357 қ.). әл-Итқанидың өмірі туралы зерттеу жүргізген ғалым Шамшәдин Керім, оның он бес ұстазы және жеті ғалым шәкірттері туралы мәлімет береді және «*Ғаятул-баян уа надиратуз-заман фи ахирил-әуан* – «غاية البيان ونادرة الزمان في آخر الأوان» және «*әт-Табиин* – «التبيين» қатарлы он төрт еңбектің тарихи қанша қолжазба нұсқасы барын, қай

елдің кітапханаларында сақталғанын дерек номерлерімен келтіре отырып, әрбір еңбектің ішкі мазмұны мен құрылымына, жазылу ерекшеліктеріне кеңінен талдау жасайды. Сондай-ақ, зерттеу жұмысында Ибн Камал-Пашаның (940/1534 қ.): «ар-Рисала фи табақат әл-мүжтаһидин» атты еңбегінде, 50-ден аса ханафи ғұламаларына «мүжтаһид» атағын беріп, олардың ішінде қазақ жерінен шыққан Али ибн Мұхаммед әл-Исбиджаби (535/1141 қ.), Хұсам ад-Дин Хүсейн ас-Сығнақи (714/1314 қ.), әл-Итқаниді де атағаны да келтіріледі [9, 45 б.].

Қазақ даласындағы ислам: Саманилер мен Қарахандықтар дәуірінің өзінде аймақта ханафи теологиясының дамыған орталықтары болды. Деректерде саманилік билеуші Нух ибн Мансұр тұсында көшпенділерге самарқандық Әбул-Хасан Саид әл-Усбаикати барғаны жайлы баяндалады. Имам Әбу Әли Шакиқ б. Ибраһим әш-Шақиқи Саманилер мемлекетінен түркілерге аттанып, олардың арасында исламды насихаттаумен айналысқан. 805-806 жж. шамасында түркілердің Шаш және Ферғана қалаларында ханафилік дін ғұламаларының тікелей ықпалымен жүз мыңдай адамның исламды қабылдағаны жайлы маңызды мәлімет бар. Исламды қабылдаудың бұл оқиғасына Әбу Муаз әл-Балхи және Әбдул-Азиз ибн Халид әт-Термизи сынды ханафи фақиһтары қолдау көрсеткен [10, 20 б.].

Ислам діні, соның ішінде ханафи құқық мектебі мен матуридия сенім мектебі қазақ даласындағы мем-

лекеттердің ата заң қызметін атқарды. Ханафи-Матуридилік докториналар Орта Азияда Самнилерден кейін билік құрған Қарахан (999-1211) мемлекетінің діни идеологиялық платформасын құрады. Қарахандықтар билігі Орта Азиядағы Мауараннаһр мен Түркістан аймақтарын қамтыды. Мемлекеттің рухани-мәдени орталығы Самарқанд пен Бұхара болды. Қараханидтер кезеңінде Самарқанд, Бұхарамен қатар, Орта Азия аймағының Узгент, Ахсикент, Касан, Марғинан, Қашқар, Баласағұн, Тараз және Исфиджаб сынды өзге өңірлерінде де отырықшыл қала мәдениеті дамыды [11, 159 б.].

Қарахан дәуірін жан-жақты зерттеген белгілі тарихшы Зия Кабакшы, Мәуереннаһрда ханафи мәзһабының 300-ден астам өкілінің шыққанын айтады. Олар 350-ден астам кітап жазып, 20 фәтуа жинақтарын шығарған. Орталық Азиядан өзге мәзһаб өкілдері емес, ханафи мәзһабынан осыншама өкілінің шығуы, сөз жоқ Қарахан дәуірінде бұл мектептің салтанат құрғанын әйгілейді [12, 113 б.].

Қазақ даласынан шыққан ғұламалар жайлы зерттеу жүргізген ғалым Әбсаттар қажы Дербісәлінің «Исламның жасауһарлары мен жәдігерліктері» атты еңбегінде қазақ даласынан шыққан рухани тұлғалардың тарихи тізбегін қысқаша былай келтіреді: «Исламда жалпы дін мен ғылым, білім – егіз ұғым. Исламда өзге діндердегі сияқты діни немесе дүниауи деген түсінік жоқ. Өз кезінің озық ойлы перзенттері Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Ұлықбектер де діни медре-

селер түлектері еді. Соған қарамай алғашқысы энциклопедист ғалым, екіншісі атағы жер жарған дәрігер, үшіншісі мәшһүр астроном болды. Ал Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1499-1551) ірі әскери қолбасшы, тарихшы ғалым, ақын болуына ислами білімнің көп көмегі тиді. Сол себепті де отырарлық Аббас әл-Жауһари бастаған даналар легін кезіндегі медресе талабалары XII ғасырда Абд әл-Ғафур әл-Кердери, XII-XIII ғасырларда Шейх Баба Сығанаки, Әбу-л Қасым әл-Фараби, XIII ғасырда Мұхаммед әл-Кердери, XIII-XIV ғасырларда Қауам ад-Дин әл-Фараби, Хусам ад-Дин ас-Сығанаки, Сайид Мерки, Шамс Тарази, XIV-XV ғасырларда Шейх Ахмет Түркістани, XVII ғасырда Хафиз Баки ас-Саид Түркістани, XVIII ғасырда Бақи Мұхаммед Түркістанилер жалғастырды. XVIII ғасырда өмір сүрген Әбужалел пір, XIX ғасырда күн кешіп діни-руханият саласында қарымды қызмет еткен батысқазақстандық Айтмұхамбет хазірет, Ахмет халфе Ғұбайдолла, Бекмұханбет халфе, XIX ғасырдың екінші, XX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген қызылордалық Алдашбай Ерназарұлы, Ахмет ишан Оразбайұлы, Жармұхамет ишан Оразайұлы, ақтөбелік Аманғали ахун Итесұлы, Досжан ишан Қашақұлы, қостанайлық Әлмағамбет Оспанұлы, Уфадағы бүкілресей және Сібір мұсылмандары діни басқармасының қазысы Маһди Мағқұл, көкшетаулық Науан хазірет, семейлік Әбдірахмен қари Серікбайұлы, павлодарлық Қамар ад-Дин мен Мәшһүр Жүсіп Көпеев және т.б. аты белгісіз өзге де

рухани шам-шырақтарымызды да біз кашанда құрметпен атаймыз» [13, 190-191 бб.].

Еңбекте Отырар, Шауғар, Йасы, Түркістан, Женд, Исфиджаб-Сайрам, Усбаника (Шортөбе), Будухкас (Түлкібас), Тараз, Шежілік, Жілік және Баласағұн қалаларынан шыққан әл-Фарабилер, әш-Шуғарилер, әл-Жендилер, Исфиджаб-Сайрамирлер, ат-Таразилер мен Баласағұнилер атымен мұсылман қауымына танымал болған жетпістен астам ғұламалардың өмірбаянын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, нақты деректермен келтірілген және ғалымдардың барлығы дерліктей ханафи мәзһабының өкілі болғандарын ескерер болсақ, Мауараннаһр өңірінде, соның ішінде қазақ даласында да ғасырлар бойы діни ұстанымның негізгі бағыты ханафи мәзһабы болғаны анық. Аталмыш ғалымдардың кейбірі мұсылман әлемінің басқа елді-мекендерінде өмір сүріп, дін қызметін жасағандарына карамастан, ханафи мәзһабы негізінде еңбектер жазып қалдырулары олардың әуелде ханафи мәзһабының білім ошағынан сусындағанын көрсетсе керек.

Ғалым Ә. Муминовтің «Ханафитский мазхаб в истории Центральной Азии» атты еңбегінде, һижри III-XIII ғасырлардағы Орталық Азиядағы Ханафи ғалымдарының табақаты (өмірбаяны), жазған құнды еңбектері және Бұхара мен Самарқандағы медреселер жайлы кеңінен баяндалумен қатар, еңбектің соңында кесте ретінде де беріледі [14]. Ал Садуақас қажы Ғылманидың (1890-1972 жж.): «Заманымызда болған ғұламалардың ғұмыр

тарихтары» атты еңбегінде автордың ғұмыр тарихы және замандасы болған, негізінен Қазақстанның солтүстік және орталық аймақтарынан шыққан 59 ғұламаның өмірбаяны жинақталған. Бұл құнды еңбекте XIX-XX ғғ. өмір сүрген дін ғұламаларының арасында Бұхара, Түркия және Мысыр сынды елдерден он-жиырма жылдан оқып келген діни ілімі терең адамдардың ұстаздық еткендіктерін, сонымен қатар Қазақстан еліндегі медреселерде араб тіліндегі классикалық «Хидая», «Шарх ал-уикайа», «Фатауа-и хиндия», «Таузих-Талуихы» сынды Ханафи мәзһабының мәшһүр ғықһ кітаптарымен қоса, «Ғықһ-и акбар», «Шарх-и Молла қари», «Ақайыд-и Насафи» сынды Матуриди ақидасының негізгі кітаптары оқытылып, бітірген шәкірттердің сол кітаптарды жетік меңгеріп және халыққа сол кітаптардан уағыз-насихат, фәтуа айта алатындай дәрежеде болғандарын, олардың өмірбаянын оқу барсында көз жеткіземіз [15]. Бұл екі еңбектен Орта Азия және Қазақстан территориясындағы ханафи мәзһабының даму тарихы жайлы көптеген мағлұматтарға көз жеткізе аламыз.

Қорытынды

А. Жамашев өзінің «Сайын даланың саңлақ ғұламалары» атты еңбегінің кіріспесінде: «Біз келтірген мәлімет бойынша кітабымызда жалпы саны 437 тұлғаланы атап өттік. Бұл мәліметтер қазақ даласында ғалымдардың көп болғанын білдіреді. Алайда кітапта келтірген тұлғалар бойынша дереккөз нақты статистика көзі емес. Себебі тарихтың әлі

де ашылар сырлары бар...» деп атап өтеді. Еңбекте тек діни ғұламалардың өмірбаяны сөз етілмейді, IX-XIX ғғ. Қазақстан аумағындағы тарихи қалалар мен мешіттер және кейбір діни ғалымдармен бірге, өзгеде салалармен қатысты тарихи тұлғалар жайлы қысқаша мәлімет беріліп өтеді [16].

Бұл келтірілген дереккөздерден басқа да Т.Е. Қыдырдың «Дешті қыпшақ даласындағы ислами әдебиет (X-XV)», Мұхан Исахан, Ақмарал Сатыбалдиеваның «Қазақстандағы ислам тарихы», Н.Нұртазинаның «Қазақы мұсылмандық дәстүрдің ге-

незисі» және «Бабалар ізімен: Қазақ даласындағы мұсылмандық мектеп» сынды еңбектермен қатар, көптеген ғылыми мақалалардан Мауараннаһр өңірінде, соның ішінде қазақ даласында да ханафи мәзһабының Ирак мектебінен ерекшеленетін өзіндік бір үлгісі қалыптасып, түркі мұсылман халқының діни дүниетанымдық ажырамас бір бөлігіне айналғанын көреміз және ханафи мәзһабының осы елді-мекендерде кеңінен таралып, бүгінге дейін жалғасын тауып келуі ғұламалардың аянбай еңбек етулерінің дәлелі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Өзел А. Ханафи мәзһабының фикһ ғұламалары және өзге де мәзһабтардың әйгілі тұлғалары (қазақша аудармасы). – Алматы: Түркия Диянет қоры, 2024. – 560 бет.
2. Оқанұлы С. Матуриди сенімдегі таңдаулы тақырыптар. – Алматы: «Кокжиек-Б» ЖШС, 2016. – 184 бет.
3. Білгілі И. Ханафи Фикһ Медениетине Имам Матуридинин катқысы. Ислам Хұкуку Араштырмалары Дергісі, 29-сан. – 2017: 399-423 беттер.
4. Омар ибн Абдулмұхсин әл-Әрзинжани әл-Ханафи (700 қ.), Әт-Такмил шарху усулул-Бэздауи. – Оман: «ән-Нұр» баспасы, 2021. – 2009 бет.
5. Аслан Н. Өмер Коркмаз. Серахсиның Усулы ве Ханафи усул есерлери ичери-синдеки иери. Орта Асия Алимлеринин Ислам Медениетіне Катқылары: Улусларарасы Симпозиумы. – Бишкек: КТМУ, 2019. – 1148 бет.
6. Аббасов А. Фикһ Усулүнде Ирак ве Орта Асия Ханефилери Арасындакы Фары-кылык Нокталары – Алаеддин ас-Самарқанди Өрнеги. II. Түркие Лисансүстү Чалишмалар Конгресі, Билдирилер Кітабы – IV. – Ыстанбул: Түбітак, 2013.
7. Шімшек М. Бір Ханафи классигі: Мергинаниның ел-Һидаиеси ве үзерине Япылан Чалышмалар. Түркие Араштырмалары Литератур Дергиси. 12-том, 23-сан, 2014, 279-321 беттер.
8. Керім Ш. Ғұлама Хусамуддин әс-Сығнақи. Монография. – Алматы: «TURAN» баспасы, 2024. – 128 бет.
9. Керім Ш. Қауам ад-Дин әл-Итқани әл-Фараби – ғұлама ғалым, ақын: Монография. – Алматы: Нұр-Мүбарак университеті, 2017. – 232 бет.
10. Нұртазина Н. Қазақы мұсылмандық дәстүрдің генезисі: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 170 бет.
11. «Ұлы дала халқының діни бірегейлігі қалыптасуының рухани қырлары» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. – Алматы: ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институты, 2019. – 600 бет.

12. Исахан М., Сатыбалдиева А. Қазақстандағы ислам тарихы – Нұр-Сұлтан. «Муфтият баспасы», 2021. – 280 бет.
13. Дербісәлі Ә. Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері. – Алматы: Атамұра, 2008. – 488 бет.
14. Муминов А.К. Ханафитский мазхаб в истории Центральной Азии / под редакцией Прозорова С.М. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015. – 400 с.
15. Ғылмани С. Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихы. I том / Жауапты шығарушылар: Муминов Ә.Қ., А.Дж. Франк. – Алматы: Дайк-Пресс ЖПС, 2015. – 576 бет.
16. Жамашев А.Ш. Сайын даланың саңлақ ғұламалары. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2022. – 508 бет.

REFERENCES

1. Ahmet Ozel. Hanafi mazhabining fikh gulamalary zhәне ozge de mazhabtarding aigili tulgalary (kazakhsha audarmasy). – Almaty: Turkia Dijanet kory, 2024. – 560 bet.
2. S. Okanuly. Maturidi senimdegi tangdauli takiriptar. – Almaty: «Kokzhiek-B», 2016. – 184 bet.
3. Ismajl Bilgili, Hanafi Fikh Medenietine Imam Maturidinin katkysy. Islam Hukugu Arashtyrmalary Dergisi, 29-san. – 2017: 399-423 better.
4. Omar ibn Abdulmuhsin al-Arzinzhani al-Hanafi (700 қ.), At-Takmil sharhu usulul-Bazdaui. – Oman: «An-Nur» baspasy, 2021. – 2009 bet.
5. Nasi Aslan, Omer Korkmaz. Serahsining Usuly ve Hanafi usul eserleri icherindeki ieri. Orta Asija Alimleriniң Islam Medenietine Katkylary: Uluslararası Simpoziumy. – Bishkek: KTMU, 2019. – 1148 bet.
6. A.Abbasov, Fikh usulinde Irak ve Orta Asija Hanefileri Arasyndaky Faryklylyk Noktalary – Alaeddin as-Samarkandi ornegi. II. Tırkie Lisansysty Chalishmalar Kongresi, Bildiriler Kitabı – IV. – Ystanbul: Tybitak, 2013.
7. Murat Shimshek, Bir Hanafi klassigi: Merginanining el-hidaiesi ve Ozerine Japylan Chalysmalar. Turkie Arashtyrmalary Literatur Dergisi. 12-tom, 23-san, 2014, 279-321 better.
8. Kerim Sh. Gulama Husamuddin әs-Sygnaki. Monografija. – Almaty: «TURAN» baspasy, 2024. – 128 bet.
9. Kerim Sh. Kauam ad-Din әl-Itkani al-Farabi – Gulama galym, akyn: Monografija. – Almaty: Nur-Mubarak universiteti, 2017. – 232 bet.
10. N.Nurtazina. Kazaki musylmandyk dasturding genezisi: monografija /. – Almaty: Kazakh universiteti, 2020. – 170 bet.
11. «Uly dala kalkining dini biregejligi қалыптасуының рухани кirlary» atty khalkaralik gylymi-tazhiribelik konferencija materialdar zhinary. – Almaty: ҚР BFM Filosofija, sajasattanu zhәне dintanu instituty, 2019. – 600 bet.
12. M.Isahan, A.Satybaldieva. Kazakhstandagi Islam tarihy – Nur-Sultan., «Muftijat baspasy», 2021. – 280 bet.
13. Derbisali A. Islamning zhauharlary men zhadigerlikteri. – Almaty: Atamura, 2008. – 488 bet.
14. Muminov A.K. Hanafitskij mazhab v istorii Central'noj Azii / pod redakciej S.M.Prozorova. – Almaty: Kazak jenciklopedijasy, 2015. – 400 s.

15. S.Gylmani, Zamanamyzda bolgan gulamalarding gumir tarihy. I tom / Zhauapty shyarushylar: Ә.Қ. Muminov, A.Dzh. Frank. – Almaty: Dajk-Press ZhShS, 2015. – 576 bet.

16. Zhamashev A.Sh. Sajyn dalanyng sanlak gulamalary. – Almaty: «Dәuir» baspasy, 2022. – 508 bet.

Авторлар туралы мәлімет:

Оқан Сәмет – PhD, қауымдастырылған профессор, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Исламтану кафедрасының аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: o.samet@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-7764-6577)

معلومات عن المؤلفين:

أوكان ساميت – دكتوراه، أستاذ مشارك. محاضر أول في قسم الدراسات الإسلامية بجامعة نور مبارك المصرية للثقافة الإسلامية (ألماطي، كازاخستان).

Information about authors:

Okan Samet – PhD, Associate Professor, senior Lecturer at the Department of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: o.samet@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-7764-6577)

Информация об авторах:

Окан Самет – PhD, доцент, старший преподаватель кафедры Исламоведения Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (г. Алматы, Казахстан, e-mail: o.samet@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-7764-6577)

Н.К. Ибрагимова¹

¹Ташкент ислам институты, Ташкент, Ўзбекистон
e-mail: nozii_83@rambler.ru

ОМЕЙЯД ҒУЛЕТІ МЕН МАУАРАННАҲР АРАСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада Омейяд ғулеті мен Мауараннаһр арасындағы бастапқы қатынастардың мазмұнына негізгі назар аударылады. Олардың кейбірі толыққанды дипломатиялық байланыстарға негізделсе, ал кейбірі әскери сипатқа ие болды. Себебі арабтар келмей тұрып, бұл аумақта тұрақты мемлекеттік қатынастар қалыптасқан еді. Мақалада сондай-ақ екі мемлекет арасындағы сыртқы істерді реттеудің құқықтық тетіктері қарастырылады. Бұл тетіктер дивандардың қызметінде көрініс тапқан. Сыртқы істерді реттеу үшін арнайы ресми дивандар құрылып, осы мәселемен айналысатын өкілдер тағайындалған. Халифаттағы дипломатиялық қатынастарды жүйелеу барысында мемлекет басқаруында елеулі өзгерістер орын алғанын көруге болады. Мақалада Омейяд дәуірі билеушілерінің сыртқы саяси қызметі талданады. Ол ғылыми тұрғыда оң және теріс жақтарымен қарастырылады. Тарихи нақтылық пен сабақтастық қағидаларына сәйкес, ғылыми талдаулар тарихи кезеңдер бойынша қарастырылады. Ғылыми талдауларды негіздеу үшін бұл зерттеуде ортағасырлық тарихи дереккөздерден алынған дәйексөздер келтіріліп, осы салада құнды зерттеулер жүргізген ғалымдардың еңбектері пайдаланылды.

Түйін сөздер: елші, ғулет, Мауараннаһр, Хорасан, губернаторлар, Түрік қағанаты, Соғды, Хорезм, Пайкент, делегация, миссия.

إبراهيموفا نوزيما¹

¹معهد طشقند الإسلامي، طشقند، أوزبكستان
e-mail: nozii_83@rambler.ru

سِمَات ھَامَّةٌ لِلْعَلَاَقَاتِ الدِّبْلُومَاسِيَةِ بَيْنَ الدَّوْلَةِ الْأُمَوِيَّةِ وَمَوَارِنَاھِر (ترانسوڪسيانا)

توضيح. تركز هذه المقالة على مضمون العلاقات الأولى بين الدولة الأموية ومنطقة ما وراء النهر. فقد قامت بعض هذه العلاقات على أسس دبلوماسية كاملة، بينما اتخذ بعضها الآخر طابعاً عسكرياً، وذلك لأن هذه المنطقة كانت قد شهدت قبل قدوم العرب قيام أنظمة سياسية مستقرة. كما تتناول المقالة الآليات القانونية لتنظيم الشؤون الخارجية بين الدولتين. وقد تجسدت هذه الآليات في نشاط الدواوين، حيث أنشئت دواوين رسمية لتنظيم العلاقات الخارجية، وعُيِّن ممثلون مختصون لمعالجة هذه القضايا. ومن خلال تنظيم العلاقات الدبلوماسية في الخلافة، يمكن ملاحظة التغييرات الجوهرية التي طرأت على إدارة الدولة. وتحلل المقالة أيضاً النشاط الخارجي لحكام العصر الأموي،

حيث يتم تناول جوانبه الإيجابية والسلبية معالجاً علمية. ووفقاً لمبادئ الدقة التاريخية والتسلسل الزمني، تتم دراسة هذه التحليلات العلمية بحسب المراحل التاريخية. ولإثبات هذه التحليلات العلمية، تستشهد الدراسة بمقتطفات من المصادر التاريخية في العصور الوسطى، كما استفادت من أعمال العلماء الذين قاموا بأبحاث مثمرة في هذا المجال. الكلمات المفتاحية: سفير، دولة، بلاد ما وراء النهر، خراسان، ولاية، خانات تركية، صغديا، خوارزم، بويكاند، وفد، بعثة.

N. Ibragimova¹

¹Tashkent Islamic Institute, Tashkent, Uzbekistan

e-mail: nozii_83@rambler.ru

IMPORTANT FEATURES OF THE DIPLOMATIC RELATIONS BETWEEN Umayyad Dynasty and Mavarounnahr (Transoxiana)

Abstract: This article focuses on the early relations between the Umayyad dynasty and Mā- warā' al-nahr (Transoxiana). Some of these relations were established on the basis of full-fledged diplomatic ties, while others took on a military character, since long before the arrival of the Arabs this region had already developed stable forms of statehood. The article also examines the legal mechanisms regulating foreign affairs between the two states. These mechanisms are reflected in the activities of the dīwāns. To manage foreign relations, official dīwāns were established, and special representatives were appointed to oversee such matters. By systematizing diplomatic relations within the caliphate, one can observe significant changes in the governance of the state. Furthermore, the article analyzes the foreign policy activities of the rulers of the Umayyad period. Their positive and negative aspects are studied from a scholarly perspective. In accordance with the principles of historical accuracy and consistency, the research findings are examined by historical periods. To substantiate these scholarly analyses, the study cites quotations from medieval historical sources, as well as the works of scholars who have conducted fruitful research in this field.

Key words: ambassador, dynasty, Transoxiana, Khurasan, governors, Turkic Khanate, Soghd, Khorezm, Poykand, delegation, mission.

Н. Ибрагимова¹

¹ Ташкентский исламский институт, Ташкент, Узбекистан

e-mail: nozii_83@rambler.ru

ВАЖНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ МЕЖДУ ДИНАСТИЕЙ УМАЙЯ И МАВЕРАННАХРОМ (ТРАНСОКСИАНА)

Аннотация: В данной статье основное внимание уделяется содержанию начальных отношений между династией Омаядов и Мавераннахром. Некоторые из них осно-

вывались на полноценных дипломатических отношениях, а некоторые имели военный характер. Так как до прихода арабов на этой территории, здесь уже были сформированы стабильные государственные отношения.

В статье также рассматриваются правовые механизмы регулирования иностранных дел между двумя государствами. Эти механизмы отражены в деятельности деванов. Для регулирования иностранных дел были созданы официальные деваны и назначены специальные представители, занимающиеся этим вопросом. Упорядочивая дипломатические отношения в халифате, можно увидеть, что в управлении государством произошли существенные изменения.

В статье анализируется внешнеполитическая деятельность правителей эпохи Омаядов. Научно рассматриваются её положительные и отрицательные стороны. В соответствии с принципами исторической точности и последовательности данные научные анализы рассматриваются по историческим периодам.

Для обоснования научных анализов в данной исследовании приводятся цитаты из исторических источников Средневековья, а также был использован научные дела ученых, проводивших плодотворные исследования в этой области.

Ключевые слова: посол, династия, Мавераннахр, Хорасан, наместники, Тюркский каганат, Согд, Хорезм, Пойканд, делегация, миссия.

After the Khulafoi Roshid's rule the Umayyad dynasty (41/661-132/750) came to power. After the death Ali ibn Abu Tolib, Mu'awiya ibn Abi Sufyan (41/661-60/680), the founder of Umayyad dynasty, set up his united Arab Caliphate according to the agreement with Khasan ibn Ali ibn Abu Tolib [Мухетдинов, 2011, с. 29]. This dynasty contained 14 caliphs overall, whose reign lasted 91 years. The Ummayyads governed the country by dividing it into six emirates. Transoxiana was a part of the Iraqi emirate and subordinated to the Khurasan governor. Thus this territory was governed by the representative of the Caliph in the East and Iraq territories. As Islamic history sources state, the military commander and the Khurasan governors took part in the conquest of Transoxiana, which was regarded as the eastern part of the Caliphate. Those governors were Muhallab ibn Abi Sufra al-Azdi (632-702), Qutayba ibn Muslim al-Bahili

(660-715), Yazid ibn Muhallab (672-720) and Asad ibn Abdullah al-Qasri (724-727 and 735-738) [Xuzoriy, 2003, с.432. Ibn Xoldun. № Д-341 (4889), с. 40, 54].

The Umayyads formed the ties with Transoxiana through the Khurasan governors. The authority of ambassador was allocated to either the local governor himself or his authorized representative. These relations were mainly focused in internal affairs. However, the relations had diplomatic characteristics, official envoys were sent to delegate. The Arab sources, compiled in the Middle East, regard the relations of Umayyad Dynasty with the Chinese, Roman and other non-Arab countries as international diplomacy.

During the realm of the Caliph: Mu'awiya ibn Abi Sufyan,¹ the administrative system of the council was abolished, and the throne was inherited from father to the son [Босворд, 2007, б.

60]. In the meantime, the areas on the top of the Jaykhun River (Oxus) started to be referred as «Mawa ra an-Nahr» and the Arabian military campaign targeted this area. Initially, the conquest started with Poykand and Romiton, which laid on the south of Bukhara. That cavalry was led by Ubaydullah ibn Ziyad al-Abihi (649-685).

Kabaj Khatun (673-695), the mother of ruler: Tugshoda (692-724) belonging to the Bukhorkhudot Dynasty, assessed the situation practically, and sent the ambassadors simultaneously to both the Western Turkic Khanate and Ubaydullah ibn Ziyad. Kabaj Khatun requested a ceasefire agreement by granting precious gifts to the Arab commander [Ibn Xoldun. № Д-341 (4889), c.15]. According to H.Vamberi, the Arabs conducted military campaign against Transoxiana twice, former was carried out by Ubaydullah's father, Ziyad [Херман, 1990, 6.9]. The evidences conflict with timing on peace treaty between Ubaydullah ibn Ziyad and Kabaj. In particular, Narshahi alleged that this incident occurred in 673/53 Zulhijja [Наршахий, 2011, c.46], while Tabariy testified it as in 673-674/54 [Tabariy, 1964, p.167-170].

Narshahi narrates that Kabaj had to resent the ambassador to the Arab commander for the second time, after the Turkic cavalry defeat who came to assist. The agreement was reached on condition of the 1000 dirham tribute [Наршахий, 2011, c.46]. Whereas, H.Vamberi and Tabari implied the value of tribute as million dirhams.

When Said ibn 'Uthman ibn Affan (675-680) was appointed as the

governor of Khurasan, the ambassadors were sent one more time to ensure that the treaty was still valid. However, Said ibn 'Uthman soon returned the tribute, terminating the agreement. As some sources cites, he remarked that 'there is no peace between us'. This was due to the fact that the Kabaj constantly intended to ally with the Western Turkic Khanate and Soghd. On the other hand, she regularly sent the envoys to the Khurasan governors so as to sustain independence of the country by paying the tribute.

During **Yazid ibn Mu'awiya (60/680-64/683)**'s reign (60/680-64/683), Muslim ibn Ziyad (681-684) ascended the authority in Khurasan from Said ibn Osman. situated in Transoxiana [Shakur, №545, c.21]. He took advantage of Kabaj to fulfill his military operations against Soghd. The Arabs forged ahead to Samarkand in accordance with the instructions of Kabaj.

Muslim ibn Ziyad intended to dispatch the army under the command of Abu Sa'id al-Muhallab ibn Abi Sufra al-'Azdi al-Ataki (or Mahlab) to learn about the political situation in Soghd². This cavalry was supposed to serve as a military spy. But Muhallab objected to the idea of military spy and refused to take the lead. Later, due to the governors demand, he had to agree providing that his visit should remain as a secret [*The outlying reason of conflict was distribution of tributes gained in Soghd, which was allocated as 1/5th. One portion for Baytul-mol (state budget), the rest four were distributed equally. Muhallab aske dto keep his visit in secret, so as not cause intrigues among the Army*).

The next Arab attack targeted Khorezm. These movements occurred in 681/61. Another governor of Khurasan: Salm ibn Ziyad (680/681), dispatched an army of 4000 soldiers to occupy Khorezm and Samarkand. However, a peace agreement was signed for 20 million dirhams. Initially, the envoys from Khorezm were sent to deliver a tribute of five million dirhams to Yazd ibn Muawiya. On this journey, a man so-called Abdullah ibn Hadim on behalf of Khurasan governor officially handed in the property to the Caliph. This has been asserted in the research of A.Otahojaev, who investigated the Turkic-Soghd relations [Отахонов, 2010].

Abdul Malik ibn Marwan (685/65-705/86) was Marwan ibn Hakam's son (*The generation of Marvon were linked the Umayyads Dynasty. Marvon ibn Hakam was the leader of it. Marvon earned the title 'Al-Himor', because he was strong and dexterous. Some sources say that all donkeys became extinct when he was born.* Бегуний, 1968. 6.163) who ascended the throne from the Caliph: Abdullah ibn Zubayr (*Abdulloh ibn Zubayr; the son of Zubayr ibn Avvom va Asmo binti Abu Bakr, one of the followers, who got the prediction of Jannah (Paradise). At his nine, he narrated thirty-three of hadiths of prophet Muhammad. After the assassination of Khusayn, he came to the political arena to revenge. Consequently, he achieved allegiance (bay'at) of Mecca and Medinah. Because of his reign during 64/683-73/692 years, Islamic scholars claim that the Umayyad Caliphs were not the rulers, but noble men of Shom for those*

years) by force [Shakur, №545, c.57]. That time, the Khurasan governor was Abu Muhammad al-Hajjaj (660-714). According to Tabari, Muhallab signed a ceasefire with the governors of Kesh in 699/80 and Nasaf in 701/82, establishing bilateral relations. The author expounds on the correspondences conducted by Muhallab's noble man in Tansoxiana: Khurays ibn Qutb with the governor of Kesh. These correspondences were addressed to the captives, and delegated by ambassadors. However, Khurays ibn Qutb's diplomatic mission assessed by the Arab commander as treachery; ultimately he ordered to punish him after his return to Balh. Since Tansoxiana's governors activities were not approved by arab officials, he was forced to «disassociate» himself from the authority [Xuzoriy, 2003, c.384].

In 701, an important historical event related to Musa ibn Abdullah took place. Musa ibn 'Abdullah, who was the son of' the Khurasan governor in 663: Abdullah ibn Khazim ibn Zabyan, was persecuted by Muhallab. Therefore, he came to Transoxiana asking for help from local governors according to father's command. Musa ibn Abdullah received much assistance from the governors of Bukhara, Samarkand, Kesh and Termez, and settled down in Termez. The Turkic governor found out that and intended to attack him. For this purpose, he sent to Musa ibn Abdullah poison, musk and wooden arrows through the ambassador (*According to ancient Turkish customs, poison was a symbol of cruelty, arrow – war and musk – peace*). Musa burnt poison, spilled the musk, and broke the arrow in response. The ambassadors

conveyed the incident to the Turkic governor, who eventually decided not to attack. Technically, Musa ibn Abdullah realized that symbolic message of Turkic Khan and he replied in the same way. His response conveyed that he would not agree about peace, and if the war broke out, he would burn the enemy like a fire and break like a wooden arrow [Чағониён тарихи, 2022, б.56].

During the realm of **Al-Walid ibn Abdulmalik (705/86-715/96)** Abu Muhammad al-Hajjas» authority in Khurasan and Transoxiana was handed over to Qutayba ibn Muslim al-Bakhiliy (705-715) in Hijri 80 [Shakur, №545, с.82]. Qutayba ibn Muslim also traditionally chose to compromise with the local governors in the administration, like the other successors. He established partnerships to strengthen political, social, and economic ties [Xoldun, с.59]. Qutayba ibn Muslim in his early authoritative years (706/87) sent to Nizek Tarhan: Badegis ruler (*According to translators of Nizek Tarkhan-Tabari's work, it is not a name, but a position of the ruler of Jurjan*) his official envoy. An Arab nobleman (*Mawlo – one of the most common word that used in Medieval times to refer to the teachers, mentors*): Sulaym, went to Nizek Tarhan as an envoy to deliver the of Qutayba. The purpose of delegation was to free the Arabs captured by Nizek Tarhan. The letter was not written with glittering kind words in a diplomatic style. On the contrary, it had a threatening manner to that extent, even though Nizek Tarhan complained to Sulaym about the impolite manner of the govern. It should be highlighted that military maneuvers in Khurasan were

superior, and that manner was reflected in diplomatic correspondences as well. Nizek Tarkhan under the custody visited Qutayba along with the ambassador and signed the peace treaty on behalf of Badghis residents. Khuzari provided details of that diplomatic visit and how the Badghis people made a covenant without accepting Islam [Табарий, 2012, с.281. Ражабов, 2012, с.46].

The same year, the residents of Poykand learned about Qutayba ibn Muslim's military action and asked Soghd for help. The Soghdian cavalry besieges the Arabs Army, enclosed from all angles, cutting their ties off Khurasan. As a result of the siege, neither any representative of Qutayba could leave that area, nor did the representatives of Abu Muhammad al-Hajjaj reached him [Xuzoriy, 2003, с.394]. The local people of Bukhara called Qutayba's non-Arab spy named Tanzar, and allocated some money on condition that Qutayba and his army would retreat. Tanzan's activity of that time can be referred as a temporary delegation. When he went to Qutaybah ibn Muslim, he requested to talk with him in private. Everyone left the room, except Diror ibn Hussain Al-Dabbi, the closest assistant of Qutayba ibn Muslim. Qutayba ibn Muslim beheaded Tanzar during his speech. Then accused him of hypocrisy at the meeting, and strated the conquest of Poykand [Мухетдинов, 2011, с. 47].

After the conquest of Poykand, the delegation mission was conducted to deliver seized stuff to the Caliphate. That contained precious items equaled of 155.000 gold value and the official letter. In return, a gratitude letter was

sent to the governor of Khurasan. According to Narshakhi, there were two diamond stones, which valued as the most expensive ones among the quarries [Наршахий, 2011, с.51].

During the Arabs military campaign against Transoxiana, there were correspondences among Soghdian tarkhans (governor), the king of Turkic Khanate, Shosh and Fergana ikhshids (rulers) to ally the forces [Исмаилова, 2013, 6.92].

This can be illustrated by researcher V.A. Livshits scientific hypothesis. According to him, Soghdian ambassador: Fatuvar delivered the letter of Devashtich, the Samarkand governor to Shash. Devashtich sent Fatuvar as his representative to delegate his messages to Turkic King and Fergana Ikhshid as well. Livshits notes that the letters delivered by Fatuvar were written when the Arabs started to occupy the regions of Fergana (Ustrushona) [Лившиц, 1979, с.62-63]. The letter is regarded as important official document in Soghdian language to evince the diplomatic relations of that time «Attachment 11».

In order to reach the peace treaty and cooperate with local rulers, The Khurasan governor organized diplomatic visits several times. To illustrate this, we can mention about the relationship of Qutayba with Soghdian ruler: Tarkhan (700-710). As Narshahi alleged, this relationship was achieved due to the efforts of the ambassador: Hayyan an-Nabati, well-known as Abu-Al-Hayyaj. Tarkhan could maintain the independence through diplomatic ways by paying tribute of 2000 dirham value. Narshahi regarded Hayyan an-Nabati's

mission to Soghdian as a way to avoid conflicts. While H. Vamberi and Tabari labelled it as a betrayal. Sources noted that after a while, Tarkhan and his supporters were defeated by the Arabs.

Another truce was signed during 712/93 years after the military campaign against Khorezm. Though Tabari did not mention Chaghon, he referred him as a Korezm ruler. Furthermore, he indicated that the underlying reason of that diplomatic mission to Qutayba was the inner conflicts between Chaghon and his sibling Nurzod (*Nurzod is referred to as «Khurrazad» in Tabari's work*). Chaghon revealed Qutayba that Nurzod was plotting conspiracy in alliance with Soghdian ruler; and promised to obey Qutayba in exchange of his captivity. Qutayba ibn Muslim pretended to lead the army against Soghd, however settled with his cavalry in Hazorasp, thus letting that his target was Khorezm, not Soghd. Khorezm ruler gather his advisers to consult. There were debates among the clerks whether to fight against or sign a truce, finally ended up with the decision to sign a peace treaty [Xaldun, с.59].

The same year, there were several diplomatic visits between Qutayba and the ruler: Gurak (*the person who ruled over Soghd, during the Arabs conquest of Transoxiana. He declared himself as 'ikhshid of Samarkand' in 710. The title 'ikhshid' was replaced by 'tarkhun', after the Arabs occupation*). Initially, Qutayba ibn Muslim led the army against Samarkand, using the Army forces of Bukhara and Khorezm. Gurak sent his ambassador with the letter which was of this type of message «You are using my kinship Army against me, if there

were the Arab cavalry, I could face them to defeat». The Arabs conducted different campaigns against Samarkand and ultimately conquered it. After that, the peace treaty was signed. In honor of this occasion, Gurak threw a party and invited Qutayba. At the end of the party. Gurak pleaded to return Samarkand to him, but Qutayba refused and insisted him on leaving Samarkand [Исмаилова, 2013, 6.92-93].

Qutayba sent Umar ibn Abdulloh at-Tamimi to al-Hajjoj to share the news on occupation of Samarkand. Hajjoj, in the meantime, sent that delegation to Damascus. Tabari expounded on that mission details, basing on the narration by Abu Zayyal According to this narration, the ambassador came across a blind man in the mosque. When that man found out that Tamimi was the representative of Khurasan governor, he vowed for the sake of God, saying «... You, the people of Khurasan, are the ones who deprive the Umayyads from the throne and bring the Damascus down (Xuzoriy, c.392). This prediction came true in the form of rebel led by Abu Muslim against the Umayyads dynasty, which ultimately ended it (*Abu Muslim Khorasani – full name Abu Muslim Abd al-Rahman ibn Muslim al-Marwazi, leader of the Abbasid movement in Khorasan (128/745-131/748) was killed in Baghdad by the Abbasid caliph Mansur*).

After the military campaign against Shosh and Fergana, there was a crucial event in the diplomacy history within 713/94 the time frame [Исмаилова, 2013, 6.93]. This event was the formation of diplomatic relations between Qutayba

and Chinese Emperor. Qutayba sent his delegation of 20 ambassadors led by Hubayra ibn al-Mushamraj al-Qilabi, according to the invitation of Chinese Emperor. The ambassador had a warm reception arranged in an elite manner. Since that area is beyond the scope of current research, Tabari's work can be referred to, for further details respective to that delegation [Табарий, 2012, с.108].

Another significant diplomatic delegation occurred in 714, before the end of life and power of Qutayba. He sent the ambassador to the new Caliph: Sulayman ibn Abdulmalik (715/96-717/99) [Босворд, 2007, 6.25] with the mission to deliver three letters: In the *1st letter* he expressed his condolences on Al Valid's death, mentioning his commitments during his realm; *2nd letter* reflected the message of his obedience to the new Caliph; while *3rd letter* criticized Yazid ibn Muhallab's activities [Xuzoriy, c.399].

According to Qutayba's demand, the ambassador was to be wit enough to handle the situation, while handing in letters. According to case, the ambassador was supposed to submit the first letter. When the Caliph handed in the letter to Muhallab, he should give the second one. While Yazid Muhallab was expected to be reading the second letter, the ambassador should submit the third letter to the Caliph: Sulayman ibn Abdulmalik. The Caliph showed a great respect to the ambassador after that. However, Qutayba declared the rebel, before the ambassador's return.

Qutayba ibn Muslim dies in 715/96 years and Yazid ibn Muhallab was

appointed as the governor of Khuroson. That happened due to the diplomatic visit of Abdullah ibn al-Akhtam. The Iraki governor Yazid ibn Muhallab, targeting at Khurasan, sent two letters with Abdulloh ibn al-Ahtam to the Caliph: Sulaymon. One of the letters depicted political and social life of Irak, while the latter praised his wisdom and diplomacy about the ruling over Khurasan and Irak. Arrived ambassador had the Caliph's reception in three days, according to the special tradition. During the reception, Sulaymon revealed that he grew up in Khuroson and consulted with the ambassador about the candidates of it. Abdullah ibn al-Akhtam enumerated some candidates, highlighting Yazid ibn Muhallab, consequently could bring that targeted appointment badge for his sake [История ат-Табари, с.119-120]. So, the mission was successfully completed.

During 716/98 years, the Khurasan governor Yazid established the diplomatic relations with Gurgon ruler: Firuz ibn Kul [Суютий, 1946, с.259]. Thus the forces were allied to attack Sul: the Turkic tribe leader, who was the danger of Firuz's government. Yazid according to Firuz's advice, sent a letter to Tabariston's Ispehpel to exploit their forces in the fight against Sul. Thus, Sul fell in trap of this military conspiracy and sent his ambassadors to Yazid ibn Muhallab to sign a truce. Yazid agreed about a truce on condition to seize all precious properties of al-Bukhayra and Dikhiston regions.

When the Caliph: Umar ibn Abdulaziz (717/99-720/101) ascended the throne, Al-Jarrah ibn Abdullah al-Hakami came to the power in Khurasan

and Tranoxiana. During his reign, the place so-called al-Huttal, located on Transoxiana were gained through diplomatic relations. To convey this message, a delegation consisting three ambassadors visited Umar ibn Abdulaziz. Two of the ambassadors were the Arabs, while the third one was Muslim Salih Bin Tarif from the local dabba tribe, well-known under the nickname: Abu Said. While two Arab representatives praised a lot their governor, the Caliph Umar asked the third ambassador to provide information about that current state. The third ambassador complained about that ruler. Umar needed that kind of transparent messages. Next time Al Jarroh along with Abu Mijlaz Lahik were sent to Khuroson to summon the real situation of Khurasan. According to Lahik's recommendation, the governor was replaced by Abdurahmon ibn Nua'um [Ал-Мутолаъату ат-Тавжихия, 1976, с.31-32].

The Caliph: Umar ibn Abdulaziz's policy in this respect can also be seen in the example of a young Tranoxianian ambassador's visit to his residence. According to a number of sources [Мухаммад Содик Мухаммад Юсуф, 2017, 6.54-60], the local people of Samarkand sent a young man to Damascus to deliver Umar ibn Abdulaziz a complaint letter about Qutayba ibn Muslim. Qutayba was accused to conquer the city without offering to accept a new religion or battle. According to the order of the Caliph, his representative sue a court and muslim cavalry had to leave Samarkand. After the Arab army retreat, the people of Samarkand were converted to Islam.

Different conflicts arouse after this incident according to Tabari, Qutayba ibn Muslim was killed by the persecutors in 96/715. Sulayman ibn ‘Abdulmalik was the Caliph that time. After the death of Qutaybah, the Caliph appointed Yazid ibn al-Muhallab to the throne of Khurasan. Umar ibn ‘Abdul-’Aziz came to the Caliphate throne in 717. The story narrated in Muhammad Khuzairi’s work, sound as follow: «being aware of the Caliph’s justice and commitment, the inhabitants of Samarkand wrote a letter to him, complaining about Samarkand governor: Sulayman ibn Abu Sarh and Qutayba. The response letter by Umar maintained justice in that area. Khuzari mentioned that this happened during the reign of ‘Umar, and the representative so-called Jami ibn Hazir questioned Qutayba in front of the public. Khuzari did not specify the death year of Qutayba. Accordingly, he related the occurred time of incident when Qutayba was alive.

Soghdian documents under the tag A-14, found in the ‘Mugh’ Mountain reflect the Arab movements to Transoxiana. The document refers the Arabs as ‘tazig’, depicts the alliance against them. Furthermore, among the document tagged as 1.1 in Soghdia, there was a letter sent by the Khurasan governor: Abdurrahman ibn Subh (Sabbah) to Divashtich in 720-721. The letter was originally written in Arabic. But Divashtich had it translated into Soghdian language. The historical sources written in the Bactrian language portray the military campaigns of the Arabs against Takharistan and Kabul and the alliances made against them [Ражабов P., 2012, 6.9-10].

After 100/718 years, during the reign of Yazid II (720/101-724/105) and Hisham bin Abdulmalik (724/105-743/125), the context of diplomatic relations changed radically. Prior to, the diplomatic relations had a political context, and now it acquired a religious significance. At the onset of local people of Transoxiana against Jizyah (a tax levied on non-muslim citizens), the Caliph: Hisham, his governor in Iraq, as well as Khurasan governor: Ashras ibn Abdullah al-Sulami sent consecutive ambassadors to the indigenous people to explain the philosophy of Islam. The delegation led by Abu Sa’yda Solih ibn Tarif was sent to Bukhara in 729/110, to illustrate. However, the conflict started after that event. Most of the people who converted to Islam were Bukharians. Even the conversion was justified by circumcision, after the short time, the Khurasan governor again imposed jizyah on those people. The Soghdians disagreed with this decision, and led an army against the authority outside Bukhara. Abu Sa’yda was also among the rebels. This diplomatic tour took place in Bukhara according to Tabari, while Khuzori noted Samarkand as the venue.

The sources assert that during the realm of this Caliph, ie in 719 year, the diplomatic trip to China was carried out, which was initiated by the Chaganiyan governor: Tish, whose territory was regarded as one of the largest provinces of Takharistan, located on Transoxiana. In 737/119 and 737/119, the ambassadors on behalf of the noblemen siblings Khalid and Asad ibn Abdullah visited the Caliph: Hisham to deliver the good

news about the attack on Turkic Khanate and ceased its pressure. The Caliph gave a warm reception to the ambassadors for the good news and rewarded them with gifts.

If the diplomatic activities of Umayyads are analyzed, it will be evident that the Abbasids' campaigns became intensified during the Hashim period. Most of the diplomatic trips focused on that. Over 40 diplomatic visits were organized to Transoxiana and other muslim countries, based on the Abbasid's propaganda during the Hijri 102, 107, 108, 110, 119, 124, 128, 129, 130, 131 and 132 years, as well as more than 30 correspondences were exchanged. The purpose of the diplomatic relations to notify about political privileges and advantages if the Abu Abbas' descendants would come to power.

When Nasr ibn Sa'yar ibn Lays was appointed as the governor of Kurasan by the Caliph Hisham during the 738/120 years, the major centers of Transoxiana, such as Samarkand, Fergana and Shash were annexed to Ummayyad's territories again [Наршахий, 2011, с.62]. The weakened diplomatic ties due to the inner conflicts, were revived during Nasr ibn Sayyar's power. During his realm, there were arranged 34 diplomatic visits and 42 letter-exchanges within Hijri 121-130 years, ranging on issues from the nomination of governor's badge to the accomplishment of the Caliph's assignments.

Mu'awiya ibn Abi Sufyan like the Caliph: Umar governed the Empire through several bureaucracies, called divans. The divan, which consisted correspondences, seals and post offices,

as well as central divan including secretarial services, undertook a great role to centralize and regulate political life of the Caliphate. Other sources credit the three types of divans: they are Military divan in Arabia, Tax (Khoroj) divan in Irak and Postal chancellery (for letters and seals). Muawiyah allocated the assignments regarding the edition, transfer and transportation of military-targeted letters to the Postal chancellery (divan).

The Umayyad Caliphate conducted military campaign against Transoxiana in two phases, in the meantime the diplomatic relations were accelerated during the campaigns. The first stage took place under the reign of the Caliph: Muawiyah, while the second stage was attributed to the Caliph: al-Walid's period.

During the Umayyad Dynasty, the positions, such as de-facto adviser (administrative executive) and de-jure deputy (legislative adviser) emerged in the governmental structure [Зохидов, 2004, б.32]. This accounts for the political-legislative reinforcement of diplomatic relations.

The diplomatic activities during the Umayyads can be classified into the following groups, according to the partnership sides, the mission and outcomes of diplomatic visits:

➤ The internal relations of Ummayyads (between the Caliph and his noble governors). This group comprises the emissary relations and correspondences between the Umayyad Caliph and his successors allocated to the certain. The investigation revealed that there were 621 visits between Hijri 59 and 131 years (*The diplomatic visits were conducted Hijri 59,*

61, 72, 85, 90, 93, 95, 97, 99, 100, 104, 110, 112, 115, 117, 119, 121-132 years), while 592 times of correspondences were exchanged from Hijri 72 and 133 years (*The correspondences were conducted Hijri 72, 85, 95, 97, 100, 104, 112, 117, 119, 121-132*).

➤ The relations between Transoxiana and Umayyads (between the successors and local governors of Mawaraannahr). In the partnership, on the one hand were the Caliph and his appointed noblemen, while the other hand local rulers of Transoxiana. The diplomatic ties were initiated by Umayyads, since they suggested the local governors in prior to adopt a new religion, or else to negotiate on military action. The other side was the initiators of the remaining issues. The Caliph and his noblemen were not directly involved as ambassadors, but their honored representatives or close relatives were acted on behalf of them. There were 191 diplomatic trips (*The diplomatic visits were conducted Hijri 54, 80, 85, 87, 88, 90, 93, 98, 110, 119 years*) and 102 times of message exchange (*The correspondences were conducted Hijri 80, 87, 90, 98, 119 years*) between Hijri 59 and 119th years timescale.

➤ Under the umbrella term of 'Local authorities' relations', the interaction of governors of Transoxiana can be included. This embraces the peace treaties, alliances, diplomatic relations and petitions among the governors of Sogd, Toharistan, Fergana, Shosh, Bukhara and Khorezm. Accordint to Tabari, 5 diplomatic visits within Hijri 90, 93, and 103 years, as well as correspondences and official records of the period between Hijri 85 and 93

could validate our assertion. While diplomatic relations were established by official ambassadors, the couriers of less political importance delivered important messages as well. The messages were transferred more than 19 times between Hijri 85-132. Besides that, over 10 spies were appointed to control the military situation of expansions.

During the Umayyad realm, above 20 peace treaties were signed between the major cities of Transoxiana (*Bukhara, Samarkand, Termez, Khorezm, Nasaf, Kesh, Tokariston, Badgis, Poykand, Romiton, Soghd, Sijiston, Jurjon, Ushtrushon and Shosh*), while the agreement reached twice between Nasr ibn Sayyar and Shaybân, as well as Ali ibn Judat and Abu Muslim. Only once Nasr ibn Sa'ayer and Abu Muslim agreed to fight within 748/130 years. During the last 30 years of the Umayyads, due to the empowering the Abbasid propaganda, the envoys' trips, diplomatic correspondences and couriers' activities were intensified.

The study on diplomatic relations and correspondences of Umayyad Dynasty with Transoxiana, revealed that the following issues were organized during that period: the insurance of safety and life security; the nomination of governor's badge; the delivery of tributes and getting assigned with new tasks; the request for military support and providing military instructions; a new religion promotion; the advocacy of the Abbasid teaching; personal pardon; proposals of political advice on governing local areas; warnings against potential dangers; legacy; objections to ruling policy.

REFERENCE LIST

1. Мухетдинов Д., Хайретдинов Д. (2011). История арабского халифата. Нижний Новгород: Медина.
2. Ash-shayx Muhammad al-Xuzoriy. (1424/2003). Ad-Davlatu al-Umaviyya (Muxadorotu fi tarix al-Umami al-Islamiya). Qohira: Al-muxtor.
3. Ibn Xaldun. Abra tarixi Ibn Xaldun. A lithographic resource stored in the fund of Muslim board of Uzbekistan with number № Д–341 (4889). – Б. 40, 54. عبر تاريخ ابن خلدون. الجزء الثالث. – ص
4. Босворд К.Э. (2007). Мусулмон сулолалари. Йилнома ва шажарлар бўйича маълумотнома. Тошкент: Фан.
5. Jaloliddin Abdurrahmon as-Suyutiy. (1365/1946). Tarix ul-Xulafo. Qohira: Dar ul-fikri al-a'robiy.
6. Вамбери Херман. (1990). Бухоро ёхуд Мовароуннахр тарихи. Тошкент: Адабиёт ва Санъат нашриёти.
7. Абу Бакр Мухаммад ибн Жаъфар ан-Наршахий. (2011). Тарихи Бухара. История Бухары. Translator: Sh.K.Kamoliddin. Tashkent SMI-ASIA.
8. Abu Djafar Mohammed ibn Djarir at-Tabariy. (1964). Annales. Ed.M.J. de Goeje. Lugduni-Bataavorum: E.J.Brill.
9. Abdulloh Shakur. Tarixi islami. A Lithographic source written in Turkic that has been registered under №545 in the fund «The treasury of sources» of International Islamic Academy of Uzbekistan. عبد الله شكور. تاريخ الاسلامى
10. Отахўжаев А. (2010). Илк ўрта асрлар Марказий Осиё цивилизациясида турк-суғд муносабатлари. Тошкент: ART-FLEX.
11. Абу Райхон Беруний. (1968). Қадимги халқлардан қолган ёдгорликлар. Translator: А.Расулов. Тошкент: Фан.
12. Чағониён тарихи. (2002). Translator: Хидиров А. Тошкент: Тошкент ислом университети.
13. История ат-Табари. Translator: Беляева В.И. & Большаков, Халидов А.Б.
14. Ражабов Р. (2012) Ўзбекистондаги араблар тарихи ва этнографияси: XIX аср ўрталари – XXI аср бошлари. Institute of History. Тошкент: Шарқ.
15. Исмаилова Ж.Х., Левтеева Л.Г. (2013). Ўзбекистон харбий санъати тарихи. Тошкент: Ўзбекистон НМИУ.
16. Лившиц В.А. (1979). Правители Пянча. Народы Азии и Африки / №4.
17. Ал-Мутолаъату ат-Тавжихия. (1973/1393). Лиссоффи ар-Робиъи ас-Санавий. Жумхурият ал-Ирокия: Ал-хуррият лит-Тобаъа.
18. Мухаммад Содиқ Мухаммад Юсуф. (2017). Ислом тарихи. Тошкент: Hilol-nashr.
19. Зоҳидов Қ.Т. (2004). Илк ислом давлатчилиги ва унинг шаклланиш жараёнлар (632–661). Dissertation of Tashkent islamic university.
20. Жалолиддин Абдуллаҳмон ас-Суютий. Тарих ул-Хулафо. – Қоҳира: Дар ул-фикри ал-аъробий, 1946/1365.

REFERENCES

1. Muhetdinov D., Hajretdinov D. (2011). Istorija arabskogo halifata. Nizhnij Novgorod: Medina.

2. Ash-shayx Muhammad al-Xuzoriy. (1424/2003). Ad-Davlatu al-Umaviyya (Muhadorotu fi tarix al-Umami al-Islamiya). Qohira: Al-muxtor.
3. Ibn Xaldun. Abra tarixi Ibn Xaldun. A lithographic resource stored in the fund of Muslim board of Uzbekistan with number № D-341 (4889). – B. 40, 54. عبر تاريخ ابن خلدون. الجزء الثالث. – ص.
4. Bosvord K.Je. (2007). Musulmon sulolalari. Jilnoma va shazharlar b'jicha ma'lumotnoma. Toshkent: Fan.
5. Jaloliddin Abdurrahmon as-Suyutiy. (1365/1946). Tarix ul-Xulafo. Qohira: Dar ul-fikri al-a'robiy.
6. Vamberi Xerman. (1990). Buhoro jo'xud Movarounnahr tarihi. Toshkent: Adabijot va Sanat nashrijoti.
7. Abu Bakr Muxammad ibn Zhafar an-Narshahij. (2011). Tarihi Buhara. Istorija Buhary. Translator: Sh.K.Kamoliddin. Tashkent SMI-ASIA.
8. Abu Djafar Mohammed ibn Djarir at-Tabariy. (1964). Annales. Ed.M.J. de Goeje. Lugduni-Batavorum: E.J.Brill.
9. Abdulloh Shakur. Tarixi islami. A Lithographic source written in Turkic that has been registered under №545 in the fund «The treasury of sources» of International Islamic Academy of Uzbekistan. عبد الله شكور. تاريخ الاسلامي.
10. Otah'zhaev A. (2010). İlk y'rtta asrlar Markazij Osijo civilizacijasida turk-surd munosabatlari. Toshkent: ART-FLEX.
11. Abu Rajxon Berunij. (1968). Qadimgi harklardan kolgan jodgorliklar. Translator: A.Rasulov. Toshkent: Fan.
12. Charonijon tarihi. (2002). Translator: Hidirov A. Toshkent: Toshkent islom universiteti.
13. Istorija at-Tabari. Translator: Beljaeva V.I. & Bol'shakov, Halidov A.B.
14. Razhabov R. (2012) Uzbekistandagi arablar tarihi va jetnografijasi: XIX asr urtalari – XXI asr boshlari. Institute of History. Toshkent: Shark.
15. Ismailova Zh.H., Levteeva L.G. (2013). Uzbekistan harbij sanati tarihi. Toshkent: Uzbekistan NMIU.
16. Livshic V.A. (1979). Praviteli Pjanha. Narodi Azii i Afriki/№4.
17. Al-Mutolaatu at-Tavzhixija. (1973/1393). Lissoffi ar-Robii as-Sanavij. Zhumhuriyatu al-Irokija: Al-xurrijatu lit-Toba.
18. Muxammad Sodiq Muxammad Jusuf. (2017). Islom tarihi. Toshkent: Hilol-nashr.
19. Zoxidov K.T. (2004). Ilk islom davlatchiligi va uning shakllanish zharajonlar (632–661). Dissertation of Tashkent islamic university.
20. Zhaloliddin Abdurramon as-Sujutij. Tarih ul-Hulafo. – Kairo: Dar ul-fikri al-arobij, 1946/1365.

Авторлар туралы мәлімет:

Ибрагимова Нозима Камилжановна – PhD, Ташкент ислам институтының доценті (Ташкент, Өзбекстан, e-mail: nozii_83@rambler.ru, ORCID ID: 0009–0005–5503–7067).

معلومات عن المؤلفين:

إبراهيموفا نوزيما كميلجانوفنا – حاصلة على درجة الدكتوراه، أستاذة مساعدة في المعهد الإسلامي في طشقند. (طشقند، أوزبكستان).

Information about authors:

Ibragimova, Nozima Kamiljanovna – PhD, Tashkent Islamic institute's assistant of Professor. (Tashkent, Uzbekistan, e-mail: nozii_83@rambler.ru, ORCID ID: 0009–0005–5503–7067).

Информация об авторах:

Ибрагимова, Нозима Камилъджановна – PhD, доцент Ташкентского исламского института. (Ташкент, Узбекистан, эл. почта: nozii_83@rambler.ru, ORCID ID: 0009–0005–5503–7067).

С. Шәкизада¹

¹ Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,

Алматы, Қазақстан

e-mail: academic.shakizada@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ РЕСМИ САЙТТАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ МЕН АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Бұл мақала Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (ҚМДБ) ресми сайттарының цифрлық инфрақұрылымы мен ақпараттық қызметін ғылыми тұрғыдан талдауға арналған. Зерттеуде басқармаға қарасты интернет-ресурстардың мазмұндық бағыттары, құрылымдық ерекшеліктері және олардың діни-ағартушылық рөлдері қарастырылады. Қазіргі кезеңде діннің қоғамдық өмірдегі орны дәстүрлі институттармен шектелмей, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы кеңейіп отырғаны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, ҚМДБ-ның цифрлық кеңістіктегі белсенділігі ислам құндылықтарын қоғамға жеткізудің жаңа формаларын айқындайды.

Мақалада ресми порталдардың діни ақпарат таратудағы, пәтуалық сұрақтарға жауап берудегі және рухани тәрбие қалыптастырудағы ықпалына назар аударылады. Сонымен бірге олардың қоғамның әртүрлі топтарына бағытталған ақпараттық-ағартушылық қызметі сараланып, заманауи медиамәдениет талаптарына бейімделуі талданады. Сандық деректер негізінде сайттардың аудиториясы, іздеу жүйелеріндегі көрінісі мен қолданушылық белсенділігіне қатысты көрсеткіштер сипатталады. Авторлық талдау нәтижесінде ҚМДБ ресми сайттары діни институттың әлеуметтік легитимділігін нығайтуға, дәстүрлі исламды кеңінен насихаттауға және діни сауаттылықты арттыруға ықпал ететін негізгі тетік екендігі дәлелденеді.

Сонымен қатар зерттеу барысында діни басқарманың онлайн-коммуникация жүйесі тек ақпарат тарату құралы ретінде ғана емес, қоғамдағы рухани сұраныстарды қанағаттандырудың әмбебап платформасы ретінде сипатталады. Бұл жағдай діни білімнің қолжетімділігін арттырып, дәстүрлі ислам құндылықтарының цифрлық кеңістіктегі орнығуына ықпал ететін маңызды фактор екендігін көрсетеді.

Түйін сөздер: ҚМДБ, цифрлық инфрақұрылым, ресми сайттар, діни коммуникация, ақпараттық қызмет.

شاкиزاده سيريم

جامعة نور مبارك للثقافة الإسلامية في مصر، ألماتي، كازاخستان
e-mail: academic.shakizada@gmail.com

البنية التحتية الرقمية والخدمات المعلوماتية للمواقع الرسمية لمجلس المسلمين في كازاخستان

S.Shakizada¹

¹ Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan
e-mail: academic.shakizada@gmail.com

DIGITAL INFRASTRUCTURE AND INFORMATIONAL FUNCTIONS OF THE OFFICIAL WEBSITES OF THE SPIRITUAL ADMINISTRATION OF MUSLIMS OF KAZAKHSTAN

Abstract. This article is devoted to a scholarly analysis of the digital infrastructure and informational functions of the official websites of the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan (SAMK). The study examines the content directions of the Administration's online resources, their structural features, and their educational role. In the contemporary period, religion extends beyond traditional institutions, expanding through information and communication technologies. In this regard, SAMK's activity in the digital sphere demonstrates new forms of conveying Islamic values to society.

The article highlights the impact of official portals in disseminating religious knowledge, providing answers to fatwa-related inquiries, and fostering spiritual education. It also analyzes their educational functions targeting various social groups and their adaptation to the requirements of modern media culture. Based on quantitative data, the study describes website audiences, search engine visibility, and user activity indicators. The author's analysis demonstrates that SAMK's official websites serve as a key instrument for strengthening the social legitimacy of the religious institution, promoting traditional Islam more broadly, and enhancing religious literacy.

Furthermore, the study characterizes SAMK's online communication system not merely as a tool of information dissemination, but as a universal platform for addressing the spiritual needs of society. This indicates an increased accessibility of religious knowledge and the consolidation of traditional Islamic values in the digital space.

Keywords: SAMK, digital infrastructure, official websites, religious communication, informational functions.

С. Шакизада

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак,
Алматы, Казахстан
e-mail: academic.shakizada@gmail.com

ЦИФРОВАЯ ИНФРАСТРУКТУРА И ИНФОРМАЦИОННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОФИЦИАЛЬНЫХ САЙТОВ ДУХОВНОГО УПРАВЛЕНИЯ МУСУЛЬМАН КАЗАХСТАНА

Аннотация. Данная статья посвящена научному анализу цифровой инфраструктуры и информационной деятельности официальных сайтов Духовного управления мусульман Казахстана (ДУМК). В исследовании рассматриваются содержательные направления интернет-ресурсов управления, их структурные особенности и просветительская роль. В современный период религия выходит за рамки традиционных институтов, расширяясь посредством информационно-коммуникационных технологий. В этом контексте активность ДУМК в цифровом пространстве отражает новые формы донесения исламских ценностей обществу.

В статье акцентируется внимание на влиянии официальных порталов в распространении религиозных знаний, предоставлении ответов на фетвальные вопросы и формировании духовного воспитания. Также анализируется их просветительская деятельность, ориентированная на различные социальные группы, и адаптация к требованиям современной медиакультуры. На основе количественных данных описывается аудитория сайтов, их видимость в поисковых системах и показатели пользовательской активности. Результаты авторского анализа показывают, что официальные сайты ДУМК являются ключевым инструментом укрепления социальной легитимности религиозного института, широкого распространения традиционного ислама и повышения религиозной грамотности.

Кроме того, в ходе исследования онлайн-коммуникационная система ДУМК рассматривается не только как средство распространения информации, но и как универсальная платформа удовлетворения духовных запросов общества. Это обстоятельство свидетельствует о повышении доступности религиозных знаний и закреплении традиционных исламских ценностей в цифровом пространстве.

Ключевые слова: ДУМК, цифровая инфраструктура, официальные сайты, религиозная коммуникация, информационная деятельность.

Кіріспе

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) қазіргі кезеңде дәстүрлі діни қызметпен қатар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану арқылы қоғаммен байланыс орнатудың жаңа

үлгісін қалыптастыруда. Жаһандану дәуіріндегі цифрландыру үдерісі діни институттардың қызметін тек мешіттер мен медреселер аясымен шектемей, кең әлеуметтік кеңістікте жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Бұл тұрғыдан алғанда, ҚМДБ-ның заманауи ме-

диа инфрақұрылымы діни білімді тарату, рухани тәрбие жүргізу және қоғамдық дискурста белсенділік таныту үшін негізгі құралдардың бірі болып отыр.

Құрылымдық тұрғыда бұл жүйе бірнеше деңгейден тұрады: діни ақпаратты жеткізетін цифрлық арналар, сенім мен құлшылыққа қатысты сұрақтарға жауап беретін пәтуалық алаңдар, сондай-ақ діни-ағартушылық мазмұнды қоғамның әртүрлі жас топтарына бейімдеп ұсынатын интерактивті форматтар. Олардың әрқайсысы белгілі бір аудиторияға бағытталғанымен, ортақ мақсаты – дәстүрлі ислам құндылықтарын заманауи цифрлық кеңістікке тиімді бейімдеу.

Соңғы жылдары ҚМДБ өзінің институционалдық миссиясын кеңейтіп, ақпарат таратуда дәстүрлі әдістермен қатар онлайн құралдарға да басымдық берді. Бұл тәжірибе қоғамдағы діни санаға әсер етудің жаңа формаларын қалыптастырып, дін мен ақпараттық технологиялардың тоғысуынан туындайтын феномендерді зерттеуге мүмкіндік береді. Мәселен, діни басқармаға тиесілі ақпараттық арналар тек уағыз айту немесе хабар тарату қызметімен шектелмей, интерактивті қарым-қатынас орнату, діни білімді жүйелеу және сенушілердің рухани қажеттіліктеріне жедел жауап беру сияқты көпқырлы функцияларды атқарады.

Осыған байланысты, ҚМДБ-ның цифрлық инфрақұрылымын талдау діни коммуникацияның жаңа үлгілерін анықтап, оның әлеуметтік рөлін айқындауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеудің мақсаты – басқарманың қолданыстағы цифрлық арналарын

сандық әрі сапалық тұрғыда талдап, олардың діни институт мәртебесін нығайтудағы қызметін ғылыми негізде көрсету.

Онлайн – сан салалы, бағыттары көп құрылымдық жүйе. Әлемдегі білім беру саласы, медицина, қызмет көрсету орталықтары, қаржы, саудасаттық, жалпы алғанда барлық сала күннен күнге дәстүрлі бағыттан онлайн, цифрлық жүйеге ауысып жатыр. Бұл діни саланы да айналып өтпеді. Елімізде әртүрлі деңгейде сан түрлі форматта діни мазмұндағы дәрістер, уағыз-насихаттар ұсынылып, сайттар мен қосымшалар жұмыс істеп келеді. Осылардың ішінде халықтың діни имунитетін дұрыс қалыптастыруға ат салысып келе жатқан, 35 жылдан бері дұрыс түсініктегі исламның мәнін жеткізу жауапкершілігін алған діни басқарманың рөлі ерекше. Мақаламызда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына тиесілі ресми сайттарды жан-жақты талқылаймыз.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Бұл зерттеу Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (ҚМДБ) ресми интернет-ресурстарының құрылымдық, мазмұндық және функционалдық ерекшеліктерін кешенді талдауға бағытталды. Әдіснамалық негіз ретінде діни коммуникация теориясы, медиа зерттеулер және цифрлық гуманитаристика тәсілдері қолданылды.

Зерттеу барысында контент-талдау әдісі негізгі құрал ретінде пайдаланылды. Ол арқылы ҚМДБ-ға тиесілі ресми интернет-платформалардың (ақпараттық порталдар, пәтуалық ре-

сурстар, діни-ағартушылық бағыттағы беттер) мазмұны жүйеленіп, негізгі тақырыптық бағыттары анықталды. Контент-талдау тек мәтіндік ақпаратпен шектелмей, визуалды материалдар мен мультимедиялық контентті де қамтыды.

Сонымен қатар, сандық талдау әдістері қолданылып, SimilarWeb, SEMrush және басқа да ашық дереккөздер негізінде сайттардың трафигі, аудиториясының географиялық бөлінісі, іздеу жүйелеріндегі көрінісі және қолданушы белсенділігіне қатысты статистикалық көрсеткіштер жинақталды. Бұл тәсілдер арқылы интернет-ресурстардың қоғамға ықпал ету деңгейі салыстырмалы тұрғыда бағаланды.

Сапалық әдістердің бірі ретінде салыстырмалы талдау қолданылды. Бұл әдіс ҚМДБ ресми сайттарын мазмұндық және функционалдық тұрғыдан басқа діни немесе қоғамдық ұйымдардың онлайн-платформаларымен салыстыра отырып, олардың өзіндік ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді.

Материалдар көзі ретінде ҚМДБ-ның ресми интернет-ресурстары, онлайн-платформалардың архивтік беттері, мемлекеттік органдардың статистикалық деректері және отандық, шетелдік ғылыми еңбектер пайдаланылды. Жинақталған мәліметтер жүйелі түрде талданып, ғылыми тұрғыда интерпретацияланды.

Зерттеу нәтижелері

ҚМДБ және республика аймағындағы мешіттердің ресми сайттары

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының цифрлық бағытта атқарып жатқан жұмыстары ауқымды. Қазіргі таңда мүфтиятқа қарасты ресми 30-ға жуық сайт жұмыс істейді. Олардың қатарында, alashdin.kz, nasihat.kz, nurgasyr.kz, azan.kz, hilal.kz, muslim.kz, ummet.kz, sunna.kz, amin.kz, islam-oral.kz, asyldin.kz, taglim.kz, ihsan.kz, akmechet.kz, aqmeshit.kz, beket-ata.kz, mazhab.kz, uagyz.kz, ahnaf.kz, fajr.kz, furqan.kz, iman.kz, muftyat.kz, fatua.kz, zeket.online, halaldamu.kz, kitap.muftyat.kz, qurban2024.kz, waqf.kz, janaza-qyzmet.kz сайттары бар. Оның 22-сі облыстық өкілдіктердің қызметін насихаттауға бағытталған. Әрбір сайттың өзіндік ерекшеліктері мен мүмкіндіктері бар. Біз негізгілеріне тоқталып, қысқаша талдап өтейік.

1. muftyat.kz

Muftyat.kz – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (ҚМДБ) ресми веб-сайты әрі еліміздегі дәстүрлі исламның цифрлық форматтағы ең басты өкілі. Бұл сайтты мазмұндық және идеологиялық тұрғыдан талдағанда, оның тек ақпарат таратушы құрал емес, сонымен қатар институционалды исламның өзін қоғамда рухани, мәдени және құқықтық кеңістікте легитимдеуші ресурс рөлін атқарып отырғанын байқауға болады. Сайт құрылымы, тілі, риторикасы мен мазмұны – барлығы Қазақстандағы исламның зайырлы қоғаммен үндестігінің, ұлттық болмыспен сабақтастығының көрінісі ретінде сипатталады.

Muftyat.kz сайты діни басқарманың барлық ресми қызметін, шешім-

дерін, үндеулерін, діни пәтуаларын, жаңалықтарын, уағыз-насихат бағытындағы материалдарын және құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын жинақтап, көпшілікке ұсынатын орталықтандырылған платформа. Мұнда жарияланатын мәтіндер ханафи мәзһабы мен матуриди сенімі негізіндегі Қазақстанның дәстүрлі ислам бағытын таныстырумен қатар, зайырлы-құқықтық кеңістіктегі діннің орнын үйлестіруге тырысады. Сайттың мазмұны – бір жағынан теологиялық тереңдікке ие, екінші жағынан ақпараттық және насихаттық функцияны қатар алып жүреді. Бұл – дінді ғылыми, әлеуметтік және идеологиялық деңгейде қатар баяндау тәсілін қолданудың мысалы.

Muftyat.kz-те жарияланған ресми пәтуалар бөлімінде шариғи сұрақтарға берілетін жауаптар қазіргі қоғамның ерекшеліктерімен, құқықтық нормалармен және әлеуметтік шындықпен есептесе отырып жазылады. Яғни, бұл жерде фикһ ілімі тек абстрактілі теория емес, қоғаммен байланысты практикалық құрал ретінде ұсынылады. Сонымен қатар, сайттағы уағыздар, мақалалар мен бейнематериалдарда исламның рухани-этикалық, гуманистік, әлеуметтік және отансүйгіштік қырлары жиі баса айтылады. Бұл – өз кезегінде діни мазмұнды тек шариғатпен шектемей, ұлттық болмыс пен азаматтық жауапкершілікпен ұштастырудың көрінісі.

Сайтта ресми үндеулер мен мүфтият бастамаларына ерекше мән беріледі. Бұл – ҚМДБ-ның ішкі идеологиялық бағытын қоғамға ашық түрде жариялап, дін мен мемлекеттің зайыр-

лы қатынастарын өзара келісім негізінде жүзеге асыру мақсатын көрсетеді. Muftyat.kz осы арқылы Қазақстандағы діннің модернизациялық формасын қалыптастыруға ықпал етуде. Оның тілі – ресми, нормативтік-публицистикалық сипатта. Мәтіндерде діни және зайырлы лексика бір-бірімен үйлесім табады. Бұл – діни басқарманың ақпараттық саясаты мен қоғамдық позициясының бейімделген тілдік формасы ретінде ерекше құбылыс.

Сайт құрылымдық жағынан да кәсіби ұйымдастырылған. Онда ҚМДБ қызметінің барлық бағыттары – қажылық, зекет, халал стандарттау, қайырымдылық, уағыз, пәтуа, кадрлық қызмет, оқу-ағарту және халықаралық байланыстар жүйеленген. Әрбір бағытқа қатысты бөлек парақшалар мен ішкі бөлімшелер ашылған. Бұл – институционалды діннің цифрлық жүйеге бейімделуінің нәтижесі. Сонымен қатар, сайтта онлайн кітапхана, бейне және аудиоматериалдар жинағы, діни әдебиеттер мен ережелер топтамасы да қамтылған. Бұл элементтер платформаны ақпарат тарату құралы ғана емес, діни білім берудің толыққанды базасына айналдырады.

Мүфтияттың бұл сайты діни медиатизация феномені, цифрлық теология, ресми діни дискурс пен оның идеологиялық шеңбері сияқты зерттеу категориялары аясында қарастыруға болады. Muftyat.kz – исламның қазіргі медиалық форматтағы ресми репрезентациясы ретінде, исламтану мен дінтану ғылымдары үшін құнды дереккөз. Оның мазмұны мен құрылымы Қазақстандағы діни сананың институционалдану үдерісін,

дәстүрлі ислам мен зайырлы кеңістіктің арасындағы тепе-теңдікті, сондай-ақ діни билік пен қоғамдық сана арасындағы байланыс формаларын зерделеуге мүмкіндік береді. Осы себепті сайт діни танымның трансформациясы мен оның медиадағы ұсынылу тәсілін зерттейтін академиялық жұмыстар үшін ерекше мәнге ие.

- Semrush мәліметі бойынша, сайт Қазақстанда шамамен 83 550 бірегей пайдаланушы тартады, бұл ресурстың контенттік және идеологиялық өзектілігін көрсетеді (Semrush, n.d.). Сайттың негізгі SEO трафигінің ішінде «тахаджуд намаз» (7.1 K), «намаз уақыты» (6.2 K) және «ораза кестесі 2024» (3.5 K) сияқты діни терминдер басты орын алады (Ahrefs Top, n.d.). Бұл сайттың исламдық білімге, ғибадат кестесі мен дұға сұрауларына жауап ретінде басқарылатындығын дәлелдейді.


- Semrush мәліметі бойынша, muftyat.kz сайтын Қазақстан бойынша 950-орынға орналастырады. Бұл интернет-ресурстар арасында маңызды орын алатынын көрсетеді.

Бұл ақпараттарды төмендегі суретпен қорытындыласақ болады.

2. azan.kz

Azan.kz – Алматы орталық мешітінің ресми сайты және Қазақстандағы діни контентті цифрлық кеңістікте жүйелі түрде таратушы жетекші онлайн платформалардың бірі. Бұл сайт дәстүрлі ислам ілімін, атап айтқанда ханафи мәзһабы мен матуриди ақидасын заманауи аудиторияға бейімдеп ұсынатын әрі ресми діни дискурстың медиа кеңістіктегі көрінісін қалыптастыратын маңызды ресурс болып саналады. Оның құрылымы, мазмұны және риторикасы тек діни білім беруді мақсат етпей, сонымен қатар рухани-этикалық тәрбие, әлеуметтік мәселелерге үн қосу және діни сауаттылықты арттыру миссиясын да қоса атқарады.

Сайт контентінің басты ерекшелігі – оның білім берушілік сипаты мен функционалдық әртүрлілігі. Azan.kz мазмұны оқырманға діни білімді біртіндеп меңгеруге мүмкіндік беретін құрылымда ұсынылған: мақалалар, аудиодәрістер, видеоуағыздар, ақида мен фикһ сабақтары, Құран және хадиске түсіндірмелер, сондай-ақ онлайн пәтуалар мен сұрақ-жауап айдарлары. Бұл бағыттар ислами дәстүрлі



Сурет 1 – muftyat.kz ресми сайтының трафигі мен рейтингі

білім жүйесінің негізгі компоненттерін қамти отырып, оларды қазіргі ақпараттық медиатілмен түсіндіруге бағытталған.

Сайттағы дәрістер мен сабақтар жүйелі, сабақтастықпен берілетін циклдерге құрылған. Мысалы, «Ихсан ілімі», «Риядус-салихин» түсіндірмелері, «Фиқһ дәрістері» сияқты айдарлар діни білімді бастапқыдан тереңге қарай меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, апталық бейнеуағыздар мен жұма насихаттары қоғамдағы өзекті тақырыптарды қамтиды. Мұндай тақырыптар қатарында отбасылық тәрбие, рия, шүкіршілік, ниет, көркем мінез, дін мен дүниенің тепе-теңдігі секілді рухани-психологиялық бағыттағы мазмұндар жиі кездеседі. Бұл сайт риторикасының тек шариғи үкімдерге емес, мұсылман этикасы мен ішкі кемелдікке де негізделетінін көрсетеді.


Сайттың тілі – әдеби, терең, әрі кәсіби. Мұндағы мәтіндер ғылыми-теологиялық мазмұнмен қатар, психологиялық және тәрбиелік қырынан да құрылған. Жазу мәнері ресми уағыз стилі мен публицистиканың арасындағы шекарада тұрады. Риторикалық құрылымда дәлел келтіру, діни мәтінге сілтеме жасау, тарихи оқиғаларға және сахабалар өміріне сүйену секілді дәстүрлі тәсілдер кеңінен қолданылады. Бұл тәсіл аудиторияны иландыру мен тәрбиелеудің классикалық исламдық әдістерін жаңғырту ретінде қабылдануы мүмкін.

Azan.kz – тек діни ақпараттық ресурс ғана емес, сонымен қатар белсенді пайдаланушылармен кері байланыс орната білетін платформа.

«Сұрақ қою» модулі арқылы пайдаланушылар нақты шариғи немесе діни мәселелер бойынша сауалдарын жолдап, фиқһ мамандарынан тікелей жауап алады. Бұл интерактивтілік діни институт пен қоғам арасындағы медиалық көпірдің заманауи формасын танытады. Сонымен қатар, сайттың әлеуметтік желілермен интеграциясы (YouTube, Telegram, Instagram) арқылы контенттің кең таралуы қамтамасыз етіледі.

Жалпы алғанда, Azan.kz – Қазақстандағы исламдық білім мен руханиятты заманауи медиалық құралдар арқылы таратудың жарқын үлгісі. Бұл ресурс дәстүрлі діни мұраны цифрлық мәдениетпен ұштастырып, тек ақпарат тарату емес, жүйелі оқыту, тәрбие және рухани кемелдену мақсатын көздейді.

Сандық тұрғыдан қарағанда, Similarweb деректері бойынша портал 2025 жылдың маусым айының көрсеткіші бойынша шамамен 1.7 млн тұтынушыны тартады, бұл оның Қазақстандағы діни контент таратудағы көшбасшылық позициясын дәлелдейді: сайт елде 211 рейтингке, ал әлемдік деңгейде 48 788 орынға ие (Similarweb, n.d.). Пайдаланушылардың 75%-ы Қазақстаннан келеді, ал ең белсенді аудитория 25-34 жастағы ер адамдар; орташа кіру уақыты – шамамен 1 минут 28 секунд, яғни пайдаланушылар сайттағы ресурстарды белсенді тұтынуда. Аталған мәліметтерді төмендегі сызбалар негізінде қорытындылауға болады:



Сурет 2 – azan.kz ресми сайтының сандық өлшемдері

Сапалық тұрғыдан алғанда, сайттың құрылымында бес негізгі бөлім бар: намаз уақыты, хадис және ақида, мақалалар, аудио/бейнедерістер және пәтуалар. Бұл секілді функционалдық топтар исламдық білім беру мен діни тәлімнің дәстүрлі методтарын цифрлық форматқа ауыстырудың нақты мысалдары болып табылады. Мысалы, «Пятничные наставления», «Ихсан – основа духовного воспитания», «Рияду ас-Солихин» және «Фетвы ДУМК» сияқты дәріс циклдері бүкіл контент типі арқылы жүйелі жарияланады, олар шамамен ондаған мың көрілім жинаушы белсенді материалдарға айналған. Мысал ретінде, «Вопрос устазу: выпуск 44» эпизоды 2 991 оқылым жинаған; «99 имён Аллаха» мақаласы 2.97 млн-нан астам қаралым алған.

3. muslim.kz


Астана қаласындағы «Әзірет Сұлтан» мешітінің ресми сайты. **Muslim.kz** – Қазақстандағы дәстүрлі ислам құндылықтарын кең аудиторияға ұсынатын және қоғамдағы діни сауаттылықты арттыруға бағытталған ірі медиа-платформалардың бірі. Бұл сайт құрылымдық жағынан мазмұнға бай, тілдік әрі визуалды түрде қолданушыға ыңғайлы ұйымдастырылған, ал мазмұны теологиялық тұрғыдан ҚМДБ бекіткен ханафи мәзһабы мен матуриди сеніміне негізделген. Контенттерінде діни білім беру мен қоғамдық-рухани тәрбие қатар жүреді, әсіресе ислам ілімдерінің басты салалары – фих, ақида, Құран және хадис түсіндірмелері, ғибадат және мораль мәселелері басты орын алады. Мақалалар мен сұрақ-жауап

тарда нақты өмірлік мысалдар мен практикалық сұрақтарға шариғи тұрғыдан жауаптар беріліп, оларды заманауи мәселелермен ұштастырып түсіндіруге тырысады. Сайттағы риторика ресми-теологиялық стиль мен публицистикалық баяндау үлгісінің ортасынан орын алады: бір жағынан дәлелді әрі мазмұнды, екінші жағынан көпшілікке түсінікті тілмен берілген.

Muslim.kz порталындағы негізгі контент формаларына мақалалар, бейнематериалдар, аудиодәрістер, тікелей эфирлер, пәтуалар, діни сұрақтарға жауаптар және электронды кітапхана жатады. Мұндай форматтар арқылы ол ислам дінін тек догматикалық негізде емес, өмірлік тәжірибемен байланыстырып, аудиторияның рухани және әлеуметтік сұраныстарына жауап беріп отырады. Сонымен қатар сайт жастармен, отбасымен, әйелдермен, білім беру мәселелерімен байланысты тақырыптарды жиі көтеріп, ислам дінінің күнделікті өмірмен сабақтастығын көрсете отырып, руханият пен зайырлы кеңістік арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тырысады. Пайдаланушы интерфейсі, құрылымдық айқындылығы және интерактивті функциялары Muslim.kz-ті тек ақпарат таратушы құрал емес, діни білімді жүйелі түрде беруге арналған танымдық платформаға айналдырады.

Сандық деректер бойынша, сайт айына ондаған мың тұрақты пайдаланушыны қамтиды, іздеу жүйелерінде белсенді көрінеді, ал басты ізделетін сөз тіркестері көбіне «намаз уақыты», «ораза дұғасы» сынды діни-ғибадаттық мазмұнмен байланысты.

Бұл Muslim.kz-тің халықтық деңгейдегі діни тәжірибені қолдап отырғанын және діни күнтәртіппен байланысты ақпараттарға үлкен сұраныс бар екенін көрсетеді. Жалпы алғанда, бұл сайт Қазақстандағы ресми діни дискурстың бұқараға жеткізілуінің медиалық құралы ретінде маңызды рөл атқарады. Ол институционалды исламның цифрлық кеңістіктегі тұрақты, сенімді және педагогикалық ұстанымын қалыптастырып, діни ақпарат пен тәрбие құралдарының жаңа медиамен үндесу мүмкіндігін сәтті жүзеге асырып отыр. Сайттың жалпы трафигі бойынша SimilarWeb мәліметі бойынша, muslim.kz порталы 2025 жылдың маусым айында шамамен 68 700 бірегей айлық келушіні тіркеген. Бұл көрсеткіш платформа аудиториясының тар көлемін және оның діни контент таратудағы ықпалының шектеулі екенін аңғартады. Қазақстандағы жалпы веб-ресурстар рейтингі бойынша сайт 4918-орында, ал діни контентке жатқызылатын *Faith & Beliefs* категориясында 5 826-орынды иеленеді. Пайдаланушылардың басым бөлігі Қазақстан аумағынан, халықаралық аудитория үлесі төмен деңгейде. Орташа кіру уақыты мен бет көрілімдері көрсеткіштері сайттың контентін шолу үстірт жүргізілетінін көрсетеді, бұл өз кезегінде тұтынушылардың ұзақ уақыт бойы белсенді қатысу деңгейінің төмен екеніне дәлел. Аталған сандық мәліметтерді төмендегі суреттен көре аласыз.



Сурет 3 – muslim.kz ресми сайтының сандық көрсеткіштері

4. ummet.kz

Нұр-Сұлтан қаласындағы «Әбу Насыр әл-Фараби» мешітінің ресми рухани-ағарту порталы. **Ummet.kz** – Қазақстандағы діни интернет кеңістікте қалыптасқан исламдық ақпараттық-ағартушылық платформалардың бірі ретінде дәстүрлі ханафи мәзһабы мен матуриди сенімін негізге ала отырып, діни сауаттылықты арттыру, рухани құндылықтарды насихаттау және шариғи білімді қарапайым оқырманға қолжетімді түрде ұсыну мақсатында жұмыс істейтін медиа ресурс. Сайт мазмұны мен құрылымына жүргізілген талдау оның діни білімді жүйелі жеткізуге, сонымен қатар заманауи қоғамдағы күнделікті мәселелерді шариғи тұрғыдан түсіндіруге бағытталғанын айқын аңғартады.

Ummet.kz сайтында ұсынылатын негізгі мазмұн түрлері – мақалалар, пәтуалар, сұрақ-жауап айдары, бес парыз, ислам тарихы, отбасылық тәрбие, рухани тәлім және діни мерекелер-

ге қатысты танымдық жазбалар. Бұл құрылым ислам дінінің классикалық ілімін тарату мен оның өмірлік-практикалық аспектілерін түсіндіруге арналған. Пәтуаларда нақты әлеуметтік контекстегі сұрақтарға жауап беріледі: мұндай мазмұн үлгілері – қоғамда жиі кездесетін, заманауи этикалық-діни дилеммаларға байланысты қойылатын сұрақтарға ресми теологиялық негізде жауап қайтару үлгісі ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыдан алғанда, сайт шариғи құқықты (фиqh) қазіргі уақыт пен кеңістікке бейімдеп, ресми діни ұстанымды қалыптастырушы медиатүсіндірме алаңы қызметін атқарады.


Сайттың тілі – әдеби, публицистикалық және шариғи-терминологиялық дәлдікпен берілген. Бұл мазмұндарда ғылыми негізделген исламдық біліммен қатар, қарапайым аудиторияға бейімделген насихаттық үлгі қатар жүреді. Бұл риторикалық тәсіл дін мен аудитория арасындағы медиа-

тивтік байланысты орнатудың тиімді құралы ретінде қызмет етеді. Сайтта жарияланған материалдардың көпшілігі дәстүрлі діни білімді модерндік форматта ұсынуға бағытталған. Сонымен қатар, материалдарда Құран және хадис мәтіндеріне, мәзһаб ғұламаларының пікірлеріне, заманауи шарият кеңестерінің шешімдеріне сілтемелер жиі кездеседі, бұл контенттің діни-ғылыми легитимдігін арттыра түседі.

Ummet.kz сайтына тән ерекшеліктердің бірі – оның интерактивтілікке бейімдігі. Сұрақ қою арқылы сайт оқырмандары өзекті діни мәселелер бойынша нақты әрі жедел жауаптар ала алады. Бұл діни институт пен қоғам арасындағы байланысты нығайтып, шариғи білімнің жекелеген қолданушы деңгейінде іске асуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сайт қолданушыларға қажетті практикалық құралдар – намаз уақыттары, зекет калькуляторы, діни күнтізбе сияқты сервистік элементтер ұсынады. Бұл – діни білім мен тәжірибені күнделікті

өмірге ықпалдастыру стратегиясының көрінісі.

Ummet.kz сандық тұрғыдан қарағанда ай сайын шамамен 9 100 бірегей келушіні (солардың 73.8 % – Қазақстаннан), 6 500-ден астам іздеу сөзі арқылы көрінетін және Domain Rating көрсеткіші 26 деңгейінде орналасқан, бұның өзі сайттың орташа деңгейдегі сілтеме сенімділігі мен іздеу құрылғыларындағы тұрақтылығын көрсетеді. Атап айтқанда, «ауыз-ашар дұғасы» сияқты діни-ғибадаттық контенттерден келетін іздеу аудармасы айтарлықтай (1.9 К жолдама ай сайын), бұл сайттың саясаттық емес, практикалық рухани қажеттіліктерге бағытталғанын білдіреді (Ahrefs Top, n.d.). Сонымен қатар, Ресей мен Қырғызстаннан да келушілер бар, ал сілтеме профилінде 202 сайттан бекітілген сыртқы байланыс бар – бұл сенімділік пен аймақаралық қолжетімділіктің белгісі. Аталған мәліметтерді графикалық сурет форматында төмендегідей ұсына аламыз.



Сурет 4 – ummet.kz ресми сайтының сандық көрсеткіштері

Жоғарыдағы ресми сайттардың құрылымында ортақ нәрсе бар. Олар: намаз уақыты, соңғы жаңалықтар, сұрақ-жауап, мақалалар. Солардың ішінде Алматы орталық мешітінің azan.kz сайты көш бастап тұрғанын байқауға болады. Оның басты себебі – azan.kz сайтындағы қазақша және орысша дәрістер топтамасы. Қазақ тіліндегі сабақтар Құран, ақида, фикһ, хадис, пайғамбар өмірбаяны, әдеп және сопылық, рамазан тақырыптарын қамтыса, орыс тілінде «проза», «фетвы», «проповедь», «общество» бөлімдері жоғарыдағы тақырыптарға қосымша қосылған. Сондай-ақ дәрістер видео, аудио және мәтін форматында ұсынылуы да сайтқа кіретін оқырман санына әсер ететіні анық. Басымдылық орыс тіліне берілген. Бұдан бөлек кітапхана бөлімі де сайтқа кірген адамды қызықтырады. Себебі кітапхана бөліміндегі тақырыптар исламның барлық негізгі бағытын қамтыған деуге негіз бар. Тарқатып айтсақ, «Коран и его тафсиры», «Ақыда», «Фикх», «Фетвы», «Хадисы», «Жизнеописание Пророка», «История пророков», «Благородные сподвижники», «История ислама», «Биография ученых», «Адаб и суфизм», «Книги для детей», «Исламские финансы» және тағы басқа да маңызды тақырыптарды ұсынған. Орыс тілінде жазылған кітаптарды сайтта электронды форматта тегін оқуға мүмкіндік берген. Сонымен қатар аудио және видео үлгісінде дәрістер легін, уағыздар топтамасын қазақша және орысша жариялауы сайттың халық алдында сұранысқа ие екендігін көрсетеді.

10. Джумаа А. (2011). *Аль-Баян ли-ма яшгаль аль-Адхан* [Разъяснение волнующих вопросов]. Каир: Дар ас-Салам. – 422 с.
11. Wadud, A. (1992). *Qur'an and Woman: Rereading the Sacred Text from a Woman's Perspective*. Oxford: Oxford University Press. – 118 p.
12. Wadud, A. (2006). *Inside the Gender Jihad: Women's Reform in Islam*. Oxford: Oneworld Publications. – 256 p.
13. Якубов М. Я. (2010). *Исламское богословие и рационализм мутазилитов*. Казань: Изд-во Казанского университета. – 208 с.
14. Мухетдинов Д. В. (2019). *Ислам и вызовы современности: богословские размышления*. Москва: Медина. – 312 с.
15. Мухетдинов Д. В. (2019). Исламская феминистская экзегеза Амины Вадуд // *Ислам в современном мире*, №4, с. 81–98. DOI: 10.22311/2074–1529–2019–15–4–81–98.
16. Нургалеев И. Р. (2015). *Герменевтика в исламской мысли: традиции и новации*. Казань: Изд-во КФУ. – 224 с.
17. Юсупова С. Ш. (2022). Дебаты турецких теологов о феминизме и обновлении ислама // *Вестник Казахского национального женского педагогического университета*, № 2(90), с. 25–39. DOI: 10.52512/2306–5079–2022–90–2–25–39
18. Жанайдаров Н. М. (2020). *Методология исламского права в Центральной Азии*. Алматы: Қазақ университеті. – 216 с.
19. Досмурзинов Р.К. (2023). Ислам Великой степи: исторические и культурные аспекты развития мировой религии в Казахстане // *Вестник КГПИ*, №1 (69), с. 11–18.
20. Карин Е. Т. (2020). *На перекрёстке традиции и модерна: ислам в Казахстане*. Алматы: КИСИ. – 174 с.
21. Джалилов З.Г. (2016). Возрождение ислама в контексте новых реалий Казахстана // *Мир Большого Алтая*, № 2(1.1), с. 23–31.

22. Жумабаев Б. Ш. (2021). *Традиционные ценности и вызовы глобализации*. Нур-Султан: НИЦ «Эзірет Сұлтан». – 208 с.
23. Ералиев Р. (2019). «Исламская герменевтика и религиозная идентичность», *Религиоведение в Казахстане*, №4, с. 68.
24. Комитет по делам семьи и гендерной политики (2023). *Отчет о положении семьи в Республике Казахстан*. Астана: Министерство труда и соц. защиты населения. – 92 с.

REFERENCES

1. Al-Ghazali, A. H. (2005). *Ihya' 'Ulum al-Din* [Revival of the Religious Sciences], Vol. 2. Beirut: Dar al-Ma'arifa. – 398 pp.
2. Ibn Kathir, I. (2000). *Tafsir al-Qur'an al-'Azim* [The Great Commentary of the Qur'an], Vol. 1. Beirut: Dar al-Fikr. – 464 pp.
3. Al-Tabari, M. J. (2007). *Jami' al-Bayan 'an Ta'wil Ay al-Qur'an* [Comprehensive Explanation of Qur'anic Verses], Vol. 1. Beirut: Mu'azzamiya. – 512 pp.
4. Al-Qurtubi, M. A. (1993). *Al-Jami' li-Ahkam al-Qur'an* [Compendium of Qur'anic Rulings], Vol. 1. Cairo: Dar al-Kutub al-Misriyya. – 522 pp.
5. Al-Shafi'i, M. I. (1973). *Al-Risala* [Treatise on the Principles of Islamic Jurisprudence]. Beirut: Dar al-Ma'arifa. – 382 pp.
6. Al-Marghinani, A. A. (1997). *Al-Hidaya* [The Guidance in Fiqh], Vol. 1. Beirut: Dar al-Fikr. – 383 pp.
7. Al-Bukhari, M. I. (2002). *Sahih al-Bukhari* [Authentic Collection of Hadiths]. Beirut: Dar Ibn Kathir. – 1400 pp.
8. Al-Taftazani, S. D. (2003). *Sharh al-'Aqa'id al-Nasafiyya* [Commentary on the Creed of al-Nasafi]. Beirut: Dar al-Kutub al-'Ilmiyya. – 304 pp.
9. Bin Baz, A. A. (1995). *Majmu' al-Fatawa* [Collection of Legal Rulings], Vol. 12. Riyadh: Dar al-Watan. – 390 pp.
10. Gomaa, A. (2011). *Al-Bayan lima Yashghal al-Adhan* [Clarification of What Occupies the Mind]. Cairo: Dar al-Salam. – 422 pp.
11. Wadud, A. (1992). *Qur'an and Woman: Rereading the Sacred Text from a Woman's Perspective*. Oxford: Oxford University Press. – 118 pp.
12. Wadud, A. (2006). *Inside the Gender Jihad: Women's Reform in Islam*. Oxford: Oneworld Publications. – 256 pp.
13. Yakubov, M. Y. (2010). *Islamic Theology and the Rationalism of the Mu'tazilites*. Kazan: Kazan University Press. – 208 pp.
14. Mukhetdinov, D. V. (2019). *Islam and the Challenges of Modernity: Theological Reflections*. Moscow: Medina. – 312 pp.
15. Mukhetdinov, D. V. (2019). *Islamic Feminist Exegesis of Amina Wadud, Islam in the Modern World*, No. 4, pp. 81–98. DOI: 10.22311/2074-1529-2019-15-4-81-98.
16. Nurgaliyev, I. R. (2015). *Hermeneutics in Islamic Thought: Traditions and Innovations*. Kazan: Kazan Federal University Press. – 224 pp.
17. Yusupova, S. Sh. (2022). *Debates of Turkish Theologians on Feminism and the Renewal of Islam*, *Bulletin of the Kazakh National Women's Pedagogical University*, No. 2(90), pp. 25-39. DOI: 10.52512/2306-5079-2022-90-2-25-39.
18. Zhanaidarov, N. M. (2020). *Methodology of Islamic Law in Central Asia*. Almaty: Qazaq University. – 216 pp.

19. Dosmurzynov, R. K. (2023). *Islam of the Great Steppe: Historical and Cultural Aspects of the Development of a World Religion in Kazakhstan*, *Bulletin of KGPI*, No. 1(69), pp. 11-18.
20. Karin, E. T. (2020). *At the Crossroads of Tradition and Modernity: Islam in Kazakhstan*. Almaty: KISI. – 174 pp.
21. Dzhililov, Z. G. (2016). *Revival of Islam in the Context of the New Realities of Kazakhstan*, *World of Great Altay*, No. 2(1.1), pp. 23-31.
22. Zhumabayev, B. Sh. (2021). *Traditional Values and the Challenges of Globalization*. Nur-Sultan: «Aziret Sultan» Research Center. – 208 pp.
23. Yeraliev, R. (2019). «Islamic Hermeneutics and Religious Identity», *Religious Studies in Kazakhstan*, No. 4, p. 68.
24. Committee on Family and Gender Policy (2023). *Report on the Status of Families in the Republic of Kazakhstan*. Astana: Ministry of Labor and Social Protection. – 92 pp.

Автор туралы мәлімет:

Абдыкаимов Эркин Медербекович – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Исламтану кафедрасының оқытушысы (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: dhrr@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-9394-7847)

معلومات عن المؤلف:

عبدالكيموف إركين ميديربكوفيتش – محاضر في قسم الدراسات الإسلامية بجامعة نور مبارك المصرية للثقافة الإسلامية (ألماتي، كازاخستان).

Information about author:

Abdykaimov, Erkin Mederbekovich – Lecturer at the Department of Islamic Studies, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture (Almaty, Kazakhstan, e-mail: dhrr@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-9394-7847)

Сведения об авторе:

Абдыкаимов, Эркин Медербекович – преподаватель кафедры Исламоведения Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: dhrr@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-9394-7847)

ДИНТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

ДИНДЕР ТАРИХЫ, ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ, ДІНИ САНА, ДІН
ФИЛОСОФИЯСЫ, ДІНИ ПСИХОЛОГИЯ, ДІН ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ, ДІН ЖӘНЕ
МӘДЕНИЕТ, ДІН ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ, ДІН ЖӘНЕ ДІНИ АҒЫМДАР, ДІН
ЖӘНЕ КИЕЛІ ОРЫНДАР, ДІНИ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР, ТАРИХИ КӨНЕ
ЕСКЕРТКІШТЕР, ДІН ЖӘНЕ ҚҰЛШЫЛЫҚ, ДІНИ ТӨЗІМДІЛІК, ДІНДЕР
АРАСЫНДАҒЫ СҰХБАТТАСТЫҚ, ДІНИ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

البحث في علوم الأديان

تاريخ الأديان، الدين والمجتمع، الوعي الديني، علم النفس الديني، الدين والعلوم، الدين
والثقافة، الدين والدولة، الدين والتيارات الدينية، الدين والأماكن المقدسة، الشخصيات
الدينية التاريخية وحياة المشاهير والأعلام الدينية، التقليد الديني التاريخي، الدين
والعبادات، التسامح الديني، الحوار بين الأديان، الأوقاف الدينية والأعمال الخيرية

RESEARCH IN RELIGIOUS SCIENCES

HISTORY OF RELIGIONS, RELIGION AND SOCIETY, RELIGIOUS
CONSCIOUSNESS, RELIGIOUS PHILOSOPHY, RELIGIOUS PSYCHOLOGY,
RELIGION AND SCIENCE, RELIGION AND CULTURE, RELIGION AND THE
STATE, RELIGION AND RELIGIOUS CURRENTS, RELIGION AND HOLY
PLACES, HISTORICAL RELIGIOUS FIGURES, HISTORICAL RELIGIOUS
TRADITION, RELIGION AND WORSHIP, RELIGIOUS TOLERANCE
INTERFAITH, DIALOGUE, RELIGIOUS ENDOWMENTS AND CHARITY

ИССЛЕДОВАНИЯ В ОБЛАСТИ РЕЛИГИОЗНЫХ НАУК

ИСТОРИЯ РЕЛИГИИ, РЕЛИГИЯ И ОБЩЕСТВО, РЕЛИГИОЗНОЕ
СОЗНАНИЕ, РЕЛИГИОЗНАЯ ФИЛОСОФИЯ, РЕЛИГИОЗНАЯ
ПСИХОЛОГИЯ, РЕЛИГИЯ И НАУКА, РЕЛИГИЯ И КУЛЬТУРА, РЕЛИГИЯ
И ГОСУДАРСТВО, РЕЛИГИЯ И РЕЛИГИОЗНЫЕ ТЕЧЕНИЯ, РЕЛИГИЯ
И СВЯТЫЕ МЕСТА, ИСТОРИЧЕСКИЕ РЕЛИГИОЗНЫЕ ДЕЯТЕЛИ,
РЕЛИГИОЗНЫЕ ПАМЯТНИКИ, РЕЛИГИЯ И ПОКЛОНЕНИЕ, РЕЛИГИОЗНАЯ
ТОЛЕРАНТНОСТЬ, МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНЫЙ ДИАЛОГ, РЕЛИГИОЗНЫЕ
ПОЖЕРТВОВАНИЯ И БЛАГОТВОРИТЕЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

К. Ержан¹, М.Махмет¹

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: murat1215@mail.ru

АҚЫТ ҮЛІМЖІҰЛЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ: ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ МЕН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДІНИ-КӨРКЕМДІК ТАНЫМ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақтың діни-ағартушылық ойының көрнекті өкілі Ақыт Үлімжіұлының көркемдік мұрасы мен тұлғалық болмысы жан-жақты қарастырылады. Ақынның шығармаларындағы рухани, этикалық және ұлттық құндылықтар жүйесі, сондай-ақ оның шығармашылық дүниетанымының ерекшеліктері мен дін, мораль, мәдениет тақырыптарындағы көзқарастары талданады. Ақыттың әдеби тілі, айшықты бейнелеу құралдары мен тақырыптық ауқымы оның заманының күрделі тарихи-әлеуметтік үдерістерін терең сезініп, көркем түрде жеткізе білгенін көрсетеді. Сонымен қатар, мақалада Ақыт Үлімжіұлының тұлғалық келбеті, діни-пәлсапалық танымы мен қоғамдық ұстанымы сараланып, оның ұлттық сана қалыптастырудағы орны мен ықпалы айқындалады. Ақыттың мұрасы – қазақ руханияты мен әдебиетінің маңызды бөлігі ретінде бағаланып, бүгінгі күн тұрғысынан қайта пайымдауды қажет етеді.

Түйін сөздер: Ақыт Үлімжіұлы, ахлақ, этика, ислам философиясы, рухани кемелдік, тұлғалық даму, дүниетаным.

إرجان قالماخان¹، ماخميت موراتخان¹

¹جامعة نور مبارك للثقافة الإسلامية في مصر، ألماني، كازاخستان
e-mail: murat1215@mail.ru

الإرث الروحي لأقيت أوليمجيأولي: ملامح شخصيته والإدراك الديني- الجمالي في أعماله

الملخص: تتناول هذه المقالة بالدراسة الشاملة التراث الفني والشخصية الفكرية لأقيت أوليمجي أولي، أحد أبرز ممثلي الفكر الديني والتنويري الكازاخي. يتم تحليل منظومة القيم الروحية، الأخلاقية والوطنية في أعماله، إلى جانب خصوصيات رؤيته الإبداعية ومواقفه حول الدين، الأخلاق، والثقافة. تُظهر لغته الأدبية وأسلوبه التصويري الغني وتنوع موضوعاته مدى وعيه العميق بالعمليات الاجتماعية والتاريخية المعقدة في عصره، وقدرته على التعبير عنها بأسلوب فني. كما تسلط المقالة الضوء على ملامح شخصيته، وفكره الديني الفلسفي، ومواقفه الاجتماعية، ودوره في تشكيل الوعي القومي وتأثيره فيه. يُعد تراث أقيت جزءاً مهماً من الروحانية والأدب الكازاخيين، ويستحق إعادة التقييم في ضوء الواقع المعاصر. **الكلمات المفتاحية:** أقيت أوليمجي أولي، الأخلاق، الفلسفة الإسلامية، الكمال الروحي، لتطور الشخصي، الرؤية الفكرية.

K.Yerzhan¹, Makhmet¹

¹Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan
e-mail: murat1215@mail.ru

THE SPIRITUAL LEGACY OF AKHYT ULIMZHIYULY: PERSONAL IDENTITY AND THE RELIGIOUS- AESTHETIC PERCEPTION IN HIS WORKS

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the artistic legacy and personal identity of Akhyt Ulimzhiyuly, a prominent figure in Kazakh religious and educational thought. It examines the system of spiritual, ethical, and national values reflected in his works, the unique features of his creative worldview, as well as his perspectives on religion, morality, and culture. Akhyt's literary language, expressive tools, and thematic scope demonstrate his deep understanding of the complex historical and social processes of his time and his ability to convey them artistically. Furthermore, the article explores Akhyt Ulimzhiyuly's personal character, religious-philosophical outlook, and social stance, emphasizing his role and influence in shaping national consciousness. His legacy is recognized as an important part of Kazakh spirituality and literature, requiring renewed interpretation in the context of contemporary perspectives.

Keywords: Akhyt Ulimzhiyuly, akhlaq, ethics, Islamic philosophy, spiritual perfection, personal development, worldview.

К. Ержан¹, М. Махмет¹

¹Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак,
Алматы, Казахстан
e-mail: murat1215@mail.ru

ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ АКЫТА УЛИМЖИЮЛЫ: ЛИЧНОСТНЫЙ ОБЛИК И РЕЛИГИОЗНО- ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ВОСПРИЯТИЕ В ЕГО ПРОИЗВЕДЕНИЯХ

Аннотация. В данной статье всесторонне рассматриваются художественное наследие и личностная сущность Акыта Улимжиюлы – видного представителя казахской религиозно-просветительской мысли. Анализируются система духовных, этических и национальных ценностей в его произведениях, особенности его творческого мировоззрения, а также взгляды по вопросам религии, морали и культуры. Литературный язык Акыта, выразительные средства и тематический охват демонстрируют его глубокое восприятие сложных историко-социальных процессов своего времени и способность художественно их осмыслить. Кроме того, в статье рассматриваются личностный облик Акыта Улимжиюлы, его религиозно-философские взгляды и общественная позиция, подчеркивается его роль и влияние в формировании национального самосозна-

ния. Наследие Ақыта оценивается как важная часть казахской духовности и литературы, требующая переосмысления с позиций современности.

Ключевые слова: Ақыт Улимжиулы, ахляк, этика, исламская философия, духовное совершенство, личностное развитие, мировоззрение.

Ақыт Үлімжіұлының тұлғалық болмысы оның өмірі мен шығармашылығында көрініс тапқан рухани, діни, ағартушылық және адамгершілік қасиеттерімен ерекшеленеді. Ол өз заманының ірі діни ағартушысы, ақын және ойшылы ретінде халықтың рухани-мәдени өміріне елеулі үлес қосып, қазақтың діни-этикалық дүниетанымын дамытуға ықпал етті. Ақыттың тұлғалық болмысының негізгі қырларын бірнеше тұрғыда қарастыруға болады:

Біріншіден Ақыт – діни-ағартушы және рухани ойшыл. Ақыт Үлімжіұлының басты тұлғалық қырларының бірі – діни-ағартушылық қызметі. Ол қызметке араласқан 1891 жылдан бастап қайтыс болған 1940 жылға дейін ислам дінінің негіздерін түсіндіру, діни білімді халыққа жеткізу және сауаттылықты арттыру үшін аянбай еңбек етті. Жалпы медресе ашып, бала оқыту, халық санасына ислам құндылықтарын сіңіру – тарихта өткен барлық мұсылман ғалымдарының атқарған қызметі саналады. Барша ғалымдар бала оқыту, білім беруге аса мән берген. Өйткені, «Білім үйрету – бір жағынан Аллаға жасалған құлшылық, екінші жағынан, Алла Тағалаға өкілдік. Әрі ең үлкен өкілдік. Өйткені Алла Тағала ең басты сипаты болғаны білімді Ғалымның жүрегіне орнықтырды» [1, 27 б.].

Әл-Ғазалидің жоғарыдағы сөзіне сүйенсек, Ақыт Үлімжіұлы да – Алла

тарапынан адамдардың жүрегін кемелдендіруге, тазалауға бұйырылған ғалым. Ақыттың ағартушылығы жалпақ білім беру емес, оның негізгі артықшылығы – адамдарға хақты, ақиқатты, жаратушыны шынайы тануды үйретті. Осы мақсатта, Ақыт діни медреселер ашып, жастарды діни білім алуға шақырды, сонымен қатар, өзінің шығармашылығында діни қағидаттарды насихаттау арқылы халықтың рухани тәрбиесіне үлес қосты.

Ақыт Үлімжіұлы өзінің ақындық қабілетімен де ерекшеленді. Оның өлеңдері діни және рухани тақырыптарға бағытталып, Аллаға деген махаббатты, адамгершілік құндылықтарды және рухани кемелденуді жырлады. Ақыттың поэзиясында сопылық сарындар, рухани тәрбие, нәпсіні тыйып, ішкі жан дүниені тазартып, Аллаға жақындау сияқты тақырыптар кеңінен көрініс тапқан. Бұл оны қазақтың рухани ақындарының қатарында ерекше орынға ие етеді [2, 173 б.]. Басында айтып өткеніміздей, Ақыттың ағартушылық ілімі – һидаятқа бастайтын жол.

Ақыттың тұлғалық болмысының екінші бір сипаты – ол имандылық пен рухани тазалықты, ұлттық рухани құндылықтарды насихаттаушы. А. Үлімжіұлының шығармашылығы мен өмірлік ұстанымдары оның имандылыққа деген терең сенімін, рухани тазалыққа ұмтылысын көрсетеді. Ақыт үшін иман, дін – тек сыртқы

ғибадат емес, ішкі жүрекпен сезілетін шынайы иман мен рухани кемелдену. Оның дүниетанымында иман мәселесін тек парыз құлшылықтармен ғана шектемейді. Адам бойындағы жақсы мінез-құлықтарды да иман деп бағалайды. Байлықты дүние-мүлікпен емес, адам бойындағы өнер, біліммен бағалайды. Мұны Ақыт өлеңінде «әдепті болсаң – иман сол, өнерлі болсаң – жиған сол» – деп қысқа тұжырымдайды [3, 267 б.].

Ол исламның моральдық-этикалық қағидаттарын өз өмірінде қолдана отырып, адалдық, әділеттілік және шынайылық сияқты қасиеттерді дәріптейді. Ақыт Үлімжіұлының барлық өлеңдері мен еңбектері адамгершілікке, қарапайымдылыққа шақырады. Бір ғана мысал, оның «Бекем Алла жаранлар» өлеңінде адам бойындағы жаман қылықтар былай суреттеледі:

Құдай ерік бергендей,
Өлеміз деген ойда жоқ.
Такаппар болып шелтиер,
Манап пұлыс кигендей.
Жалғандағы баяның,
Ақыртеке барғанда,
Пайда болмас иманға [4, 147 б.].

Ақыттың шығармашылығында қазақ халқының ұлттық рухани құндылықтары мен дәстүрлері үлкен орын алады. Ол діни-ағартушылық қызметінде қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен исламдық құндылықтардың үйлесімін сақтап, халықтың ұлттық бірегейлігін нығайтуға атсалысты. Ақыт Үлімжіұлы қазақтың дәстүрлі дүниетанымын, салт-дәстүрін және

әдет-ғұрыптарын ислам дінінің рухани құндылықтарымен байланыстыра отырып, халыққа жақын болу үшін түсінікті тілмен жеткізді.

Ақыт Үлімжіұлы болмысының үшінші бір қыры – қоғамдық жауапкершілік және ағартушылық. А. Үлімжіұлы қоғамға және халқына қызмет етуді өзінің басты мақсаты деп білді. Ол өз шығармаларында әлеуметтік әділеттілік, қайырымдылық және қоғам алдындағы жауапкершілік мәселелеріне көңіл бөліп, халықты рухани және мәдени тұрғыда жетілдіруге тырысты. Ағартушылық арқылы қоғамдағы діни сауатсыздықты азайтып, моральдық құндылықтарды насихаттауды өзінің парызы деп санады.

Ақыт Үлімжіұлының қоғамдық қызметі оның өлеңдерінде, әсіресе, Оның Зар заман ақындарының ұстанымдарымен, ойымен сәйкес келуінде жатыр. Бұған Ақыттың «Әй, Зар заман, зар заман» деп келетін көлемді толғауы мысал бола алады.

Зар заман – қазақ әдебиетіндегі тарихи, әдеби кезеңнің атауы. Энциклопедиялық дереккөздерде, зар заман ағымы XIX ғасырда Қазақстанның Ресейге қосылуы аяқталып, патша үкіметі бұрынғы ел басқару тәртібін жойып, 1867-1868 жылдары қазақтарды басқару жөніндегі ереже бойынша жаңа тәртіп орнатқан кезде туған ағым деген дәйек келтірілген [5, 581 б.]. Бұл дәуір акын Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» атты зарлы өлеңнің негізінде пайда болған. Ш. Қанайұлынан кейін де сол кезеңде басқа да ақындардың осы тақырыпқа көптеген өлең-жырлар шығаруы – қазақ әдебиет тарихында жаңа бір

дәуірдің басталуына тарихи алғышарт әзірледі.

Елдік саяси жүйе өзгеріп, отаршылдық билік халық арасында қанау, түбірімен құрту саясатын жүргізіп, халық тағдыры қол жаулыққа айналған тұста Шортанбай Қанайұлы қатарлы ақындар халықты ояту мен отаршылдық жүйеге қарсы шепке қаламмен аттанды. Олардың қаламынан халықтың зары мен шері төгілді. Бұл ақындардың өмір сүрген тарихи кезеңі және өлеңдеріндегі ерекшеліктеріне қарай М. Әуезов 1927 жылы оларды бір атаумен «Зар заман ақындары» деп атады.

Жазушы М. Әуезов дәстүрлі қазақ қоғамындағы бұрынғы қалыптасқан құндылықтардың өзгеруі, елді басқару жүйесінің басқа сипатқа ауысуы, отаршылдықтың белең алуы, халықтың қатты күйзелуі зар заман ақындарын тарих сахнасына шығуына басты себеп болды деп баға береді [6, 192 б.].

Бұл топқа Шортанбайдан басқа, Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері және Албан Асан қатарлы ақындар кірді. Профессор Қ.Мәдібаева Зар заман ақындары дәуірі Абылай хан тұсынан Абайға дейінгі жүз жылға ұласып, Нарманбетпен аяқталатынын алға тартады [7, 436].

«Зар заман» өлеңімен жаңа бір әдеби кезеңінің шымылдығын ашқан Шортанбай жыраумен ұқсас тақырыпта 1894 жылы Өр Алтайда Ақыт қажы Үлімжіұлы «Зар заман» өлеңін жазады. Ұқсас тарихи кезең, ұқсас мазмұнда халықтың мұң-зарын жырлаған ақындар таным көкжиегінде тоғыса білді.

Ақыт қажының Абай Құнанбайұлының өлеңдерімен танысқандығы туралы нақты дерек болғанымен, оның зар заман ақындарының өлеңін оқығандығы, танысқандығы туралы бізде бірде-бір нақты дерек жоқ. Тек, Ақыттың Алтай мен Қобда арасында хат тасушы болып жүрген кезінде түркі және шағатай тілдерінде Қазанда басылған өлеңдерді оқығанын ескере отырып, осы кезде зар заман ақындарының жырларымен танысқан болуы керек деген жорамал ұсынамыз. Немесе, ұлыларда заманды сезіну ортақтығы болады деген тұжырымды қуаттаймыз.

М. Әуезовтың зар заман ақындарындағы ортақ ерекшелік – діншілдік сарын деп атап көрсеткеніндей, «Алла сөзін өлеңмен жырлаған» (А. Смақова) Ақыт Үлімжіұлының «Зар заман» өлеңі де діни сарында, имани үлгіде жазылған.

Зар заман ақындарын тудырған басты себеп – өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның бұралаң жағдайы, езілген, тозған халықтың мұң-зары, халыққа келген жаман әдет пен нашар мінез-құлық деп басында айтып өттік. Ендеше, Ақыт өмір сүрген кезең қандай болды және Ақыттың «Зар заманы» қалай өрнектелді соған тоқталайық:

Ақыт өмір сүрген уақыт екі тарихи кезеңнің өларасы еді. Манжурлік Цинь империясы құлап, 1911 жылы тарих сахнасына Жунхуа Мино (Гоминдан) билігі келіп жатқан кезтұғын. Демек, бұл кезең Қытайда да Патшалық биліктің ыдырап, оның орнын ұлтшыл, отаршыл жүйенің алмасқан кезеңі еді. Алмағайып заманда тонауға, үркінге түскен қазақ

халқының жағдайы тіпті де нашарламаса, жақсара түспеді. Ақыт осыны көрді, халықтың ішіне байланған мұң-зарын көзімен де жүрегімен де түйсіне білді.

Ақыт «Зар заман» өлеңін 26 жасында Моңғолия елінде жүргенде жазған. Жас та болса, қоғамдық дүрбелең ерте есейткен ақын өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның шындығын ашына жырлаған. Жалпы 548 тармақтан тұратын «Зар заман» өлеңінде халықтың мұң-зары мен өкінішін баяндаған. Өлең жазылған кездегі өзі туралы нақты мәліметті былай сипаттайды:

Қобдадан сәлем жолдаған,
Алтайдағы еліне,
Қарымсақ байдың ұғылы,
Керейдің Ақыт баласы.
.. Өр Керейге жібердім,
Жиырма алты жасымда [8, 341 б.].

«Зар Заман» өлеңі – Шығыс Түркістан өңірінде патшалық Ресей мен Цинь өкіметі арасында экономикалық және саяси мүдде белең алған кездегі сарасаң болған халық мұңының көрінісі. Екі отаршыл елдің қолдан жасалған «тарихи» келісімдерінің (Петербург келісімі, Құлжа келісімі) әсерінен халыққа түскен зобалаң ауырлап, халықтың күнделікті тұрмыс ритмі өзгеріп, халықтан алатын салық көбейтіліп, тонау мен жою қатар жүріп жатқан кезең еді.

Зар заман ақындарының көтерген елдік тақырыбы туралы М. Әуезов былай деп сипаттайды: «Олар қазақ жайлаған сахараның бір шетінен шыққан шоқтай қара бұлтты көріп,

соның белгісінен шошып, содан келетін бәле қандай екенін болжап, тұспал қылып айтатын» [9, 5 б.]. Демек, Ақыттың бұл өлеңі өз халқының жамандыққа үйір, жақсылықтан алыс бейғам қылғына күйініш білдіруден туған.

Ақыттың «Зар заман» өлеңі автордың өз стилімен, яғни, Құран Кәрім үлгісімен «бисмиллә» деп Алланың атымен басталып, өлеңнің тыңдаушыға толық жетуіне, бүкпесіз айтылуына, «Жүректе тұрған көркем сөздің ауыздан шыққанда қиюы қашуынан» сақтану үшін Алладан медет сұрай жазылады.

Ақыт Үлімжіұлы алдымен заманға баға беріп, сол заманның қазіргі бейнесін көрсетеді, қазіргі «заманға» ат қояды:

Ей, зар заман, зар заман,
Зарлатып өткен тар заман.
Байқап тұрсам адам жоқ,
Шын ақылды ойлаған.
Бауыры суық қара жер,
Көрінгенді жалмаған.
Жалмамай да не етеді,
Адамнан ғафыл кетеді [10, 325 б.].

Демек, Ақыт айтып тұрған заман – ақырет заманы. Ілімнің жоғалып, надандықтың жайылуы – қиямет күнінің он үшінші кіші белгісі.

Ақыт Алтайды мекен еткен халқының төбесінде пайда болған қара бұлтты көріп, белгісінен шошынып, содан келетін бәленің елге зобалаңын жырлайды, халықты оянуға шақырады. Өр көкірек бай мен кербез кедейдің, Құдайдан қорықпайтын дінсіздің, зұлым ұлықтың, әділетсіз заңның халық арасына салған зұлым-

дығын жырлайды, бетпақ келін мен тілазар ұлдың кежірлігін айыптайды. Осыдан келіп:

Сонан тозып береке,
Елде елдік азайды.
Жақынды жат жаулайды,
Нелер боздақ тарланды,
Ішқұста қылып байлайды [10, 327 б.] –

деп ескертеді.

Өлеңде көп жерде айтылатын бай кедейді көрмейтін, ағайыннан көмек болмайтын жағдайлар мен өсекшіл, имансыз адамдардың көбеюі де ақыр заманның белгілерінен деп көрсетеді. Алла Тағала қияметте сөйлеспейтін, ақтамайтын, мейірім көзімен қарамайтын үш адамның бірі тәкаппар кедей адам» – деп имам Муслим жеткізген хадиспен үндесе үн қатады.

Биі ғадыл болмайды,
Нысапсыз қорқау болған соң,
Ғаділет оған конбайды.
Айналып кеп құтсыз би,
Құрамай қауіп сорлайды [10, 334 б.] –

деп Ақыт ел билеушілердің халық арасына салған зобалаңын айыптайды және осыдан келіп ел арасында бүлік боларын, береке кетерін болжайды:

Тыныштықсыз, тидаусыз,
Берекесіз, байлаусыз,
Кеткен ел түбі оңбайды,
Мұның өзі білгенге,
Заман ақыр болғаны [10, 335 б.].

Ойшыл ақын қазақ даласындағы отбасы институтының құлап бара жатқанына қынжылады, бұл түбі қа-

зақтың тамырына балта шабатын індетке айналуынан сақтануға шақырады. Қыздың шешеге, ұлдың әкеге қарап бой түзеуіне, әйелдің күйеуіне бойсұнуына назар аударады.

Жиылып жұрты айтса да,
Алдап жүр деп сенбейді.
Үлкендер ақыл жөн айтса,
Жөн екен деп білмейді.
Моллалар айтса шарифат,
Құлағына ілмейді –

деп күйеуін силамайтын, дінсіз әйелдердің көбеюінен қазақ жанұясындағы әйелдің береке мен бірлікті сақтаудағы рөлінің жойылып кетуіне алаңдаушылығын білдіреді [10, 334 б.].

Ақыт өлеңінде өзі сынаған жамандықтың барлығын заман ақырдың белгілері деп қорытынды жасайды. Бес күндік өмірдің өтпелі, алдамшы екенін ескеріп, қара жерге кірмей тұрғанда адам баласы жақсы істерді көбірек жасап, адамдық парызын өтеуге тиісті деп санайды:

Аялы жоқ жалғанның,
Баяны жоқ арманның,
Соңына еріп тентіреп,
Септігі барма қылғанның.
Арманда болып өлген соң,
Кеудеңнен жаның берген соң,
Қара жерге көмген соң,
Мұндай еркін күн қайда [10, 325 б.].

Барлық зар заман ақындары сияқты, Ақыт та «ат майын сұрап міне алмайтын зар заман адамдарына», «берекеге шақырса, келмейтін ығыр еліне», «арлы азып, арсыз тойынған азған заманға», «аштан өлген жарлы-

дан нәпақа дәметкен моллалар мен за-
лым билерге» қарсы шара таба алмай,
аһ ұрады. Өзегін жалмаған өкініштен
ел ағаларынан:

Артық талап менде жоқ,
Сұрайтындай хан тағын.
Жамандықты көп айтып,
Жағым талып шаршадым.
Ойлап көрсең, ағалар,
Мұның қайда дауасы?! [11, 338 б.] –

деп торыға ақыл, кеңес сұрайды.

Ақыт Үлімжіұлы тек Алтай тө-
сін жайлаған аз ғана Абақ Керейдің
мұңын жоқтап қана қоймайды, қайта
күллі қазақтың мұң-зарын қағазға тү-
сірген зар заман ақындарымен рухани
үндестік танытады, олармен «қалың
елі, қазағы» туралы айтар ойлары,
көрсетер нысаналары бір төбеден шы-
ғып жатады.

Айталық, Ақыт айтады:
Зар Заманның тұсында,
Ел іргесі сөгілді.
Алтайдай асыл мекеннен,
Ауып кетті ел не қиылы [10, 339 б.] –

деп мың өліп мың тірілген қазақтың
Алтай бетіндегі бөлімінің сан қилы
жағдайынан хабар берсе, зар заман
ақыны Мұрат Мөңкеұлы:

Кірін жуып, кіндігін кескен жерден,
Қысылмай, ер кете ме еркіменен.
Бұрын да адыра қалғыр құтсыз еді,
Егескен ердің бәрі жер тіреген, –

деп екі алып ел мәселесі, заман қай-
ғысы туралы ортақ үн қатады [12,
168 б.].

Ел билеуші, халықтың сөзін сөй-
леуші би, шонжарлардың халыққа сал-
ған ылаңы барлық зар замандар ақында-
рына ортақ тақырып десек қателеспей-
міз. Бұл туралы да Ақыт Үлімжіұлы:

Ендігі билер байқасаң,
Іші кір түгел қарынбай.
Үйінде тыныш жата алмай,
Елді үркіткен сауырлай.
Сонан елі тарады,
Сабағы кепкен қауындай [10, 339 б.] –

деп тозған елдің мұңын өлеңмен жет-
кізсе, жырау Шортанбай Қанайұлы
бұл туралы:

Нашарға қылған зорлығың.
Кінәзді көрдің піріндей,
Тілмәшті көрдің биіндей,
Дуанды көрдің үйіндей,
Абақты тұр қасында,
Қазылып қойған көріндей.
Байлар ұрлық қылады,
Көзіне мал көрінбей.
Билер жейді параны,
Сақтап қойған сүріндей [13, 17 б.] –

деп елдің мұңын тіпті арыдан қоз-
ғайды.

Қорыта айтқанда, әр ел, әр өңірде
өмір сүрсе де, жалпы қазақтың мұңы
ортақ, сыры – біреу. Ол болса да бос-
тандыққа талпынған, елдік бірлікке
ұмтылған ұлттық еркіндік.

Қазақ әдебиет тарихында зар за-
ман ақындары деген атпен танымал
ақындар шоғырына Ақыт Үлімжіұлы-
ның аты аталмауын біз Ақыт есімінің
қазақ даласына бейтаныстығы мен
Ақыт еңбектерінің қазақ еліне кеңінен
таралмауынан деп санаймыз.

Шортанбай, Дулат, Мұрат, Әбубәкір және Ақыт қатарлы ақындардың өмір сүрген ортасы мен аймақтары басқа-басқа болғанымен, айтар ойлары ортақ. Яғни, барлығы да қазақ халқының басынан кешіп жатқан ауыр халін өзекке толған өкінішпен, аһ ұра отырып жырлайды, алдағы бұлыңғыр болашақ пен көз алдындағы келеңсіз жағдайдан түңіле отырып, елдің ертеңінен уайымдайды, уайымдай отырып, заман туралы зарлы шер толғайды.

Демек, Алтай өңірінде туылып, күллі қазақтың Абай мен Шәкәрімнен кейінгі рухани тұлғасы болған Ақыт Үлімжіұлын зар заман ақындарының шоғырына қосуға толық негіз бар деп айта аламыз.

Ақыттың қайраткерлігі мен ел арасындағы абыройы – оны ел абызы ретінде танылуына кеңінен жол ашты. А.Үлімжіұлының мешіт, медресе салып, бала оқытуы – Қытай қазақтарының діни және ілімдік салада оянуына ықпал етсе, қазасы – Алтай қазақтарының саяси сауатының көтерілуіне ықпал етті. Осы оқиғадан кейін, Алтайда Ырысхан-Есімхан көтерілісі, кейінгі оның жалғасы саналатын Оспан батыр Исламұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістері орын алды.

Ақыттың тұлғалық болмысының төртінші қыры – қайраткер және батыл тұлғалығы.

Ақыт Үлімжіұлы тек діни-ағартушылық қызметпен ғана шектелмей, қоғамдық қайраткер ретінде де танылды. Ол өзінің көзқарастарын батыл түрде қорғап, халықтың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін күресті. Бұл оның қуғын-сұр-

гінге ұшырап, қиындықтарға төтеп беруіне қарамастан, өз қызметін жалғастыруына себеп болды. Оның осы бағытта жазған «Ел билеген кешегі», «Қобда кеңес», «Бөкенің жыры», «Керей билері», «Шинжияң қаритасы», «Абақ Керей шежіресі» қатарлы көптеген еңбектерін осы анықтамамызға дәлел ретінде ұсынуға болады.

Мысалы, осының ішіндегі «Шинжияң қаритасы» (Шыңжаң картасы) – ақынның білім деңгейінің жоғары екенін дәлелдейтін туындылардың бірі. Өйткені, бұл – тек жыр ғана емес, өлеңмен жазылған тарих. Сонау Асан атадан бастап осы өңірге келген қазақ халқының бұралаң тарихы мен жағдайын суреттеген көлемді еңбек. Сонымен қатар бұл – Шыңжаңдағы басты қалалар мен мекендер туралы ақпарат берілген Шыңжаң тарихындағы тұңғыш қазақ тіліндегі еңбек.

Ақыттың заман ағымын болжай алатын көріпкел, халыққа тығырықтан шығар жол сілтей алатын аданагөй абыз екені оның өлеңдерінен анық көрініп тұрады. Айталық оның «Қалам, сия көз жасы» өлеңінде:

Оқыс қылар тұралық,
Бізда адамдық құралық.
Ұйқы ашатын дауаны
Көршілес елден сұралық.
Дауа берсе сауығып,
Онымен тату тұралық.
Береке қылып, бас құрап,
Адамшылық қылалық.
Білгеннен ақыл біз сұрап,
Басымызды құралық –

деп баяндалады. Бұл жерде Ақыттың «жылпостардың бағына құрылған

заманға» қарсы тұруға үндеген озық ойы мен шебер дипломатиясы қатар суреттелген. «Хан-қайқы, би-бүкір, молла-соқыр» заманда ғұмыр кешіп жатқан қазаққа береке, бірлік, білім қажеттілігін баса айтады.

Ақыттың тұлғалық болмысының бесінші қыры – адалдық пен әділдікті дәріптеушілігі. Ақыттың өмірлік ұстанымы оның адалдық пен әділдікке деген шынайы сенімін көрсетеді. Ол өзінің шығармаларында әділеттілікті насихаттап, қоғамда теңдік пен адалдықты орнатуға шақырды. Бұл қасиеттері оның тұлғалық болмысының ажырамас бөлігі болды және оның діни-этикалық көзқарастарының негізін құрады.

Айтып өткеніміздей, 1912 жылдан бастап, өр Алтайды билеген Тары, Жотақажы, Бітімші, Буратай қатарлы төрт тәйжі (1000 түтінді басқаратын адам) Ақыт Үлімжіұлын 42 жасында қазылыққа тағайындайды. Бұл кезеңде Алтайдың саяси билігі Цинь билігіне қарағанымен, ел ешіндегі өлім-жітім, барымта, неке, дау-шаралар, алым-берім мәселелері қатарлы сот мәселелері қазының алдында шешілетін еді. Ол кезеңде ұлықтық немесе басқа да мансаптар әкеден балаға мирас ретінде қалатын болса, Ақыттың әкесі Үлімжі ешбір билігі жоқ, қарапайым ауыл адамы болған. Мұны Ақыттың «сүйегім – қазақ, кара едім» дегенінен аңдауға болады. Демек, бұл қызметке Ақыт – мол білімімен және қара қылды қақ жаратын, «туғаны жоқ тура би» қасиетімен келгенін түсінуге болады.

Құқықтық мәселелерді шешуге келгенде қазы ұғымы бірден ойға

оралары даусыз. Қазы түбірінің араб этимологиясының зат есімі болып табылатын кади – сөзбе-сөз аударғанда «адамдар арасында туындайтын даулар мен істерді діни ережелерге сәйкес шешу үшін құзырлы орган тағайындаған адам» дегенді білдіреді [14, 69-73 б.]. Демек, қазы – фикһ бойынша білім алған және мемлекет тарапынан құқықтық дауларды шешуге тағайындалған сәттен бастап шешімдері міндетті болып табылатын шенеунік. А.Үлімжіұлының 27 жыл бойы Алтайдың шығыс аудандарында қазылық қызмет атқаруы оның әділ, шынайы, халықшыл бітімімен тығыз қайнасып жатқанында дау жоқ.

А. Үлімжіұлының қазылық қызметін ойдағыдай атқаруына оның дала заңдары мен шариғат заңдарын жетік білуі көмектесті. Ол қазылық жасауда, дау-жанжалдар үкім беруде ислам шариғатына сүйенді. Сонымен қатар қазақ халқының көшпелі өмір салтынан туындаған әдет-ғұрыптарға, дала заңдарына да үлкен құрметпен қарады. Халықтың ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған жазылмаған заңдарына сүйене отырып, жеке тұлғалар мен рулар арасындағы дау-шарларды шешіп отырған. Үкім беруде «қанға-қан, жанға-жан» сияқты кісі өліміне қатысты ұғымдарға, құда болу және некелесу мәселелеріне, қылмысты мал-мүлікпен өтеу секілді дала заңдарын да басшылыққа алып отырған.

Қорыта айтқанда, Ақыт Үлімжіұлының тұлғалық болмысы – оның рухани кемелденуге ұмтылған, дінді терең түсініп, оны халыққа жеткізген және қоғамның рухани дамуына үлес қосқан қайраткер ретіндегі

бейнесін айқындайды. Оның өмірлік ұстанымдары мен шығармашылығы қазақ халқының рухани мұрасының маңызды бөлігі болып табылады және бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай келеді. Ғалым, әдебиет зерттеушісі Тұрсынбек Кәкішев Ақыт шығармашылығына былай деп баға береді: «Ақыт қажыны қазақ әдебиетінің XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы әдебиетіміздің үлкен көрнекті өкілі ретінде қазақ

әдебиеті мен мәдениетінің тарихына кіргізуіміз керек. Ол Абайдың алғаш кітап шығаруына дейін өзінің 9 кітабын 17 рет жариялаған болатын. Мұны ескермеуге болмайды. Қазан төңкерісіне дейін осындай кітап шығарған дарын иесі қазақта өте сирек. Сондықтан Ақытты Абай деңгейлес дарындар қатарында көргеннің ешбір әбестігі жоқ. Ақытты әдебиетіміздің ірі қайраткері ретінде тануымыз керек» [15].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Имам Ғазали. Ихия улумид-дин. Білім кітабы. – Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2022. – 224 бет
2. Маңғазқызы С., Әйесінұлы А. Таяу және осы заман қазақ оқу-ағарту тарихы. Шыңжаң әсемөнер-фотосурет баспасы, 2015. – 345 бет
3. Қарымсақов Ақыт Үлімжіұлы. Ақыт Үлімжіұлы шығармалары 4 том. Шыңжаң халық баспасы, 2–Т. 2014. – 584 бет.
4. Қарымсақов Ақыт Үлімжіұлы. Ақыт Үлімжіұлы шығармалары. Төрт том. Шыңжаң халық баспасы, 2014. 4–Т. – 610 бет.
5. Қазақ Совет энциклопедиясы. 1974. 4-Т. – 622 бет
6. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: «Ана тілі», 1991. – 240 бет.
7. Мәдібаева Қ. Мұхтар Әуезовтің әдебиет тарихын зерттеу еңбегі. ҚазҰУ хабаршысы, Филология сериясы. № 4 (138). 2012ж. –272 бет.
8. Ахундов М.Д., Баженов Л.Б. Научное и религиозное мировоззрение в системе культуры (Опыт полемики). Физика в системе культуры. – М.: ИФ РАН, 1996. – 231 стр.
9. Hardin, C.D., & Higgins, E.T. Shared reality: How social verification makes the subjective objective. In R.M. Sorrentino & E.T. Higgins (Eds.), Handbook of Motivation and Cognition: Vol. 3. The interpersonal context New York: Guilford Press. – 1996, p. 536.
10. Үлімжіұлы А. Шығармаларының толық жинағы. 1-Т. Turkiye: Кония: 2011. – 653 бет.
11. Шәкенұлы Ж. Қытай қазақтарының әдебиеті. Алматы, 2018. – 304 бет
12. Күржіманұлы Қ. Мұрат Мөңкеұлы шығармалары – Алматы «Нұрлы Press.kz», 2014. – 288 бет.
13. Қанайұлы Ш. Шығармалары: Толғаулар, айтыстар, дастандар. Шортанбай мұрасы: сын-зерттеулер, мақалалар. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2013. – 384 бет.
14. Turkiye Diyanet Vakfi Islam Ansiklopedisi. – İstanbul. 24-Т. – 560 sayfa.
15. Қара Ә. Атақты ақын Ақыт қажы. (2019). [Электронды ресурсы]. – <https://erjanibek.kz/archives/4188> (жүгінген күн: 20.08.2025).

REFERENCES

1. Imam Gazali. Ihia ulumid-din. Bilim kitabı. – Almaty: «Nur-Mubarak» baspasy, 2022. – 224 bet.
2. MañGazqyzy S., Aiesinuly A., Taiiau jane osyzaman qazaq oqu-agartu tarihy. Xinjiang asemoner-fotosuret baspasy, 2015. – 345 bet
3. Qarymsaqov Aqyt Ulımjıuly. Aqyt Ulımjıuly ShyGarmalary 4 tom. Xinjiang halyk baspasy, 2-T. 2014. – 584 bet.
4. Qarymsaqov Aqyt Ulımjıuly. Aqyt Ulımjıuly ShyGarmalary. Tört tom. SHynjan halyq baspasy, 2014. 4-T. – 610 bet.
5. Qazaq Sovet ensiklopediasy. 1974. 4-T. – 622 bet
6. Áuezov M. Ádebiet tarihy. Almaty: «Ana tılı», 1991. – 240 bet.
7. Madıbaeva Q. Muhtar Áuezovtıń adebiet tarihın zertteu ejbegi. QazUU habarShysy, Filologıia seriesy. № 4 (138). 2012j. –272 bet.
8. Ahundov M.D., Bajenov L.B. Nauchnoe i religioznoe mirovozzrenie v sisteme kulture (Opyt polemiki). Fizika v sisteme kulture. – M.: İF RAN, 1996. – 231 str.
9. Hardin, C.D., & Higgins, E.T. Shared reality: How social verification makes the subjective objective. In R.M. Sorrentino & E.T. Higgins (Eds.), Handbook of Motivation and Cognition: Vol. 3. The interpersonal context New York: Guilford Press. – 1996, p. 536.
10. Ulımjıuly A. SHyGarmalarynyń tolyq jınaGy. 1-T. Turkiye: Konıia: 2011. – 653 bet.
11. Shakenuly Zh. Kitai kazaktarining adebieti. Almaty, 2018. – 304 bet
12. Kurimzhanuly K. Murat Monkeuly shgarmalary – Almaty. «Nurly Press.kz», 2014. – 288 bet.
13. Kanaiuly Sh. Shgarmalary: Tolgaular, aitystar, dastandar. Shortanbai murasy: syn-zertteuler, maqalalar. – Almaty: «Ana tılı» baspasy, 2013. – 384 bet.
14. Turkiye Diyanet Vakfi İslam Ansiklopedisi. – İstanbul. 24-T. – 560 sayfa.
15. Qara A. Ataktyi akin Akyt kazhi. (2019). [Elektrondy resurs]. – <https://erjanibek.kz/archives/4188> (jugingen kun: 20.08.2025).

Авторлар туралы мәлімет:

Ержан Қалмахан Сейтұлы – PhD, қауымдастырылған профессор. Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Исламтану кафедрасының аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: kalmakhanyerzhan@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-1951-5867)

Махмет Мұратхан – PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Дінтану кафедрасының аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: murat1215@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-7346-0126).

معلومات عن المؤلفين:

یرجان کالمخان سیتولی – دکتوراه، أستاذ مشارك. محاضر أول في قسم الدراسات الإسلامية بجامعة نور مبارك المصرية للثقافة الإسلامية (الماطي، كازاخستان).
مخمت موراتخان – دکتوراه، محاضر أول في قسم علم الأديان بجامعة نور مبارك المصرية للثقافة الإسلامية (الماطي، كازاخستان).

Information about authors:

Yerzhan, Kalmakhan Seituly – PhD, Associate Professor. Senior Lecturer at the Department of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kalmakhanyerzhan@gmail.com, ORCID ID: 0000–0003–1951–5867)

Makhmet, Muratkhan – PhD, Senior Lecturer at the Department of Religious Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: murat1215@mail.ru, ORCID ID: 0000–0002–7346–0126).

Информация об авторах:

Ержан, Калмахан Сейтулы – PhD, доцент. Старший преподаватель кафедры Исламоведения Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (г. Алматы, Казахстан, e-mail: kalmakhanyerzhan@gmail.com, ORCID ID: 0000–0003–1951–5867)

Махмет, Муратхан – PhD, старший преподаватель кафедры Религиоведения Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (г. Алматы, Казахстан, e-mail: murat1215@mail.ru, ORCID ID: 0000–0002–7346–0126).

П.Сулейменов

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: spirimbek.@mail.ru

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ДІНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

Аңдатпа.

Мұсылмандар біздің заманымыздың VIII-IX ғасырларында ежелгі Грек, Үнді, Иран, Сирия, Рим-Византия өркениеттерінің ой-сана мұрасына ие болды. Византия империясы мен Таяу Шығыста табылған әдебиет пен тарихтан тыс, дінге қатысы жоқ грек тіліндегі барлық кітаптар VIII ғасырдың ортасынан X ғасырдың соңына дейін араб тіліне аударылған. Бұл аударма қозғалысы арқылы араб тіліне екі негізгі философиялық жүйе енді. Біріншісі – Платон (б.з.д. 427-347) философиясы, әсіресе Плотин (ө. 270) мен Прокл (410-485) еңбектерінде қайта өңделіп берілген неоплатонизм. Екіншісі – Аристотельдің (б.з.д. 384-322) еңбектері негізінде пайда болған аристотелизм. Бұл бағыт II-VI ғасырлар аралығында, көбінесе неоплатондық ойдың ықпалымен жазылған түсіндіруші ғалымдар еңбектерінің нәтижесінде қалыптасты.

Осылайша ислам әлемінде дін мен философия қатар дамыған жағдай пайда болды. Адамзат тарихында дін мен философия бір-біріне жақын пәндер ретінде көрінеді. Себебі бұл екі сала да ғаламды, адамды және адамға тән мүмкіндіктерді түсінуге, талдауға және жеткізуге ұмтылады. Әдістерінде айырмашылық болғанымен, ортақ сұрақтарға жауап іздейді. Осы тұрғыдан алғанда, Фарабидің пікірінше, діннің құрамындағы іс-әрекеттер барлық діндер шеңберінде қарастырылуы тиіс және мұны философияның әмбебап көзқарасы арқылы түсіндіруге болады. Бұл зерттеуде ислам философиясы дәстүрінде орын алатын Фарабидің философиялық ойларында дін мен философия арасындағы байланысты қалай құрғаны қарастырылады. Мақалада көрсетілетін шеңбер аясында ислам ойында философияның қалай өмір сүргені, оның қандай орынға ие болғаны және Фарабидің бұл мәселені қалай қарастырғаны сарапталады.

Түйін сөздер. Ислам, философия, әл-Фараби, таным, ислам философиясы, дін.

بي سليمانوف

جامعة الفارابي الكازاخستانية الوطنية، ألماتي، كازاخستان

E-mail: spirimbek.@mail.ru

النظرة الدينية الفلسفية لأبي نصر الفارابي

ملخص

في القرنين الثامن والتاسع الميلاديين، ورث المسلمون التراث الفكري والحضاري للحضارات اليونانية والهندية والفارسية والسريانية والرومانية-البيزنطية. فقد تُرجمت تقريبًا جميع الكتب اليونانية غير الدينية - باستثناء

الأدب والتاريخ – الموجودة في الإمبراطورية البيزنطية والشرق الأدنى إلى اللغة العربية، وذلك من منتصف القرن الثامن حتى نهاية القرن العاشر. ومن خلال حركة الترجمة هذه، دخلت إلى اللغة العربية منظومتان فلسفيتان رئيسيتان: الأولى هي الفلسفة الأفلاطونية (347-427 ق.م)، وخاصة في صيغة الأفلاطونية المحدثة كما ظهرت في أعمال أفلوطين (ت. 270م) وبروكلوس (410-485م). والثانية هي الأرسطية، التي نشأت من خلال شروح الفلاسفة الذين كتبوا بين القرنين الثاني والسادس الميلادي، وكانوا غالباً متأثرين بالأفلاطونية المحدثة. وهكذا نشأ في العالم الإسلامي وضع تطور فيه الدين والفلسفة جنباً إلى جنب. يبدو الدين والفلسفة في تاريخ البشرية كميديتين متقاربتين، لأنهما يسعىان إلى فهم وتحليل وتقديم الكون والإنسان والإمكانات البشرية. وعلى الرغم من اختلاف مناهجهما، فإنهما يبحثان عن إجابات لأسئلة مشتركة. من هذا المنظر، يعتقد الفارابي أن الممارسات الموجودة في الدين يجب أن تُناقش في إطار جميع الأديان، ويمكن تفسير ذلك من خلال الرؤية الفلسفية العالمية. تبحث هذه الدراسة في كيفية بناء العلاقة بين الدين والفلسفة في فكر الفارابي الفلسفي، الذي يحتل مكاناً في تقليد الفلسفة الإسلامية. وفي إطار النطاق الموضح في المقال، يتم تحليل كيفية بقاء الفلسفة في الفكر الإسلامي، وما هو مكانتها، وكيف نظر الفارابي إلى هذه القضية.

الكلمات المفتاحية: الإسلام، الفلسفة، الفارابي، المعرفة، الفلسفة الإسلامية، الدين.

P. Suleimenov

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: spirimbek@mail.ru

AL-FARABI'S RELIGIOUS-PHILOSOPHICAL VIEW

Abstract.

During the 8th and 9th centuries CE, Muslims inherited the intellectual legacy of ancient Greek, Indian, Persian, Syriac, and Greco-Roman civilizations. Almost all non-religious Greek texts – excluding literature and history – found in the Byzantine Empire and the Near East were translated into Arabic between the mid-8th century and the end of the 10th century. Through this translation movement, two major philosophical systems entered the Arabic language.

The first was the philosophy of Plato (427-347 BCE), particularly in its reinterpreted form known as Neoplatonism, as seen in the works of Plotinus (d. 270 CE) and Proclus (410-485 CE).

The second was Aristotelianism, which emerged from the interpretations of Aristotle's (384-322 BCE) works, written mainly between the 2nd and 6th centuries CE, often under the influence of Neoplatonic thought. Thus, a unique situation emerged in the Islamic world where religion and philosophy developed side by side. Throughout human history, religion and philosophy have appeared as closely related disciplines. Both seek to understand, analyze, and convey the nature of the universe, humanity, and human potential. Although they differ in methods, they pursue answers to common questions. From this perspective, according to Al-Farabi, the actions encompassed within religion should be considered within the context of all religions, and it is possible to explain them through the universal lens of philosophy. This study examines how Al-Farabi, a key figure in the tradition of Islamic philosophy, established the relationship between religion and philosophy in his philosophical

thought. Within the framework presented in the article, the paper analyzes how philosophy manifested in Islamic thought, its significance, and how Al-Farabi approached the matter.

Keywords: Islam, philosophy, Al-Farabi, knowledge, Islamic philosophy, religion.

П. Сулейменов

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,

Алматы, Казахстан

E-mail: spirimbek@mail.ru

РЕЛИГИОЗНО-ФИЛОСОФСКИЕ ВЗГЛЯДЫ АЛЬ-ФАРАБИ

Аннотация.

В VIII-IX веках н. э. мусульмане унаследовали интеллектуальное наследие древнегреческой, индийской, персидской, сирийской и греко-римской цивилизаций. Практически все нерелигиозные греческие тексты, за исключением литературы и исторических сочинений, найденные в Византийской империи и на Ближнем Востоке, были переведены на арабский язык в период с середины VIII века до конца X века. Благодаря этому переводческому движению в арабский язык проникли две основные философские системы. Первой была философия Платона (427-347 гг. до н. э.), особенно в её переосмысленной форме, известной как неоплатонизм, представленной в трудах Плотина (ум. 270 г. н. э.) и Прокла (410-485 гг. н. э.). Второй – аристотелизм, возникший из интерпретаций трудов Аристотеля (384-322 гг. до н. э.), написанных в основном между II и VI веками н. э., часто под влиянием неоплатонической мысли. Таким образом, в исламском мире сложилась уникальная ситуация, когда религия и философия развивались бок о бок. На протяжении всей истории человечества религия и философия выступали как тесно связанные дисциплины. Обе они стремятся понять, проанализировать и передать природу вселенной, человечества и его потенциала. Хотя их методы различаются, они ищут ответы на общие вопросы. С этой точки зрения, по мнению аль-Фараби, действия, охватываемые религией, следует рассматривать в контексте всех религий, и их можно объяснить через универсальную призму философии. В данном исследовании рассматривается, как Аль-Фараби, ключевая фигура в традиции исламской философии, установил взаимосвязь между религией и философией в своих философских размышлениях. В рамках представленной в статье концепции анализируется проявление философии в исламской мысли, её значение и подход аль-Фараби к этому вопросу.

Ключевые слова: ислам, философия, аль-Фараби, знание, исламская философия, религия.

Кіріспе.

Елімізде әл-Фараби философиясын жүйелі түде зерттеу үдерісі тәуелсіздік алғаннан кейін қарқынды белен алды. Отыз жылдан астам уақыт

ішінде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілгені анық. Әбу Насыр әл-Фараби (872-950) – түркі-мұсылман әлемі тәрбиелеп шығарған көрнекті философтардың бірі. Ол Шығыста

да, Батыста да көбіне саяси философ ретінде танымал болған. Бұл кездейсоқ емес, себебі әл-Фарабидің ең маңызды еңбектері идеалды мемлекет пен қоғамды негізгі мәселе етіп қарастырады. Алайда бұл оның заманына тән онтология, логика, таным теориясы, этика, эстетика сияқты басқа да философиялық тақырыптарды қозғамады дегенді білдірмейді. Әл-Фараби идеалды мемлекет пен қоғамды сипаттаған «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастарының негіздері», «Қалалық басқару» және қоғамда жетуге ұмтылатын бақытты сипаттаған «Бақытқа жету» сияқты еңбектерінде идеалды мемлекетке тікелей қатысы жоқ көптеген мәселелерді де қозғайды. Әрине, ізгі мемлекет/қоғам белгілі бір онтологиялық, эпистемологиялық, логикалық, эстетикалық, этикалық т.б. түсініктерді қамтитыны сияқты, белгілі бір білім беру жүйесін де қамтуы заңды. Себебі білім беру – ізгі қоғамның өмір сүруі мен тұрақтылығын қамтамасыз етудің, сондай-ақ сол қоғам мүшелеріне ондағы онтологиялық, танымдық, этикалық, діни және эстетикалық түсініктерді дарытудың негізгі жолы.

Әл-Фараби өз дәуірінде талқыланған философиялық мәселелердің барлығына дерлік назар аударған. Тіпті логика саласында жазған еңбектерімен алғаш ұстаз деп танылған Аристотельдің ізбасары ретінде «екінші ұстаз» (әл-му‘аллим әс-сәни) атағына ие болған. Аристотельдік дәстүрді ұстана отырып, адамды «әлеуметтік әрі саяси жаратылыс» деп сипаттаған әл-Фарабидің адамзат әрекеттері әлеуметтік контексте

жүзеге асатын болғандықтан, барлық ойларының негізі ретінде идеалды мемлекет пен қоғамды алғанын және басқа талқылауларын сол идеалды қоғамда болуы керек нәрселерге бағыттағанын айта аламыз. Бұл – философиялық ойлау табиғатына да сай келеді. Өйткені философия – бар нәрсемен ғана шектелмей, болуға тиістіні де қарастыратын интеллектуалдық қызмет.

Негізгі бөлім.

Әбу Насыр әл-Фарабидің дінге қатысты көзқарасы мен ұстанымы туралы мәселе қазірге дейін жанжақты зерттелмеген тақырып саналады. Бұл жайт оның дүниетанымдық ұстанымын бағалау барысында көптеген қайшылықтарды тудырады. Кеңестік дәуірде саясатта философты материализмге бейім тарихи тұлға ретінде суреттеу үрдісі белең алса, қазіргі кездегі кейбір жаңашыл көзқарастары фарабитанушылар оның өте діншіл адам болғанын алға тартады. Осы тақырыпты зерттеудің барысында әл-Фарабидің жоғарыдағы екі топқа да жатпайтындығы, әл-Фарабидің дін мен фәлсафаны, дәлірек айтсак, дінді фәлсафаға жақындатқысы келгендігі анықталды.

Әл-Фараби әуелі философ болғандықтан дінге философия тұрғысынан қарайды; алайда, бұл жағдай оның философиясының діни белгілерден, яғни, ислами бояулардан мақұрым немесе ада деп мәлімдеуге мүрша бермейді.

Жоғарыда айтылғандай әл-Фарабидің еңбектерінде дінге немесе философияға басымдық анық бай-

қалмайды. Әл-Фараби философия мен дінді салыстыра келе философияның әмбебап, ал діннің ұлыс пен қоғамдарға қарай өзгеретіндігін айтады. Сондықтан қоғам, мемлекет, дін арасында тығыз байланыс бар. Қай жерде қоғам болса, сол жерде дін бар. Егер бір дін шынайы философиямен үндессе, ол дін – парасатты (ал-милла фадила) дін, ал керісінше болса, ол дін бұзылған дін (ал-милла аддалла). Діннің теориялық және практикалық тұрғыдан үздіксіздігін қамтамасыз етуі үшін фикх пен кәлам философияға, ал факих пен кәламшы философқа көмекші болуы тиіс, фикх пен кәлам, яғни діни ғылымға философия көмектесуі тиіс. Бұған философияны үйренудегі (адамдар ұмтылатын) мақсатқа келсек, ол – Ұлы Жаратушыны тану» [1, 19 б.] деген әл-Фарабидің анықтамасы дәлел бола алады.

Әл-Фараби өз заманындағы саяси күрестің де, идеялық «текетірес-тердің» де зардабын көрді. Идеялық негіздегі қайшылықтар саяси астарлы талас-тартыстардан оқшау бола алмады. Мысалы, «Құранның жаратылуы тартысының» нәтижесінде өздерінің орнын жоғалтып алған мутазилиттер шииттер мен рафидиттермен бауырласуға мәжбүр болды.

Буидтық уәзір Ассахиб бин Ибад мутазилиттік идеяларды көптеген мұсылман мемлекеттер аумағында таратуға тырысты. Осының нәтижесінде мутазилиттік бағыт шиизмнің көлеңкесінде қалып, өз дербестігін жоғалтты. Буидтер мемлекетінің жойылысымен олардың орнын суннит түркілер мемлекеті басып, мутази-

литтер қозғалысының соңына жетті. Олардың артынан хиджа жыл санауы бойынша IV ғасырда ашариттер нығаяды және V ғасырға дейін басқа пікірлік топтармен күреседі [2, 191 б.].

Алайда әл-Фараби ғұмыр сүрген «саясат және идеялар арпалысымен» сипатталатын ғасырдың тағы бір ерекшелігі бар еді: ол ғасыр немесе сол дәуір әл-Фарабидің «жаңашыл» философ болуына қатты әсер етті. Билік иелері гректік философиялық, логикалық, математикалық еңбектердің тәржіме етілуіне көңіл бөлді. «Альмагесттің» аударылуы ислам философтары үшін, әсіресе аспанды зерттеуде зор маңызға ие болды. Грек ойшылдары мен ғалымдарының шығармашылықтары сириялықтардың діни нанымдарымен араласқан күйде арабтарға жетті. Араб ойшылдары гректік ғылыми мұраны өз діндерін нығайту, имандарын бекіту ниетімен қабылдады. Арабтар дінге қайшы келетін ойлар мен идеяларды бейімдеу жолында жұмыс істеді. Сан-алуан пікірлік ағымдардың философиямызға, әсіресе оның кейбір теорияларына, ол қарастырған немесе зерттеген философиялық мәселелерге, оның табиғат пен ғаламға қатысты сұрақтарына немесе космоспен, оның жаратушысымен және жаратылысымен байланысты теологиялық мәселелерге үлкен әсер етті.

Әл-Фараби өмір сүрген кезеңде ислам діні қоғамның барлық саласына араласып, халықтың бүкіл тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына өте үлкен әсер етіп отырды. Сол кезеңдегі діннің рөлі туралы белгілі шығыстанушы Н.С.Қирабаев «Үстемдік құрған дін

ретінде ислам әлеуметтік-саяси өзгерудің маңызды факторы болатын, өйткені ол тек діни доктрина ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық институттардың, саяси идеологияның, мемлекеттік-құқықтық жүйенің, философиялық теориялардың құрамдас бөлігі, тарихи дәстүрлер мен адамгершілік ұстанымдардың, әлеуметтік мінез-құлық пен өмір салтының негізі болып табылады» – деп жазды [3, 76.].

Философия мен діннің арақатынасы, дәлірек, айтсақ, ғылым мен исламның бір-бірімен сәйкесіп-сәйкеспейуі турасындағы пікірталастар қазіргі кезде де бұл мәселеде бір-біріне қарсы қос тараптың жақтаушыларының қызығушылығын тудыруда: дін мен ғылым арасында ымыраның болу мүмкіндігін жоққа шығарушылар және құндылықтардың тепе-теңдігі үшін ымыраны дұрыс, тіпті, қажетті деп есептейтіндер. Аталмыш екі ұстанымның негіздерін құрандық тұрғыдан талдау арқылы мұсылмандық орталарда мәселеге қатысты кең тараған көзқарастарды ұсынамыз.

Әл-Фараби жасаған дәуірде «философия жалпы және тиісті дәлелдеулерге негізделді; жалған фәлсафалық ілімдерді сыни тұрғыдан талдау қажеттілігі туды. Дінді қарастырудың әдісін анықтау қажет болды. Дінді философиялық қағидаттар тұрғысынан зерттеуде шынайы философияға сүйену қажет болды» [4, 46 б.]. Сол кезеңдегі кейбір адамдар жалған фәлсафаның күмәнді ойларына арқа сүйеп, қиялдың күшімен халықты адастырды және белгілі

бейнелерді шындық ретінде ұсынды. Демек, дін мәселелерін зерделеуде дәлелдерге негізделген философиялық түсіндіру әдісін қолдану керек болды.

Әл-Фараби діннің мәнін түсіндіру философияның зерттеу саласына кіретінін айтты; тіпті, ол Құранның өзін философтар түсіндіру керек деп шешті. Себебі, философтар бірнеше ғылыми саланы меңгергендіктен және талдау мен түсіндірудің тәсілдерін білгендіктен Құранды дұрыс түсіндіре алуы қажет. Әл-Фарабидің пікірінше, философия діннен бұрын пайда болуы тиіс; себебі, адам дінге дейін-ақ, ойлануды біледі. Ойлану – адамның ең маңызды, негізгі қасиеті. Әл-Фараби адам дін туралы ойланбас бұрын алдымен логика мен білімге ие болуы керек деп есептеді [10, 3-56].

Әл-Фараби теологтың өзі өмір сүретін ортаның бір өкілі екенін, ал, философтың барлық адамдарға жат еместігін айтты. Оның айтуынша, дін шектеулі, ал, философия ұлттық, аймақтық шекара дегенді білмейді. Философияны мұсылман емес те меңгере алады. Ал дінді тек мұсылман ғана пайымдап, өзгелерге жеткізе алады. Философия ғаламдағы барлық затты тануды меңзесе, дін тек сенімге ғана бағытталады. Философия дін үшін трансцендентті ұғымды да қарастырады.

Әл-Фараби философиясындағы маңызды идеяның бірі қоғамдағы адамдарды танымдық қабілетіне қарай үш топқа бөліп қарастыруында. Ол бойынша бірінші топ «а`ваам» – жалпы бұқара халық, екіншісі «мутакаллимдер» – дін өкілдері, үшіншісі – философтар. Алғашқылар

философиялық категорияларды қолдануды білмейді, сондықтан олар ешқашан Ақиқатқа жете алмайды. Оларға қарапайым символдар мен мысалдар арқылы ғана түсіндіруге болады. Ал екінші топтағы мутакаллимдерге келсек, әл-Фарабидің ойынша олар ешқандай назар аударуға да арзымайды, себебі олардың методикасы сөзшендік пен таласу ғана. Оның ойынша бұл иерархияның ең жоғарысында шынайы Ақиқатты тани алатын философтар тұруы қажет [5, 25 б.].

Әл-Фараби Құранды тек логикалық тұрғыдан түсіндіру керектігін және әлемдегі барлық затты түсіндіруге болатынын мәлімдеді. Әл-Фараби философияның дінге қатыстылығын зерттеуде діннің қоғамдық рөлін көрсетуге тырысты. Ислам сол дәуірдің пікірлік, рухани және мәдени сипатын айқындаушы рөлге ие еді. Аталмыш мәселенің күрделілігі діннің де, фәлсафаның да қоғам, таным, табиғат сияқты ұғымдармен байланыстылығымен түсіндірілді.

Құран әлемді түсіндірген соң, ендігі кезекте философтар өмірдің мағынасын түсіндіруге көшеді. Адам әлемдегі жүйелілікті, байланыстылықты және тәуелділікті бір орталыққа, тылсым күшке жатқызғысы келді. Әл-Фараби өз философиясында дінді философиялық ақиқаттардың символдық-көркем түрде берілуі деп түсіндіреді. Дін адамның әуелі Құдайдан түскен аянның мағынасын пайымдау керектігін, одан кейін, өзін және әлемді түсіну керектігін белгіледі. Философиялық танымның ерекшелігі алдымен, логика мен білім-

мен қаруланып алуды, кейін, сол арқылы әлемді, өзін, Құдайды тануды меңзейді.

Әл-Фараби діннің құпия, терең және шынайы мағынасын, сондай-ақ, зерттелетін тақырыптың мәнін тек таңдаулы жандардың (арабша хасса) ғана дұрыс түсінетінін айтты. Ақиқаттың мәнін ашу үшін білім, ғылым, терең ой, ақыл қажет деп таныды. Өзінің «Әріптер кітабы» атты еңбегінде Әл-Фараби философтарды абсолютты мағынада мутакаллимдерден, шариғаттың мамандарынан, диалектиктерден жоғары қояды. Бұқара (арабша амма) аянды дәл сол күйінде қабылдап, діни қағидаттарға бағынады. Ал, философтар мен теологтар болмыстың тылсым мағынасын пайымдауға ұмтылады [8,76].

Дін де, философия да қоршаған ортаны тану мен оған баға берудің белгілі тәсілдері болып табылады. Әл-Фарабидің пікірлеріне сүйенсек, философия дін ұғымын тәуелсіз түрде түсіндіреді; оның философиясы жаратылыстану ғылымдарымен тығыз, жүйелі байланыста; көне грек философиясына сүйенеді. Алайда әл-Фараби діндегі басты ұғымның сенім екенін жақсы түсінді: дін Құдайға және оның жаратушылығына сенуді білдіреді және ешқандай дәлелдеуге мұқтаж емес. Ойшыл діннің шығу тегі туралы мәселені қарастыруда оның адамның ойлану қабілетінің дамуымен байланыстырады. Адам өмірге не үшін келгенін, қалай пайда болғанын, Жаратушының кім екенін, бақыт пен рухани тыныштыққа қалай жете алуға болатыны туралы ойлана бастады. Адам дінге рухани жауап,

тірек, мағына, тәртіп пен тыныштық іздеп келеді.

Әл-Фараби діннің қажеттілігін түсінумен қатар, онсыз да болмыстың мүмкін екенін алға тартты. Яғни, ол философияның арқасында да, адам ақиқат пен бақытқа жете алады дегенді меңзеді. Дін туралы жазғанда автор тұлғаның белсенділігіне, дінді түсінуде даралықтың маңыздылығына баса назар аударады. Діни мәселені шешуде жалғыз бедел иесі – Алла ғана; одан кейін, адамның өзінің ақылы. Дін міндеттерді белгіледі, алайда, оларды шынайы мәнін ашпады. Міне, осы тұста философияға мұқтаждық байқалады. Философия теориялық тұрғыдан діннен жоғары тұр. Философия ешқандай сұрақтан қорықпайды; ең құпия да, ең күрделі діни мәселелерді талқыға салады. Философия барлық нәрсені сыни, логикалық тұрғыдан қарастырады. Философия мұның барлығын ақиқатқа жету, діннің мәнін ашу, өмірдің мәнін анықтау үшін істейді. Себебі, философия барлық зат туралы ақиқатты білуге ұмтылады [9, 135 б].

Әл-Фараби өмір сүрген дәуірдегі қоғамдар белсенді рухани ізденісте болды. Адамдар өздерінің барлық рухани сұраныстарына жауапты діннен тапты. Әл-Фарабиді теологтардың әлемді түсіндіруі, олардың догматтық дүниетанымы қанағаттандырмады. Теология да, Әл-Фараби де Алланың бірінші себеп екеніне, Оның барлық ғаламды жаратқанына еш күмәнданбады. Алайда әл-Фараби әлемнің өзгермелілігін, материяның барлық деңгейлерінде әрекет ететін жалпы заңдардың болатынын айтты. Теолог-

тар құдайдың орнатқан заңдылықтарының өзгермейтінін айтты. Әл-Фараби болса, әлемнің тек табиғи заңдылықтарға сәйкес өзгеретінін алға тартты. Әл-Фарабидің тұжырымдауынша, Құдіретті де Бірегей Құдайға деген сенім тек ақылмен пайымдауға ғана негізделуі тиіс.

Әл-Фараби діннің рухани тәрбиелеуші, қоғамдық реттеуші рөлін жоққа шығармайды. Ол діннің ұсынған ғаламдық келбетін қабылдамай, оның орнына өзі ғаламды суреттеуге кірісті. Діннің ережелері – адамдардың іс-әрекеттерін жақсы мен жаманға бөлу үшін аса қажетті өлшеуіш. Әл-Фараби Құрандағы моральдық, рухани-этикалық құндылықтарды теріске шығармады; ол бұл құндылықтарға олардың мәнін түсінбей, санамен сезінбей ере берудің қателігі туралы айтты. Адам құрандық моральды өз ақылымен пайымдап, ой елегінен өткізіп, соған сәйкес іс-әрекет етіп, оны алға қарай дамытуға тиіс.

Әл-Фараби шарият заңдарын мойындады; бірақ, философия да этикалық нормаларды және кемелденуді одан ары жетілдіруі керек. Әл-Фараби «қайырымды дін», «шынайы дін» терминдерін этикалық мағынада пайдаланады. Ол да, Аристотель сияқты мемлекет пен қоғамның рухының этикаға тәуелділігін меңзеді. Философия да, дін де адамзатты ақиқатқа бастайды: дін бағыну мен көнуді қажет етсе, философия пайымдау мен негіздеуді қажет етеді. Әл-Фарабидің тұжырымы бойынша, Алла бағынуды бұйырды; алайда, алдымен, не үшін Оған бағыну керектігін түсіну керек [6, 51-556.].

Әл-Фарабидің айтуынша, дін өзінің белгілеген заңдары мен қағидаларынан тыс адамға артық нәрсе үйретуге тырыспайды. Адам өз ақылымен қажетті деп тапқан барлық түйінді шешуі керек. Адам Алла тарапынан талап етілген моральдық шеңбердің аясында іс-әрекет етуі тиіс. Алайда түпкі бақытқа жету үшін адам философияның көмегімен тану деңгейіне көтерілуі қажет.

Әл-Фарабиді дінге қарсы ашық пікір білдірді деп айтуға негіз жоқ. Ол дінді танымның әдістерінің бірі ретінде қабылдады. Ол ешқашан философиясыз бақытқа жетуге болмайтынын алға тартпады. Философия – таңдаулылардың жолы. Дін – көпшіліктің жолы. Әл-Фарабиге келсек, ол рационалист болғандықтан, тек ақылға ғана жүгінуді жөн көрді. Әл-Фараби дінді философиямен тең дәрежеде қоғам үшін қажетті құрал ретінде қарастырады. [7,1136].

Әл-Фарабидің дінге деген жалпы ұстанымына келсек, ол дінді ақиқаттың бейнелік-символдық көрінісі деп түсінді. Аристотельдің ойларынан шабыт алған әл-Фараби өзінің «Қайырымды қаланың тұрғындарының көзқарастары» атты кітабында философия мен аянның ақиқатқа жеткізетін екі түрлі модель екендігі туралы ойды дамытады.

Қорытынды және бағалау:

Қорытынды ретінде айтар болсақ, әл-Фарабидің жоғарыда атап өткен ерекшеліктеріне байланысты, біз өте қызықты әрі терең деп бағалайтын бұл ілімдерді жіктеуі – өзінен кейінгі мұсылман ғалымдары тарапынан

мазмұндық тұтастық пен мәндік тереңдік тұрғысынан біртұтастығын байқаймыз. Алайда әл-Фарабидің «терең әрі түпнұсқалық құрылымға ие негізгі көзқарасы» жалғастырылғанда, ислам өркениетінде «ілім», «философия» және «дін мен философия арасындағы байланыс» салаларында әлдеқайда жемісті нәтижелерге қол жеткізуге болар еді. Әсіресе ой дамуын тежейтін «қайшылық» орнына, өзара толықтыратын «сыни көзқарас» үстем болар еді. Өзін діннен бастау алатын ілімдер – яғни кең тараған атаумен айтқанда, «діни ілімдер» – мүмкіндігінше «бурхани» (ақли-дәлелді) болуға ұмтылар еді, осылайша дін де өз ақиқатын сенімді әрі нанымды түрде жеткізе алар еді. Әл-Фарабидің көзқарасы бойынша, фикһ пен кәләм – «ізгілікті қаланың тұрғындарының көзқарастары мен әрекеттерін, сол халықтың басым көпшілігі үшін орнықты және сау қалпында ұстап тұратын әлеуметтік-саяси (қоғамдық) ілімдер» деп түсіндірілетін болса, онда дін егер «ізгілікті» (фазыл), «үйлесімді/дұрыс» (сахих) және барынша кең көлемде «нанымдық» болғысы келсе – ал ислам табиғатынан сондай – бұл дінге негізделген ілімдер де өз қағидалары мен әдістері тұрғысынан философияға бағынышты болуы тиіс.

Соңында айта кету керек: мұндағы «философия», «ілім» және «дін» ұғымдарын әл-Фарабидің түсінігінде қабылдау – ғылыми тұрғыдан қажеттілік. Өйткені оның көзқарастары осы тұтастық аясында ғана мәнге ие. Егер бұл ұғымдарға дәстүрдің немесе әсіресе модернизмнің

жүктеген мағынасымен шектеліп қарайтын болсақ, онда әл-Фарабидің бізге айтары қалмайды. Оның барша еңбегі – «интеллектуалдық тұтастықты» қалай қамтамасыз етуге бо-

латынын көрсетуге бағытталған бір тұтас көзқарас. Мұның кері жағы – «дін» мен «дүние» арасын қатаң ажырататын парадигманы негіз еткен көзқарастар.

Әдебиеттер:

1. Есім Ф. Фалсафа тарихы. – Алматы: Раритет, 2004. – 287-303 бб. Хайруллаев М. М. Фараби, эпоха и учение. Ташкент, 1975. С.10
2. Әл-Бәйхақи. Та`рих хукама`иль-ислам. – Бәйрут, 1984. – С.30
3. Кирабаев Н.С. Социальная философия мусульманского Востока (эпоха средневековья). –М.: Изд-во УДН, 1987. – С.7
4. Алтаев Ж.А., А Фролов А. Аль-Фараби и его попытка примирить религию с философией. Әл-Фараби журналы 4(40) 2012. – 25 бет.
5. Сейтахметова Н.Л. Абу Наср Аль-Фараби об отношении философии и религии. Современность: мир мнений // Философский альманах. 1998. – № 2
6. Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 2-том. Метафизика (2 бөлім) Астана: «Лотос – Астана», 2007. – 113 б.
7. Deborah Black. Psychology: Soul and Intellect in Adamson, P and Taylor, R. // The Cambridge Companion to Arabic Philosophy. – Cambridge: Cambridge University Press, 2005. – p.171
8. Sajjadi, S. H. (2025). Logic and Tradition: New Light on Al-Farabi's Philosophy of Logic. History and Philosophy of Logic, <https://doi.org/10.1080/01445340.2025.2550136>
9. Ammar al-Talbi, Al-Farabi, The Quarterly Review of Comparative Education, Unesco of Education, vol. XXIII, no. 1/2, Paris 1993, s. 354.
10. Hilmi Ziya Ülken, «Fârâbî Meselesi», Fârâbî Tetkikleri., İstanbul 1950, s. 126.

REFERENCES

1. Esim F. Falsafa tarihy. – Almaty: Raritet, 2004. – 287-303 bb. Hajrullaev M. M. Farabi, epoha i uchenie. Tashkent, 1975. C.10
2. Al-Bhaқи. Ta`rih hukama`il' islam. – Bәjrut, 1984. – C.30
3. Kirabaev N.S. Social`naja filosofija musul`manskogo Vostoka (jepoha srednevekov`ja). –M.: Izd-vo UDN, 1987. – S.7
4. Altaev Zh.A., A Frolov A. Al'-Farabi i ego popytka primirit' religiju s filosofiej. Al-Farabi zhurnaly 4(40) 2012. –25 bet.
5. Sejtahmetova N.L. Abu Nasr Al'-Farabi ob otnoshenii filosofii i religii. Sovremennost': mir mnenij // Filosofskij al`manah. 1998. – № 2
6. Abu Nasyr al-Farabi. 10 tomdyk shyғarmalar zhinaғы. 2-tom. Metafizika (2 bөlim) Astana: «Lotos – Astana», 2007. – 113 b.
7. Deborah Black. Psychology: Soul and Intellect in Adamson, P and Taylor, R. // The Cambridge Companion to Arabic Philosophy. – Cambridge: Cambridge University Press, 2005. – p.171
8. Sajjadi, S. H. (2025). Logic and Tradition: New Light on Al-Farabi's Philosophy of Logic. History and Philosophy of Logic, <https://doi.org/10.1080/01445340.2025.2550136>

9. Ammar al-Talbî, Al-Farabi, The Quarterly Review of Comparative Education, Unesco: Bureau of Education, vol. XXIII, no. 1/2, Paris 1993, s. 354.
10. Hilmi Ziya Ülken, «Fârâbî Meselesi», Fârâbî Tetkikleri, İstanbul 1950, s. 126.

Авторлар туралы мәлімет:

Сулейменов Пиримбек Муханбетович – саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Әл-Фараби» орталығының директоры (Алматы, Қазақстан, E-mail: spirimbek@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-1270-9167).

معلومات عن المؤلفين:

سليمونوف بيريمبك موخانبيتوفيتش – حاصل على درجة الدكتوراه في العلوم السياسية، أستاذ مشارك. مدير مركز «الفارابي» في الجامعة الوطنية الكازاخية التي تحمل اسم الفارابي. ألماتي، كازاخستان، (E-mail: spirimbek@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-1270-9167).

Information about authors:

Suleimenov, Pirimbeck Mukhanbetovich– Candidate of Political Sciences, Associate Professor. Director of the «Al-Farabi» Center at Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, E-mail: spirimbek@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-1270-9167).

Информация об авторах:

Сулейменов, Пиримбек Муханбетович – кандидат политических наук, доцент. Директор Центра «Аль-Фараби» Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, E-mail: spirimbek@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-1270-9167).

Г. Мажиев¹

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, Астана қ., Қазақстан
e-mail: g.mazhiev@mail.ru

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы зайырлылық идеяларының қалыптасу үдерісі, оның ішінде Әлихан Бөкейханның көзқарастары мен еңбектеріндегі ерекшеліктері қарастырылады. Қазақ зиялылары ұлттық тәуелсіздік пен өркениеттік даму жолын таңдауда дін мен мемлекеттің арақатынасын жаңаша түсіндіруге ұмтылды. Ә. Бөкейханның «Қазақ» газетінде жарияланған мақалалары мен «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы зайырлылық қағидаттарының қазақ қоғамына енуіндегі маңызды дереккөз болып табылады. Оның діннің әлеуметтік қызметін ағартушылық пен қоғамдық мүддеге қызмет етумен байланыстыруы, діни төзімділік пен теңдік идеясын алға тартуы – қазіргі заманда да өз маңызын жоймаған ойлар. Сонымен қатар, Батыс ойшылдарының ықпалы, Толстойдың діни төзімділікке қатысты көзқарастары Ә. Бөкейхан еңбектерінде көрініс тапқаны талданады. Зерттеу нәтижесінде, XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының зайырлылыққа қатысты идеялары бүгінгі Қазақстандағы конфессияаралық келісім мен зайырлы мемлекет құндылықтарымен сабақтасып жатқаны айқындалады.

Түйін сөздер: Әлихан Бөкейхан, Алаш, зайырлылық, дін, мемлекет, төзімділік, XX ғасыр басы.

ماجيف جيلميك¹

¹الإدارة الدينية للمسلمين في كازاخستان، أستانا، كازاخستان
e-mail: g.mazhiev@mail.ru

المجتمع الكازاخي في بداية القرن العشرين وتشكيل أفكار العلمنة

الملخص: تتناول هذه المقالة عملية تشكل أفكار العلمنة في المجتمع الكازاخي في بداية القرن العشرين، مع التركيز على مميزات وجهات نظر وعمل عليخان بوكايخان في هذا السياق. سعى المثقفون الكازاخ إلى إعادة تفسير العلاقة بين الدين والدولة بطريقة جديدة أثناء اختيارهم طريق الاستقلال الوطني والتنمية الحضارية. تعد مقالات عليخان بوكايخان المنشورة في صحيفة «قازاق» ومشروع برنامج حزب «الألاش» مصادر مهمة لفهم دخول مبادئ العلمنة إلى المجتمع الكازاخي. كما يناقش ارتباطه للخدمة الاجتماعية للدين بالتنوير والمصلحة العامة، ودعوته إلى التسامح الديني ومبدأ المساواة، وهي أفكار ما زالت تحتفظ بأهميتها حتى اليوم. بالإضافة إلى ذلك، يتم تحليل

تأثير المفكرين الغربيين، وخاصة آراء تولستوي حول التسامح الديني، كما تجلت في أعمال عليخان بوكايخان. توضح نتائج الدراسة أن أفكار المثقفين الكازاخ في بداية القرن العشرين حول العلمنة تتماشى مع قيم التسامح بين الطوائف والدولة العلمانية في كازاخستان المعاصرة.
الكلمات المفتاحية: عليخان بوكايخان، الألاش، العلمنة، الدين، الدولة، التسامح، بداية القرن العشرين.

G. Mazhiev¹

¹Religious Administration of Muslims of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan
e-mail: g.mazhiev@mail.ru

KAZAKH SOCIETY AT THE BEGINNING OF THE 20TH CENTURY AND THE FORMATION OF SECULARISM IDEAS

Abstract. This article examines the process of shaping secularism ideas in early 20th century Kazakh society, with a particular focus on the views and works of Alikhan Bukeikhan. The Kazakh intelligentsia, striving for national independence and modernization, sought to reinterpret the relationship between religion and the state. Bukeikhan's publications in the newspaper Qazaq and the draft program of the Alash party became key sources reflecting the entry of secular principles into public consciousness. His interpretation of religion as a means of enlightenment and service to social interests, as well as his emphasis on religious tolerance and equality, remain relevant to this day. The article also analyzes the influence of Western thinkers, particularly L. Tolstoy's views on religious tolerance, which are echoed in Bukeikhan's writings. The findings suggest that the ideas of the early 20th century Kazakh intelligentsia on secularism anticipated many of the core values of interfaith harmony and the principles of a secular state in contemporary Kazakhstan.

Keywords: Alikhan Bukeikhan, Alash, secularism, religion, state, tolerance, early 20th century.

Г. Мажиев¹

¹Духовное управление мусульман Казахстана, Астана, Қазақстан
e-mail: g.mazhiev@mail.ru

КАЗАХСКОЕ ОБЩЕСТВО НАЧАЛА XX ВЕКА И ФОРМИРОВАНИЕ ИДЕЙ СВЕТСКОСТИ

Аннотация. В статье рассматривается процесс формирования идей светскости в казахском обществе начала XX века, а также особое внимание уделяется взглядам и трудам Алихана Букейхана. Казахская интеллигенция, стремившаяся к национальной независимости и модернизации, по-новому осмысливала соотношение религии и государства. Публикации А. Букейхана в газете «Қазақ» и проект программы партии «Алаш» стали важными источниками закрепления принципов светскости в общественном сознании. Его понимание религии как инструмента просвещения и служения

общественным интересам, а также идеи религиозной терпимости и равенства сохраняют актуальность и в современном контексте. В статье также анализируется влияние западных мыслителей, в частности взглядов Л. Толстого на религиозную терпимость, что отражается в трудах А. Букейхана. В результате исследования делается вывод о том, что идеи казахской интеллигенции начала XX века о светскости во многом предвосхищали современные ценности конфессионального согласия и принципов светского государства в Казахстане.

Ключевые слова: Алихан Букейхан, Алаш, светскость, религия, государство, терпимость, начало XX века.

КІРІСПЕ

Қазақстанның зайырлылық жолының қалыптасуы күрделі кезеңдерді бастан өткерді. Қазақстан халқы үшін зайырлы құндылықтармен қатар діни құндылықтардың да орны ерекше. Бүгінгі Қазақстан қоғамы мен басқару жүйесінің орнығуында осы құндылықтардың тоғысуы жатыр. Ал әр құндылық тарихтың әр кезеңінде пайда болып, Қазақстан халқының бүгінгі дін мен мемлекет туралы түсінігін қалыптастырды. Сол себепті, Қазақстан тарихындағы дін мен мемлекет арақатынасын қарастыру маңызды.

XX ғасыр адамзат тарихындағы ең өзгеріске толы кезең саналады. Бұл кезеңде қоғам, мемлекет және адам деген үш тағанды құндылық арта түсті. Соның ішінде адам және оның еркіндігі ерекше құрметтелуі тиіс дүние ретінде қалыптасты. Әрине, мұндай идеялар бұған дейін де болғанымен жалпылама әлем елдері үшін ортақ құндылық ретінде қалыптасуы дәл осы XX ғасырдың басынан бастап күшейе түсті. Сондай-ақ, аталмыш ұштаған парадигмасының өзара үйлесімділігін құқық қамтамасыз етті. Тіпті діннің өзі қоғамның бір институты ретінде қарастырылып, құқық қоғамның басты реттеуші жүйесі ре-

тінде танылды. Дін қоғамның маңызды институты болғанымен өз кезегінде бұл жүйе оның саясилануына жол бермеуге бағытталды. Дін – әркімнің жеке рухани қажеттілігін қанағаттандыру үшін қажетті рухани жүйе, ал, құқық жалпы қоғамды реттейтін жүйе ретінде қалыптасып, әр саланың өз бағыты айқындалды. Яғни, зайырлы қоғамның басты принциптері орныға бастады.

Батыста орын алған бұл құбылыс патшалық Ресей аумағына да ерекше әсер етті. Мәдени тұрғыда Батысқа бет бұруға тырысқан патшалық Ресейдің ақын-жазушылары Батыста пайда болған ойларды орыс тіліне аударып, таратып отырды. Өз кезегінде патшалық Ресейдің отарында болған қазақ даласы үшін де мұндай ойлар халықты ағарту бағытында аса қажетті дүние еді. Қазақ зиялылары заман талабы мен сол кездегі үлкен өзгерістердің қазақ халқы үшін қажетін барынша баспа құралдары арқылы таратуға тырысты. Жаңа өркениеттен шет қалмастан, ұлттың көркейіп, еркін ел болуы үшін идеялық құндылықтарды қалыптастыруға тырысты. Бұл бағытта әсіресе, Алаш қайраткерлерінің үлесі көп. Аянбай тертөгіп, ұлт болашағы үшін Батыстың да Шығыстың да құндылықтарын ой

елегінен өткізіп, қазақ халқы үшін керегін жеткізіп отырды. Соның ішінде дін құндылықтарын ұлт игілігіне жаратып, дін мен модернизмді қатар алып жүруді насихаттады. Яғни, зиялылар қазақтың ұлттық болмысын, діни құндылықтарын сақтай отырып, елдің модернистік идеяларға сай дамуын қолдады. Ол үшін, дін мен мемлекеттік басқаруды бөлу, әркімнің жеке діни сенімін құрметтеу мен төзімділік таныту сияқты өркениетті әрі зайырлы құндылықтар қажет екенін бірнеше құжаттарда жариялады.

Ұлт көсемі Ә. Бөкейханның діни төзімділік пен өзара келісімнің маңыздылығын сипаттайтын шығармалары сол кездегі қазақ қоғамында әрі патшалық Ресей үшін де жаңаша көзқарас болатын. Баршаға мәлім патшалық Ресейдің ұстанған зорлап шоқындыру мен отарлау саясаты үшін діни теңдік пен төзімділік қисынға келмейтін идея еді. Яғни, отарлық саясаттың бір құралы ретінде саналған мәжбүрлі шоқындыру жүрген жерде «бұратана» халықтың дінін «элиталы» ұлттың дінімен тең санау патшалықтың басты саяси бағытына қайшы болатын. Сондықтан сол кездегі батыс қоғамы үшін қалыпты дүние саналған діни еркіндік, патшалық Ресей отарына айналған халықтар үшін өте қажетті әрі қол жетпестей қиын дүние еді. Дегенмен, осыған қарамастан қазақ зиялылары дін бостандығы мен теңдігі үшін идеялық күрес жүргізді. Осы арқылы ұлт еркіндігі мен болашағы үшін тер төкті.

Көріп отырғанымыздай Алаш қайраткерлерінің зайырлылыққа қа-

тысты еңбектерін зерттеу бізге тек өткен күнді еске түсіру ғана емес, бұл – ҚР-ның қазіргі дін мен мемлекет ара-қатынасы мен ұлттың негізгі құндылықтарын тану үшін де өте өзекті.

Әдебиеттерге шолу

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы зайырлылық идеялары мен Алаш қайраткерлерінің көзқарастарын зерттеу отандық және шетелдік ғылымда ерекше назарға алынған. Бұл бағытта бірнеше авторлардың еңбектері маңызды орын алады. Е. Бекмаханов (1992) еңбектерінде Қазақстандағы XX ғасыр басындағы саяси қозғалыстардың әлеуметтік негіздерін талдай отырып, Алаш зиялыларының зайырлы мемлекет құруға ұмтылысының тарихи маңызын көрсетеді. Оның пайымдауынша, қазақ қоғамындағы жаңашыл идеялардың қалыптасуы тікелей отарлық саясаттың зардаптарына жауап ретінде пайда болды. М. Қозыбаев (1994) қазақ тарихындағы ұлттық интеллигенцияның рөліне тоқталып, олардың зайырлылықты ағартушылықпен байланыстыра отырып, халықты өркениеттік даму жолына жетелеуге тырысқанын дәлелдейді. Т. Омарбеков (2010) өзінің зерттеулерінде Алаш қайраткерлерінің саяси-құқықтық идеяларына арнайы тоқталады. Ол «Алаш» партиясы бағдарламасындағы діннің мемлекеттен бөліну қағидасын демократиялық жаңғырудың басты шарты ретінде қарастырады. Ғ. Есім (2006) философиялық тұрғыдан зайырлылық пен діни толеранттылық мәселелерін талдап, олардың қазақ қоғамындағы та-

рихи тамырларын көрсетеді. Оның пікірінше, Ә. Бөкейхан және Алаш зиялылары осы құндылықтарды ұлттық дәстүрмен үйлестіріп берді. Х. Әбжанов (2012) ұлттық тарих пен мемлекетшілдік мәселелерін зерделей отырып, Алаш қайраткерлерінің діни және зайырлы көзқарастарын ұлттық мемлекетті қалыптастырушы идеялық негіз ретінде сипаттайды.

Шетелдік зерттеушілер де бұл тақырыпқа назар аударған. Adeeb Khalid (2007) Орта Азиядағы жәдитік қозғалыстарды зерттеп, олардың дінді ағартушылық пен модернизация құралы ретінде қолданғанын көрсетеді. Бұл тұжырым қазақ зиялыларының ағартушылыққа бет бұруымен үндес. Robert Crews (2006) Ресей империясындағы ислам саясатын талдай отырып, отарлық кеңістіктегі дін мен мемлекет қатынасының күрделі сипатын ашады. Бұл еңбектер қазақ қоғамындағы діни саясаттың ерекшелігін түсінуге көмектеседі. Allen Frank (2001) Ресей отарлық билігі мен мұсылман халықтарының діни тәжірибелерін зерттеп, діни төзімділіктің шектеулі сипатын көрсетеді. Қазақ зиялыларының діни теңдік пен бостандықты талап етуі осы тарихи контекстпен байланыстырылады.

Жалпы отандық зерттеушілер қазақ зиялыларының зайырлылыққа қатысты идеяларын ұлттық тарих пен қоғамдық даму тұрғысынан қарастырса, шетелдік зерттеушілер бұл құбылысты империялық және аймақтық контексте түсіндіреді. Барлық еңбектердің ортақ тұжырымы ретінде XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының зайырлылық идеяла-

ры ұлттық жаңғырудың негізгі өзегіне айналғанын көрсетеді.

Тақырыпты талдауды дәйектеу және мақсат-міндеттері

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – Әлихан Бөкейханның шығармашылығындағы зайырлылыққа қатысты ой-пікірлерін талдау, оның дін мен мемлекеттің арақатынасы, діннің әлеуметтік қызметі және діни төзімділікке байланысты ұстанымдарын анықтау. Зерттеу барысында Ә. Бөкейхан көзқарастарының XX ғасыр басындағы қазақ қоғамында зайырлы құндылықтарды орнықтырудағы тарихи рөлін ашып көрсету көзделеді.

Мақала келесі міндеттерді қарастырады:

– XX ғасырдың басындағы демократиялық құндылықтар мен зайырлылық идеяларының жалпы сипаттамасын анықтау.

– Ә. Бөкейханның дін мен дін адамдарының әлеуметтік функциясына қатысты көзқарастарын сараптау.

– «Алаш» партиясы бағдарламасындағы мемлекет пен дін қатынасына байланысты ұстанымдарды талдау.

– «Сурат кафеханасы» мақаласы негізінде діни төзімділік пен теңдік идеяларының мазмұнын ашу.

– Ә. Бөкейхан көзқарастарының қазіргі зайырлылық қағидаттарымен сабақтастығын бағалау.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Бұл зерттеудің теориялық-методологиялық негізін зайырлылық, дін және мемлекет арақатынасына қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, сондай-ақ Алаш

қозғалысы қайраткерлерінің мұралары құрайды. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көзқарастарын әлемдік демократиялық тәжірибелермен салыстыру үшін қолданылса, жүйелік талдау әдісі Ә. Бөкейхан еңбектеріндегі дін, мемлекет және қоғам арақатынасы туралы ойларды тұтас құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар мазмұндық талдау «Қазақ» газетіндегі мақалалары мен «Алаш» партиясы бағдарламасының идеялық тұжырымдарын ашуға бағытталды, ал идеялық-ұстанымдық талдау оның көзқарастарын зайырлылық, діни төзімділік және теңдік қағидаттарымен байланыстыру үшін пайдаланылды. Бұған қоса, салыстырмалы-құқықтық әдіс «Алаш» партиясы бағдарламасындағы құқықтық қағидаттарды сол кезеңдегі басқа демократиялық мемлекеттердің құжаттарымен салыстыра сараптауға мүмкіндік берді. Әдістердің осы үйлесімі зерттеу тақырыбын жан-жақты қарастыруға және Ә. Бөкейханның зайырлылыққа қатысты көзқарастарының тарихи-теориялық мәнін ашуға жағдай жасайды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

XX ғасыр басы әлемдік өркениет тарихында саяси және әлеуметтік өзгерістердің қарқынды орын алған кезеңі болды. Бұл дәуірде демократиялық құндылықтар кеңінен таралып, тұлға, қоғам және мемлекет арасындағы қатынастар жаңа сипат иеленді. Еуропа елдерінде құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам идея-

лары орнығып, зайырлылық қағидасы қоғамдық өмірді реттеудің негізгі өлшеміне айналды. Мемлекет пен діннің ара-жігін ажырату тек батыс демократияларының емес, Ресей империясының да саяси күн тәртібінде тұрған маңызды мәселе болды.

Еуропада зайырлылық идеясы ағартушылық дәуірінен бастау алды. Джон Локк, Вольтер, Жан-Жак Руссо секілді ойшылдар дінді жеке адамның ар-ожданына қатысты құбылыс деп бағалап, оның мемлекет істерінен алшақ болуын жақтады. Француз революциясы нәтижесінде «азаматтың дінге сенуі немесе сенбеуі – оның жеке ісі» деген ұстаным құқықтық тұрғыдан бекітіліп, бұл принцип кейін көптеген демократиялық мемлекеттердің заңнамалық негізіне енді. XIX ғасырдың соңына қарай бұл тәжірибе Еуропада орнығып, мемлекет пен діннің ара-жігін ажырату өркениетті дамудың басты шарты ретінде қабылданды [Зиманов, 1998, 34 б.]. Ресей империясында, керісінше, православие шіркеуі мемлекеттік билікпен тығыз байланыста болды. Алайда XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, әсіресе 1905 жылғы бірінші революциядан кейін діни сенім еркіндігі, діннен шығу құқығы, түрлі діни конфессиялардың теңдігі мәселелері көтерілді. Бұл процестер империя құрамындағы мұсылман халықтарына, соның ішінде қазақтарға да ықпал етті.

Ертеректегі Екатерина II шығарған «толеранттылық» көрсету туралы жарғысы патшалық Ресейдің қазақтармен және басқа мұсылман халықтарымен ортақ тіл табысу мақ-

сатында жасалғаны анық еді. Яғни, зайырлылық қағидаларының бірі – патшалық Ресейдегі «діни төзімділік» идеясының нұсқасы ислам мен православие арасындағы қақтығыстың алдын алу мақсатында пайда болған. Алайда, патшалық Ресейдің шоқындыру саясаты қазақ зиялыларының арасында діни сенім бостандығы идеяларының пісіп жетілуіне және діни кемсітушіліктің алдын алуға түрткі болды. Сонымен қатар, сол кездегі мұсылман халықтарының отарға айналуы және Батыс елдерінің экономикалық алға шығуы, мұсылман зиялыларының модернизациялық ұстанымдарын күшейте түсті. Ислам діні тек діни ілімді ғана емес, сонымен бірге қоғамдық сананы жаңғыртуға да оң әсер етуі керек деген реформаторлық көзқарас кең етек алды. Өз кезегінде, бұл идея әр саланың жеке дамуына мүмкіндік беруді жақтап, дін бәрін басқаруы керек деген идеяны жокқа шығарды.

Қазақ қоғамы дәстүрлі тұрғыда исламдық дүниетанымға сүйенгенімен, XX ғасырдың басында жаңа идеяларға бет бұра бастады. Оған себеп болған жағдайлардың бірі отаршылдық қысым мен патшалық Ресей әкімшілігінің саясаты еді. Қазақ зиялылары халықты өркениетті елдер қатарына қосудың бір жолы – білім, ғылым және құқықтық теңдікті қамтамасыз ету деп білді. Бұл ұстаным діннің қоғамдағы орнын қайта қарауды талап етті. Егер дәстүрлі көзқараста дін қоғам өмірін толық реттеуші фактор болса, енді XX ғасырдың басында ол әлеуметтік институттардың бірі ретінде ғана

қарастырылып, негізгі реттеуші рөл құқыққа берілді [Қойгелдиев, 2008, 56 б.]. Осы өзгерістер қазақ баспасөзі бетінде айқын көрініс тапты. «Қазақ» газеті беттерінде діннің рөлі, оның ағартушылық пен қайырымдылықтағы орны жиі талқыланды. Қазақ қоғамына жаңа демократиялық құндылықтарды енгізуде баспасөз ерекше қызмет атқарды. Ол халықты құқықтық сауаттылыққа, ұлттық мүддені қорғауға, әлеуметтік мәселелерді шешуге шақырды.

Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш қайраткерлері батыстық демократиялық құндылықтарды ұлттық ерекшелікке бейімдей отырып ұсынды. Олардың ең бастысы – зайырлылық болды. Зайырлы мемлекет үлгісінде дін жеке адамның ар-ожданына қатысты мәселе ретінде қарастырылды. «Алаш» партиясы бағдарламасында «дін ісі мемлекет ісінен айрылуы болуы» қағидатының бекітілуі – қазақ зиялыларының жаңа құндылықтарға бет бұрғанының дәлелі. Бұл тек діни еркіндікті қамтамасыз етуді ғана емес, сонымен бірге құқық үстемдігі мен азаматтардың теңдігін қамтамасыз етудің де негізі болды [Аяған, 2010, 77 б.]. Сөйтіп, XX ғасыр басындағы демократиялық құндылықтар мен зайырлылық идеялары қазақ қоғамында жаңа ойлау мәдениетін қалыптастырды. Қазақ зиялылары еуропалық және ресейлік тәжірибені зерделей отырып, оны ұлттық-мәдени ерекшеліктерге бейімдеп, халықтың болашағын құқықтық мемлекет пен зайырлы қоғам құрумен байланыстырды. Бұл ұстанымдар кейін Алаш қозғалысының басты идеологиялық тірегіне айналды.

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары дінді тек қана діни рәсімдер мен сенім жүйесінің жиынтығы ретінде емес, қоғамды жаңғыртуға, ағартушылыққа және ұлттық мүддені қорғауға қызмет ететін әлеуметтік құрал ретінде қарастырды. Әсіресе, Әлихан Бөкейхан еңбектерінде діннің қоғамдық өмірдегі орны ерекше мәнге ие болды. Ол діннің басты миссиясы – адамгершілік қағидаттарды нығайту, қайырымдылықты өрістетуге, білім мен ғылымды дамытуға қолдау көрсетуге деп білді. Ә. Бөкейханның 1913 жылы «Қазақ» газетінің №11 санында «Моллаларға» атты мақаласында «Өлгі екі поптың апарған дәрігерлері 20-сыншы марттан 1912-нші жылғы 1-інші августке шейін 8 мың 292 мұжықты қарапты... Осы екі поптың Қостанай оязындағы мұжықтарды асырауға шығарған ақшасы 73 мың 66 теңге 19 тиын болған... Үлгі алсаң, қазақ моллалары, осылардан ал!» деп ұсыныс айтады [Бөкейхан, 2016, 144 б.]. 1916 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Рамазан айы жақындаған тақырыпты» атты мақаласында қазақ халқының рамазан айында сауап күтіп, қайырымдылық шараларын ұйымдастырып, дін адамдарына ерекше көмек көрсететінін айтады. Алайда, Ә. Бөкейхан аталмыш шаралардың ішінде қоғамдық мәселелерді шешуге ерекше мән берудің маңыздылығын келтіреді. Оның қатарында білім беру, діни сауатты арттыру, ұлттық мүддеге сай келетін істерге қаржылай көмек беру кіреді. Ұлт көсемі Ә. Бөкейхан «Әсіресе біздің қазақ сияқты білім-өнерден құралақан, оны берерлік білім жұрттарынан да бос тұрған оқу-

шылары аз, болғандарының қалтасы жоқ халық болады. Мұндай пақыр халықтың оқу-білім жұрттарын көбейтуге тырысып, оқушыларын арттырып мұқтаждығын шығаруға қызмет еткен кісілер, байлар құдайшыл, адамшылық істерін екі дүниеде де өтеген зор сауапты болады» деп діннің қызметін сол кездегі қоғамдық мәселелерді шешуге бағыттауға тырысады [Бөкейхан, 2016, 65 б.]. ****Осылайша, Бөкейхан дінді ағартушылық пен қоғамдық мүдденің басты тірегіне айналдыруды мақсат етті. Оның ойынша, дін халықты білімге жетелеуі, ғылымға ынталандыруы, әлеуметтік мәселелерді шешуге үлес қосуы қажет. Бұл ұстанымдар қазақ қоғамын өркениетті елдер қатарына қосудың бір жолы болып саналды. Сондықтан ол молдаларды халық игілігі үшін нақты іс атқаруға шақырды.

Әлихан Бөкейханның көзқарастары мен «Алаш» партиясының бағдарламасында дін мен мемлекеттің арақатынасына ерекше мән берілді. XX ғасырдың басындағы саяси ахуалға сай бұл мәселе қазақ қоғамы үшін өзекті болды. Себебі, бір жағынан, қазақ халқы Ресей империясының отарлық билігіне тәуелді болса, екінші жағынан, діни институттардың әлеуметтік және рухани ықпалы күшті еді. Сондықтан мемлекет пен діннің шекарасын айқындау – ұлттық мүддені қорғау және қоғамның демократиялық дамуын қамтамасыз етудің басты алғышарты саналды. Мемлекет пен діннің қатынасына қатысты Ә. Бөкейханның ұстанымдарын алашорда бағдарламасынан көруге болады. 1917

жылы «Қазақ» газетінің №251 санында «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасы» атты құжат жарияланды. Жобаның «III Негізгі құқық» бөлімінде «Россия республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей, адам баласы тең болу» деп көрсетеді. Жобаның «VI Дін ісі» бөлімінде «дін ісі мемлекет ісінен айрылуы болуы. Дін біткенге тең құқық. Дін жаюға ерік. Кіру шығу жағына бостандық» деп мемлекет пен діннің арасын бөлуді белгіледі. Ал, діни бірлестік ретінде мүфтиліктің қазақ халқында жалпы ресейлік мүфтиліктен бөлек болуын және дін адамдарының қызметінде неке және ат қою секілді рәсімдердің қалдыруын қолдайды.

Бағдарламаның келесі маңызды тұсы – дін бостандығы мен діндер теңдігі мәселесі. «Алаш» партиясы кез келген дін өкіліне тең құқық беруді, діни сеніміне қарай азаматтарды кемсітпеуді талап етті. Бұл қағида қазақ қоғамын түрлі конфессиялар арасында бейбіт қатынаста ұстауға, халықтар арасындағы өзара құрмет пен толеранттылықты дамытуға бағытталды. Сонымен бірге, дінге кіру немесе шығу еркіндігі де арнайы көрсетілді. Мұндай ұстаным XX ғасырдың басындағы демократиялық идеялармен сәйкес келіп, адам құқығы мен ар-ождан бостандығын қорғауға негізделді. Сонымен қатар Ә. Бөкейхан бастаған Алаш қайраткерлері қазақ халқы үшін дербес мүфтилік құру бастамасын көтерді. Бұл ұсыныс Ресей империясының орталықтандырылған діни құрылымдарынан тәуелсіз болуға ұмтылыстың көрінісі еді. Қазақ

қоғамының рухани мәселелерін дербес шешуге мүмкіндік беретін мүфтилік идеясы ұлттық бірегейлікті нығайтуға және діни істерді жергілікті жағдайға бейімдеуге бағытталды. Бұған қоса, діни рәсімдер аясында некеге тұру, балаға ат қою секілді мәселелер молдалардың құзырында қалдырылуы көзделді. Бұл бір жағынан дәстүрдің сақталуына, екінші жағынан діни институттардың қоғамдағы әлеуметтік рөлін айқындауға мүмкіндік берді [Аяған, 2010, 97 б.]. Ә. Бөкейхан мен оның серіктерінің бұл ұстанымдары діни институттарды мүлде жоққа шығару емес, қайта олардың қызметін құқықтық шеңберде реттеп, қоғам мүддесіне сай үйлестіруге бағытталды. Осылайша, мемлекет пен діннің арасын бөлу қағидасы арқылы олар зайырлылықты қамтамасыз етуді, дін бостандығы мен теңдігін орнатуды, ұлттық діни құрылымды қалыптастыруды мақсат етті.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында империя аумағындағы мұсылмандардың қоғамдық белсенділігін арттыруға және әлемдік әлеуметтік-модернизациялық үрдіске ерекше әсер еткен діни реформаторлық құбылыс – жәдидшілдік болды. Бұл идеялық ой-тұжырым Ресей империясы мұсылмандарының әлеуметтік прогрестен шет қалуының себептерін исламдық білім берудің заман талаптарына жауап бере алмауымен, өркениеттік дамудан кешеуілдеп қалуымен түсіндірді. Зерттеуші Мустафа Туна секуляризация процесі империя аумағында медреселердің реформасы арқылы іске асты деп тұжырымдайды [Tuna, 2011, 545 б.].

Әлихан Бөкейханның зайырлылыққа қатысты көзқарастарының маңызды бөлігін діни төзімділік пен теңдік идеялары құрады. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы үшін дін мәселесі тек сенім шеңберімен шектелмей, әлеуметтік, саяси және мәдени сипатқа ие болды. Осы тұрғыдан алғанда, Бөкейхан дінді қоғамды ірітетін емес, қайта біріктіретін күш ретінде қарастыруға ұмтылды. Оның бұл бағыттағы ойлары «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларынан айқын көрінеді.

Діни төзімділіктің артықшылығы мен діни кемсітушіліктің қоғамға зарары жайлы мақаласы 1913 жылы «Қазақ» газетінің №1,2 және 3 сандарында «Сурат кафеханасы» атымен жарияланды. Мақаланың екінші атауы «Дін таласы» деп те беріледі. Аталмыш мақалаға сай Ә. Бөкейхан үнді елінің Сурат атты қаласындағы шағын дәмханасындағы әртүрлі дін өкілдерінің құдайдың аты мен өз діндерінің ақиқаттығын дәлелдеуге тырысып тартысқа түсуі жайлы хикаяны қамтиды. Ә. Бөкейхан сөз соңында Қытайдың конфуцийандық дін өкілінің әр діннің өз ақиқаты бар, бірақ осы ақиқатты дәлелдеу үшін таласқа түсудің мәнсіз деген тұжырымымен қорытындылайды. Мақалада «Конфутси жолындағы қытай осылай деді. Дін артықшылығына таласып кафехананы басына көшіріп, дулап-шулап отырған жұрт, таластарын тастап жым-жырт болды. Бұл сөз адам баласының бәріне ағайыншылық көзбен қараған орыстың ұлық философы Толстой сөзінен алынды. Ол Бернарден Десан Пиер дегеннің сөзінен алған екен. Басқалар да Толстой кө-

in individual life. Events in nature and history occur according to natural laws and are determined by natural causes. This interpretation has two meanings: first, God does not intervene in the lives of individuals and the course of history; second, events in the world do not occur according to a pre-ordained plan by fate or the Creator, but all this happens only through natural causes. Sayyid Ahmed Khan believed that certain verses in the Quran specifically indicate that the Creator is the First Cause and that all other causes exist only through the Creator. However, another section of modernists disagreed with this view. They argued that scientific determinism leaves no room for human freedom of choice. For example, another prominent Jadid Muslim scholar, Jamaluddin Afghani, tried to adopt a lighter form of determinism, like the Ashgaris, between fate and free will. In short, the Aligarh scholars, led by Sayyid Ahmed Khan, pursued a scientific determinism against the traditional scholars and aimed to free the minds of Muslims from the shackles of fate [Kamal, 2018, 484].

Shibli Numani, a prominent representative of Indian modernism in the second half of the 19th century, believed that just as Muslim scholars in the early era of Islam opposed Greek philosophy, modern theologians also had a duty to respond to modern atheism. In his opinion, religion is not only about faith and worship, and accordingly, theology should also include topics such as freedom, human rights, and the status of women [Özcan, 2004: 203]. Shibli Numani argued that it is necessary to benefit not only from the scholars who

lived in the earliest eras of Islam (the Age of Wisdom), but also from the works of all scholars in various fields throughout Muslim history. In addition, according to Shibli, Muslims tend to see their backwardness, laziness and failure as fate. The thinker actually disagrees with the above opinion, stating that Allah Almighty has given a certain level of freedom to the human being and that man is responsible for his actions [Özervarlı, 2010, 127].

Shibli also discusses the metaphysical issues in Islam and tries to logically justify their truth. In this verse, he gives the example of the phenomenon of dreams for atheists who do not believe in resurrection after death and the afterlife. No one can deny dreams. People can travel to different places in their dreams that they have never imagined. Similarly, he concludes that prophets and saints can also talk about the afterlife and the unseen world. He tries to explain the issue of punishment and reward in terms of cause and effect. Just as poison kills and medicine cures in the material world, so it is in the unseen world. It is impossible for the soul to remain unaffected by good and bad deeds. He writes that the joy that the soul experiences as a result of good deeds and the hardship that it experiences as a result of bad deeds are called reward and punishment in religion. Shibli argues that Islam was originally a simple and transparent religion, but over time, later generations added various things to it and made it more complicated, and the science of kalam became the core of the problems in the religion. Shibli believes that even the early Muslims would not

have been able to understand Islam, which was so entangled in such a tangle. According to the thinker, although ijtihad was encouraged since the time of the Companions, later imitation dominated the religion. Although it is stated in the books of kalam that «Imitation is not allowed in faith», this phrase lost its meaning in later times [Özervarlı, 2010, 128].

In 1894, the Council of Ulama (Nadwatul Ulama) was established in Lucknow on the initiative of Shibli Numani and a group of scholars. This council was seen as an organization that took a middle path between the extreme secularism of Aligarh and the extreme conservatism of the Deobandi and planned to unite Muslim scholars of different views in India. On the basis of this council, the foundation of the Darul Uloom Nadwatul Ulama religious institution was laid in 1898.

The Aligarhites viewed the establishment of the Ulama Council positively. Realizing that group collectivism was more necessary than individual initiatives in religious education, they supported the need for a council that would bring together different views. In general, modernists themselves later realized the dangers of studying modern teachings in depth, and therefore believed that it was necessary to maintain a balance with religious knowledge. Otherwise, the youth, fed up with the purely rational science of the West, could fall into pessimistic skepticism, apostasy and atheism.

Shibli Numani, who had been actively involved in the work of the Ulama Council since 1904, came under

the influence of Pan-Islamism in 1908 and opposed the Aligarhites. The Ulama Council, which was initially planned as a moderate organization, gradually moved away from the modernism of Aligarh and towards religious conservatism. Thus, over time, the council became no different from the Deoband school. In 1920, the members of the Ulama Council agreed to adopt a position that rejected, in particular, the rationalism of Sayyid Ahmed Khan and the Aligarh modernists [Ahmad, 1967, 112].

Conclusion

In the second half of the 19th century, we saw the rise of Islamic modernism in the Indian subcontinent. Innovative ideas and revolutionary views were expressed regarding Islam. The ideas of Jadidism and religious innovation also spread to other countries of the Islamic world, such as Crimea, Egypt, and the Levant. However, Jadidism in India stands out for its exceptional ideological boldness and acquired a unique character. There are several reasons for this. First, Indian Muslims were among the first among the Ummah to become acquainted with the most advanced Western civilization of that time. The British had been present in India since the 16th century through the East India Company. Then came the policy of colonization, Western-style colleges began to open, a new culture was established, etc. Thus, Indians absorbed and became acquainted with the fruits of modernity from an early age. The British, who were called the «masters of the seas», brought them rationality, systematic thinking, and coolness. It can be said that this had a

significant impact on the nature of future religious modernism. Secondly, after the unsuccessful uprising of the Indian people against the British in 1857, the political situation in the country deteriorated significantly. India officially came under the rule of the British Empire, and British rule was consolidated. The Indian nation, which had been ruled by the descendants of Babur for centuries, was besieged by a huge Christian state. Muslims lost their centuries-old political and social dominance. On the one hand, Christian missionaries and on the other, Hindu religious leaders oppressed Muslims. At this point, the Muslim minority needed new religious ideas and an educational system so that they would not be swallowed up between the majority of Indians and Western Christianity/secularism.

During this period, it can be seen that the religious revival in India developed mainly in several directions. Religious modernists, traditionalist Deobandi and fundamentalist Hadith scholars. Modernist scholars did not oppose British rule, but actively supported it and sought to benefit from British knowledge and science. Muslim intellectuals believed that Muslims should either prove that modern science was incompatible with Islam or that Islam was not incompatible with it. In other words, if modern science could not be proven to be incompatible

with Islam, they believed that it was best to accept it. However, the religious ideas of the progressive Jadidists led by Sayyid Ahmed Khan were not accepted by the Muslim elite in India, and even their entire ideas were rejected. Perhaps their ideas were too radical, or perhaps Indian Muslims at that time were not yet ready to accept revolutionary ideas in the religious sphere. In any case, it is worth noting that ideas such as reinterpreting the structure of the Prophet's Sunnah and describing miracles as metaphors are views that are shocking to the Muslim community of today, let alone the Muslims of the 19th century.

Islamic modernism, as a reformist movement, aimed to interpret the dogmas of religion in the light of reason and to change the religious views that had been formed by medieval scholars but had now become entrenched. It aimed to bring Western science and to equalize the window of the Muslim world with the modern era. But Islamic modernism did not spread widely. It could not go beyond the level of a topic of discussion among Muslim intellectuals and academic circles. Nevertheless, the views of the Indian modernists of the 19th century had a great influence on the later generation of Pakistani thinkers, such as Muhammad Iqbal and Fazlur Rahman, who left a special mark on the intellectual history of Islam.

References

1. Ahmad, A. (1961). Sayyid Ahmad Khan, Jamal al-Din Al-Afghani and Muslim India. *Studia Islamica*, 13, 59.
2. Ahmad, A. (1967). *Islamic modernism in India and Pakistan 1857-1964* (p. 24). London-Bombay-Karachi: Oxford University Press.
3. Ahmad, A. (1969). *An intellectual history of Islam in India* (p. 13). Edinburgh.

4. Özcan, A. (2004). Hindistan'da 19. yüzyıl İslam modernizmi ve Seyyid Ahmed Han [19th century Islamic modernism in India and Sayyid Ahmed Khan]. *İslamiyet üç aylık araştırma dergisi*, 7(4), 197.
5. Britannica. (2024, January 1). Shāh Walī Allāh. *Encyclopedia Britannica*. <https://www.britannica.com/biography/Shah-Wali-Allah>
6. Özkan, H. (2003). Bağımsızlık mücadelesinde yenilikçi bir ruh; Sir Seyyid Ahmed Han ve Aligarh hareketi [An innovative spirit in the struggle for independence; Sir Sayyid Ahmed Khan and the Aligarh movement]. *Nüsha dergisi*, 3(8), 150.
7. Eren, H. (1989). Aligarh [Aligarh]. In *TDV İslam Ansiklopedisi* (Vol. 2, p. 460). TDV İslam Araştırma Merkezi. [In Turkish]
8. Muhammad Abdu, H. (2021). Dauur as-Sayyit Ahmad Han fi Islahi at-Taḥkīr ad-Dini fi-l İslam al-Mughasir [Role of Sayyid Ahmed Khan in reviving contemporary religious thought of Islam]. *Kafkas Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi*, 15(8), 105.
9. Kamal, M. (2018). Islamic modernism in India. In *Routledge history of world philosophies* (p. 480). New York: Routledge.
10. Öz, M. (1989). Ahmed Han, Seyyid [Sayyid Ahmed Khan]. In *TDV İslam Ansiklopedisi* (Vol. 2, p. 74). TDV İslam Araştırma Merkezi.
11. M. S. (2010). Şibli Numani fikirleri [Shibli Numani's thoughts]. In *TDV İslam Ansiklopedisi* (p. 127). TDV İslam Araştırma Merkezi.
12. *Speeches and addresses relating to the Mahomedan Anglo-Oriental College in Aligarh*. (1898). Aligarh: Institute Press. (Address presented to the Viceroy, Lord Lytton), p. 24.
13. Khan, S. A. (n.d.). *Review on Dr. Hunter's Indian Muslims* (pp. 38–40). Lahore.

Әдебиеттер

1. Ahmad, A. (1961). Sayyid Ahmad Khan, Jamal al-Din al-Afghani and Muslim India. *Studia Islamica*, 13, 59.
2. Ahmad, A. (1967). *Islamic modernism in India and Pakistan 1857-1964* (p. 24). London-Bombay-Karachi: Oxford University Press.
3. Ahmad, A. (1969). *An intellectual history of Islam in India* (p. 13). Edinburgh: Edinburgh University Press.
4. Özcan, A. (2004). Hindistan'da 19. yüzyıl İslam modernizmi ve Seyyid Ahmed Han. *İslamiyet: Üç aylık araştırma dergisi*, 7(4), 197.
5. Britannica, The Editors of Encyclopaedia. (2024, January 1). Shāh Walī Allāh. In *Encyclopedia Britannica*. <https://www.britannica.com/biography/Shah-Wali-Allah>
6. Eren, H. (1989). Aligarh. In *TDV İslam Ansiklopedisi* (Vol. 2, p. 460). TDV İslam Araştırma Merkezi.
7. Özkan, H. (2003). Bağımsızlık mücadelesinde yenilikçi bir ruh; Sir Seyyid Ahmed Han ve Aligarh hareketi. *Nüsha*, 3(8), 150.
8. Мұхаммед Абду, А. Дауыр әс-Сәйит Ахмад Хан фи Ислахи әт-Тәфкир әд-Дини фи-л Ислам әл-Мұғасир. — *Kafkas Üniversitesi, İlahiyat Fakültesi Dergisi*, 15 (8). 2021. — s. 105
9. Khan, S. A. (n.d.). *Review on Dr Hunter's Indian Muslims* (pp. 38-40). Lahore.
10. Kamal, M. (2018). Islamic modernism in India. In *Routledge History of World Philosophies* (p. 480). New York: Routledge.

11. Öz, M. (1989). Ahmed Han, Seyyid. In *TDV İslam Ansiklopedisi* (Vol. 2, p. 74). TDV İslam Araştırma Merkezi.
12. Özervarlı, M. S. (2010). Şibli Numani fikirleri. In *TDV İslam Ansiklopedisi* (p. 127). TDV İslam Araştırma Merkezi.
13. *Speeches and addresses relating to the Mahomedan Anglo-Oriental College in Aligarh*. (1898). (Address presented to the Viceroy, Lord Lytton). Aligarh: Institute Press.

Авторлар туралы мәлімет:

Абдилхаким Бурханадин Шарафутдинұлы – PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Дінтану кафедрасының аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: burhanhakim01@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8271-866X)

معلومات عن المؤلفين:

عبد الحكيم بورخنادين شرف الدين – دكتوراه، محاضر أول في قسم علم الأديان بجامعة نور مبارك المصرية للثقافة الإسلامية (المطاي، كازاخستان).

Information about authors:

Abdilkhakim, Burkhanadin Sharafutdinuly – PhD, Senior Lecturer at the Department of Religious Studies, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture (Almaty, Kazakhstan, e-mail: burhanhakim01@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8271-866X)

Информация об авторах:

Абдилхаким, Бурханадин Шарафутдинұлы – PhD, старший преподаватель кафедры религиоведения Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: burhanhakim01@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8271-866X)

Б. Ботакараев¹, С. Моллақанағатұлы¹

¹«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы,
Ясауитану ғылыми орталығы, Түркістан, Қазақстан
e-mail: bake.kaz.tr@gmail.com

ЯСАУИ ІЛІМІНДЕГІ ТАФАККУР МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Бұл мақала Орта Азияның сопылық дәстүріндегі көрнекті тұлға Қожа Ахмет Ясауи іліміндегі «тафаккур» (терең ойлану, ішкі толғаныс) ұғымының орнын және оның атқаратын қызметін талдауға арналған. Ясауидің «Диуани-Хикмет» мұрасында көрініс тапқан тафаккур түсінігі тек жеке адамның рухани тазаруын ғана емес, сонымен бірге қоғамдық ахлақтың қалыптасуын көздейтін көпқабатты танымдық тұғырды ұсынады. Зерттеуде хикмет мәтіндері тарихи контекст аясында қарастырылып, тафаккурдың Құран мен хадистердегі негіздері және бұл ұғымның Ясауидің сопылық педагогикасындағы орталық рөлі айқындалады. Сонымен бірге, Ясауидің тафаккур тәжірибесінің сол дәуірдің әлеуметтік-мәдени кеңістігіндегі қызметі және түркі-мұсылмандық сопылық дәстүрге қосқан үлесі сараланады. Мақалада «Диуани-Хикметтегі» тиісті бәйіттерге сапалық мазмұндық талдау жүргізу арқылы тақырыптық ерекшеліктері ашылады. Зерттеу нәтижелері Ясауидің тафаккур ұғымы тек жеке мистикалық тәжірибемен шектелмей, қоғамдық ынтымақты, адамгершілік кемелденуді және «инсан-и кamil» идеалына жету үдерістерін бағдарлайтынын көрсетеді. Осы арқылы мақала Ясауи дүниетанымындағы тафаккурдың жеке де, ұжымдық та рухани тәжірибе ретіндегі қалыптасу қырларын айқындап, қазіргі сопылық зерттеулер мен исламдық ой тарихы үшін маңызды ғылыми үлес ұсынуды мақсат етеді.

Түйін сөздер: Ахмет Ясауи, тафаккур, сопылық, Диуани-Хикмет, ислам дүниетанымы, рухани тазару.

ب. بوتاكاراييف¹، س. مولاناكاناتوف¹

¹محمية «عزرت سلطان» الوطنية التاريخية والثقافية، المركز العلمي للدراسات الياساوية،

تركستان، كازاخستان

e-mail: bake.kaz.tr@gmail.com

مشكلة التفكير في تعاليم أ. يساوي

خلاصة: تتناول هذه المقالة تحليل مكانة مفهوم «التفكير» (التأمل العميق، والتفكير الباطني) ودوره في تعليم الشخصية البارزة في التقليد الصوفي لآسيا الوسطى، خوجة أحمد يساوي. يقدم مفهوم التفكير كما يتجلى في تراث يساوي «ديوان الحكمة» أساساً معرفياً متعدد الأبعاد لا يهدف فقط إلى التطهير الروحي الفردي، بل أيضاً إلى تشكيل الأخلاق المجتمعية. تدرس الدراسة نصوص يساوي في سياقها التاريخي، وتحدد أسس التفكير في القرآن الكريم والحديث النبوي، والدور المحوري لهذا المفهوم في التربية الصوفية لدى يساوي. كما يتم تحليل وظيفة ممارسة التفكير لدى يساوي في الفضاء الاجتماعي الثقافي لتلك الحقبة ومساهمته في التقليد الصوفي التركي الإسلامي.

من خلال إجراء تحليل نوعي للمحتوى للبيئات ذات الصلة في «ديوان الحكمة»، يتم الكشف عن الخصائص الموضوعية. تظهر نتائج البحث أن مفهوم التفكير لدى يساوي لا يقتصر على التجربة الصوفية الفردية فحسب، بل يوجه أيضًا عمليات التماسك الاجتماعي، والكمال الأخلاقي، وتحقيق مثال «الإنسان الكامل». وبهذه الطريقة، تهدف المقالة إلى تحديد ملامح تشكل التفكير كتجربة روحية فردية وجماعية في رؤية يساوي العالمية، وتقديم مساهمة علمية قيمة للدراسات الصوفية المعاصرة وتاريخ الفكر الإسلامي. الكلمات المفتاحية: أحمد يساوي؛ التفكير؛ التصوف؛ ديوان الحكمة؛ الرؤية الإسلامية العالمية؛ التطهير الروحي.

B.Botakarayev¹, M.Saipulla¹

¹ «Aziret Sultan» National Historical and Cultural Reserve-Museum,
Yasawi Studies Scientific Center, Turkistan, Kazakhstan
e-mail: bake.kaz.tr@gmail.com

THE PROBLEM OF TAFAKKUR IN THE TEACHINGS OF A. YASAWI

Abstract This article analyzes the place and role of the concept of «tafakkur» (deep reflection, inner contemplation) in the teachings of one of the leading representatives of the Central Asian Sufi tradition, Khoja Ahmed Yasawi. The understanding of tafakkur, reflected in his work, the Divan-i Hikmet, represents a multilayered conceptual framework aimed not only at personal spiritual purification but also at shaping public morality. The study examines Yasawi's texts in their historical context, identifying the Qur'anic and hadith sources of tafakkur, as well as the central role of this concept in his Sufi pedagogy. Furthermore, the significance of tafakkur practice in the socio-cultural environment of the era and Yasawi's contribution to the development of the Turkic-Islamic Sufi tradition are analyzed. A qualitative content analysis of the relevant bayts of the Divan-i Hikmet reveals their thematic features. The results of the study demonstrate that Yasawi's understanding of tafakkur serves as a guide not only for individual mystical experience but also for strengthening social solidarity, moral improvement, and achieving the ideal of «insan-i kamil.» Thus, the article reveals how, in Yasawi's worldview, tafakkur is shaped as a personal and collective spiritual practice, making a significant contribution to contemporary Sufism studies and the history of Islamic thought.

Keywords: Ahmed Yasawi, tafakkur, Sufism, Divan-i Hikmet, Islamic thought, spiritual purification.

Б. Ботакараев¹, С. Моллаканогатулы¹

¹Национальный историко-культурный музей-заповедник «Әзірет Сұлтан»,
Научный центр по изучению Ясави, Туркестан, Казахстан
e-mail: bake.kaz.tr@gmail.com

ПРОБЛЕМА ТАФАККУРА В УЧЕНИИ А.ЯСАВИ

Аннотация. Данная статья посвящена анализу места и роли понятия «тафаккур» (глубокое размышление, внутреннее созерцание) в учении одного из ведущих предста-

вителей суфийской традиции Средней Азии – Ходжи ахмеда Ясави. Понимание тафаккура, отражённое в его наследии «Дивани Хикмет», представляет собой многослойную концептуальную основу, направленную не только на личное духованое очищение, но и на формирование общественной нравственности. В исследовании тексты Ясави рассматриваются в историческом контексте, выявляются коранические и хадисные истоки тафаккура, а также центральная роль этого понятия в его суфийской педагогике. Кроме того, анализируется значение практики тафаккура в социально-культурной среде эпохи и вклад Ясави в развитие тюрко-исламской суфийской традиции. Путём качественного контент-анализа соответствующих бейтов «Дивани Хикмет» раскрываются их тематические особенности. Результаты исследования показывают, что понимание тафаккура у Ясави служит ориентиром не только для индивидуального мистического опыта, но и для укрепления общественной солидарности, нравственного совершенствования и достижения идеала «кинсан-и камиль». Тем самым статья выявляет, как в мировоззрении Ясави тафаккур формируется как личная и коллективная духовная практика, внося значимый вклад в современные исследования суфизма и историю исламской мысли.

Ключевые слова: Ахмет Ясави, тафаккур, суфизм, «Дивани-Хикмет», исламская мысль, духовное очищение.

Кіріспе

Кожа Ахмет Ясауи XII ғасырдағы Орта Азияның діни әрі мәдени кеңістігінде тек сопы тұлға ғана емес, сонымен қатар түркі-исламдық дүниетанымның өзіндік негізін қалаушы қайраткер ретінде ерекшеленеді. Ол өмір сүрген дәуір Қарахандықтар мен Селжұқтар арасындағы саяси тартыстармен, көшпелі және отырықшы қауымдар арасындағы әлеуметтік айырмашылықтармен, сондай-ақ жаңа ғана ислам дінін қабылдаған түркі тайпаларының діни болмысын айқындауға деген ұмтылысымен сипатталды. Осындай көпқабатты тарихи жағдай Ясауидің рухани қызметінің қалыптасуына және оның сопылық ілімінің дамуына берік негіз қалады. Ясауидің «Диуани-Хикмет» мұрасы тек жеке мистикалық тәжірибенің жемісі ғана емес, сонымен бірге исламдық құндылықтарды түркі тілінде кең қауымға жеткізіп, халық діндарлығын қалыптастырған терең рухани-

мәдени мұра болып табылады. Оның дүниетанымында ақиқатқа ұмтылу ақыл мен жүректің үйлесімді әрекетіне сүйенеді. Бұл көзқарас бір жағынан Құран мен хадистердегі тафаккурға қатысты идеяларды негіз етіп алса, екінші жағынан көне түркі сенімдеріндегі табиғатпен үндестік пен адамның ғаламдағы орнына байланысты түсініктерді исламдық сипатта қайта пайымдайды. Сондықтан Ясауи ілімі исламның ақида және ахлақ негіздерін жергілікті мәдениетпен шебер тоғыстырған, медреселік білім мұрасын да, халықтық даналықтың рәміздік тілін де үйлестірген синтездік сипатқа ие.

Ясауи төңірегінде қалыптасқан Ясауийя дәстүрлі кейінгі ғасырларда Анадолы, Балқан және Орта Азиядағы көптеген сопылық тариқаттардың өркендеуіне арқау болды. Бұл рухани мұра тек сопылықтың мистикалық қырларын ғана емес, сонымен қатар қоғамдық ынтымақты, адамгершілік

тұтастықты және рухани кемелденуді қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда, Ясауи іліміндегі терең ойлау мен ішкі ізденістің мәнін тану оның тарихи әрі мәдени рөлін түсінудің негізгі тұжырымдамалық кілті болып табылады.

Тақырыпты тандауды дәйектеу

Қожа Ахмет Ясауидің дүниетанымдық мұрасы тек түркі-исламдық сопылықтың ғана емес, жалпы исламдық интеллектуалдық дәстүрдің маңызды тармақтарының бірі болып саналады. Алайда оның іліміндегі кейбір ұғымдар, әсіресе философиялық және мистикалық қырлары терең «тафаккур» секілді іргелі категориялар қазіргі күнге дейін жеткілікті деңгейде ғылыми тұрғыда зерделенген жоқ. Бұл ұғым Құран мен хадистерде көрініс тапқан рухани-ойлану тәжірибесінің Орта Азиядағы бейнесін түсіну үшін де, Ясауидің өзіндік педагогикалық тәсілін ашып көрсету үшін де негізгі мәнге ие. Сондықтан Ясауи дүниетанымындағы тафаккур ұғымын арнайы талдау оның жеке рухани ілімін ғана емес, сонымен қатар түркі халықтық сопылық дәстүрінің қалыптасуындағы зияткерлік негіздерді айқындауға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда Орта Азия қоғамдары қарқынды әлеуметтік-мәдени өзгерістер кезеңін бастан өткеріп жатқан жағдайда дәстүрлі рухани мұраны жаңаша пайымдау қажеттілігі барған сайын артып келеді. Осы тұрғыдан Ясауидің тафаккур туралы көзқарасын зерттеу қазіргі адамның адамгершілік, қоғамдық және рухани ізденістеріне қосар үлесін айқындап қана қоймай, исламдық дүниетаным сабақ-

тастығын түсіну үшін де маңызды. Сонымен бірге Ясауи ілімінің діни саламен қоса, мәдени бірегейліктің қалыптасуында да атқарған рөлін ескерсек, тафаккур ұғымын зерттеу түркі-исламдық рухани дәстүрдің классикалық кезеңнен бүгінгі заманға дейінгі ықпалын бағамдау үшін аса қажет қадам болып табылады.

Мақсаты мен міндеттері

Зерттеуіміздің негізгі мақсаты – Қожа Ахмет Ясауи іліміндегі «тафаккур» ұғымының тарихи, философиялық және сопылық қырларын терең зерделеп, осы ұғымның түркі-исламдық дүниетанымындағы орнын және қызметін айқындау. Осы тұрғыда жұмыс Ясауи мәтіндерінде тафаккурдың жеке руханиятты қалыптастырудағы рөлін, қоғамдық ахлақтың орнығуына қосқан үлесін және адамның ақиқатқа ұмтылу жолындағы түрлендіргіш күшін ашып көрсетуді көздейді. Классикалық сопылық мұра мен қазіргі заманғы академиялық ізденістер арасында өзара байланысты көпір орнату. Осы арқылы исламдық дүниетаным сабақтастығын, түркі-исламдық рухани мұраның заманауи құндылықтармен тоғысу мүмкіндіктерін айқындап, қазіргі қоғамның рухани ізденістеріне тарихи тереңдігі бар көзқарас ұсыну міндеті қойылады. Сондай-ақ Ясауидің тафаккурға қатысты көзқарасын тек тарихи құбылыс ретінде емес, бүгінгі діни дүниетаным, ахлақ философиясы мен мәдени бірегейлік мәселелері тұрғысынан да өзекті анықтамалық ұстаным ретінде қарастыру арқылы ғылыми әдебиетке тың үлес қосу көзделеді.

Зерттеу әдіснамасы

Бұл зерттеу Қожа Ахмет Ясауидің «тафаккур» ұғымын көпқырлы тұрғыда талдау мақсатында сапалық зерттеу тәсілдеріне негізделеді. Алдымен тарихи-талдамалық әдіс қолданылып, XII ғасырдағы Орта Азияның әлеуметтік-мәдени және діни контексті жан-жақты қарастырылады. Осы шеңберде сол дәуірдің саяси құрылымы, исламның түркі тайпалары арасында таралу үдерісі және Ясауийя қозғалысының қалыптасуына ықпал еткен тарихи факторлар талданды. Зерттеудің негізгі өзегін мәтіндік талдау құрайды. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани-Хикмет» еңбегі негізгі бірінші дереккөз болды. Осы еңбектегі «тафаккур» ұғымымен тікелей не жанама байланыстағы бәйіттер тақырыптық тұрғыдан жіктеліп, мазмұндық талдау жасалды. Сонымен қатар исламдық классикалық ойдағы тафаккур түсінігін айқындайтын Құран аяттары, хадистер және өзге сопылық әдебиет үлгілері салыстырмалы түрде қарастырып, Ясауидің өзіндік әдістемелік ұстанымы айқындалады.

Негізгі бөлім

Тафаккур түсінігі мен тәжірибе

Тафаккур – Құран мен хадисте исламдық дүниетанымда жиі айтылатын, Алланың бар болуы, сипаттары, жаратылысы, адамзаттың орны сияқты ұғымдарға терең ой жүгірту мен іштей ой салуды білдіретін ұғым. Тафаккур – исламдық дүниетаным дәстүрінде әрі рационалдық, әрі рухани процестерінде түсіндірілетін терең ойлану мен зерделеу амалы. Сөздік мағынасында «ойлану, ақылға

салу, белгілі бір мәселе жайлы терең толғану» дегенді білдіреді. Құран Кәрімде «тафаккур» және осы түбірден тараған сөздер көптеген аяттарда кездесіп, адамның жаратылысқа, өз болмысына және Құдайдың құдіретті көріністеріне ой жүгіртуге үндеу ретінде қолданылады. Әсіресе, «Әли–Имран» сүресінің 190-191 аяттарында көк пен жердің жаратылысында ой жүгірткендердің Алланың бар екендігі мен хикметін танитыны ерекше атап өтіледі. Осылайша тафаккур тек ақыл жүгірту ғана емес, иманды тереңдететін құлшылық сипатындағы рухани амал ретінде бағаланады. Классикалық ислам дәстүрінде тафаккурды кәламшылар мен сопылар айрықша мән берген тақырып ретінде қарастырған. Мутакәллимдер тафаккурды иман ақиқаттарын ақылдық дәлелдер арқылы танудың құралы санаған. Әсіресе Әшғари мен Матуриди мектептерінде адамның ақылдық қабілеттерін қолданып, Алланың барлығы мен сипаттарын ұғыну қажеттілігі баса көрсетіледі. Бұл тұрғыда тафаккур «нәзәр» (дәлелге сүйенген ойлану) және «истидләл» (ақылдық қорытынды шығару) ұғымдарымен тығыз байланысты.

Сопылық дәстүрде тафаккур көбінесе жүректің тазаруы мен илаһи ақиқатқа ұмтылу талпынысымен сабақтас. Ерте кезеңдегі сопылардың бірі Жүнәйд Бағдади тафаккурды «жүректің Алланың жаратылысындағы хикметтерді тамашалауы» деп сипаттайды. Баязид Бистми мен Сәһл әт-Тустари сияқты сопылар тафаккурды нәпсіні тазартудың негізгі құралдарының бірі деп санаған. Имам

Ғазали тафаккурды адамның жүрегін ғапылдықтан оятып, мағрифатуллаһқа жеткізетін қақпа деп түсіндіріп, кейде бір сәттік тафаккур жылдар бойғы нәпіл құлшылықтан артық болуы мүмкін екенін айтады. Бұл екпін тафаккурдың тек теориялық ақыл жүгірту ғана емес, жүректің терең интуициясымен ұштасқан практикалық таным екенін дәлелдейді. Тафаккурдың тәжірибедегі көріністері ислам сопылығында сан алуан формада байқалады. Сопы мәжілістерінде жасалатын зікір, мұрақаба (жүректің үнемі Алланың назарында екенін сезіну) және қылуат (инзиуа) амалдары тафаккурмен етене байланысты. Мұрақаба – адамның өз ішкі дүниесін Алланың үнемі бақылауында екенін сезініп, соны терең ой елегінен өткізуі. Осылайша тафаккур тек ғаламның тәртібіне қатысты сыртқы бақылау емес, нәпсінің ішкі шындығын ұғыну процесі болып табылады.

Философиялық қырынан тафаккур ислам философтары үшін де басты ұғымдардың бірі саналған. Әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн Сина секілді ойшылдар тафаккурды ақылдың әрекеті ретінде қарастырып, метафизикалық ақиқатқа жетуде міндетті кезең деп есептеген. Мұнда тафаккур логикалық тұжырым мен ұғымдық талдау арқылы ақиқатқа ұмтылуды білдірсе, сопылықта ол көбірек интуитивті әрі тәжірибелік сипатқа ие. Бұл екі жақты көзқарас ислам өркеніетінде ақыл мен жүректің бірлігін бейнелейтін үйлесімді ой көкжиегін қалыптастырады. Әл-Кинди «Фәлсафаға кіріспе» атты еңбегінде ақылдың кемелдікке жетуін танымның негізгі

шарты деп сипаттайды. Ол «Ақиқатқа жету – ақылдың жүйелі ойлану (тафаккур) арқылы өзінің қабілетін кемелдендіруінің нәтижесі», – дейді [1, 47 б.]. Ал әл-Фараби болса, «әл-Мадина әл-фадила» еңбегінде тафаккур – ақылдың белсенді ақылмен (ақл фағал) байланысқа шығуы арқылы метафизикалық болмысты тануға жол ашатынын айтқан [2, 90 б.].

Тафаккурдың сопылық жолдағы орны: зікір, риязат, ішкі таза-ру

Тафаккур – ислам феноменологиясында жүрек пен сана арқылы Құдайды, жаратылыс заңдарын және өз-өзін пайымдауды білдіретін күрделі ұғым. Бұл ұғым Ясауилік дәстүрінде тек когнитивтік ойлау емес, сонымен қатар жүректің тазаруы мен мінез-құлықтың трансформациясы процесіне бағытталған практикалық рухани іс-әрекет ретінде түсіндіріледі. Ясауидің хикметтеріндегі тіл мен образдар тафаккурды жеке тәжірибе-ден (өз-өзімен есептесу) қауымдық және тәрбиелік практикаларға дейін жалғайтын біртұтас жүйені бейнелейді. Бұл жүйе үш негізгі элементте – зікір, риязат және ішкі тазару немесе тазкия арқылы жүзеге асады. А.Ясауи ілімінде бұл түсінік тек қана рационалды ойлау процесі емес, адамның жүрек пен сана үйлесімінде жүзеге асатын, рухани кемелдікке жетелейтін әдістемелік жол ретінде көрініс табады [3, 28 б.].

Сопылық дәстүрде тафаккурдың орталық орны оның үш өзара байланысқан рухани практикасымен тығыз байланысты. Зікір – Жаратушыны

үздіксіз еске алу мен жүректі Алланың есімдерімен нұрландыру амалы. Ясауи хикметтерінде зікір тек тілдік қайталау емес, «жүректің зікірі» арқылы нәпсіні бағындыру құралы ретінде сипатталады [4, 55 б.]. Зікір барысында тафаккур – Алланың хикметіне ой жүгірту – жүрек тазалығының негізгі шарты болып табылады, ойдың тереңдігі зікірдің сапасын айқындайды [5, 76 б.].

Риязат – сопылықтағы аскетикалық тәртіп пен өзін-өзі тәрбиелеу тәжірибесі. Ясауи өз дәуірінде қатаң риязат ұстанғаны туралы тарихи деректер сақталған. Риязат нәпсі қалауларын шектеу арқылы жүректің «қатты қабығын» жұмсартып, тафаккурға қажетті ішкі тыныштық пен зейінділік тудырады. Бұл тұрғыда тафаккур риязаттың рухани нәтижесі әрі оны тереңдететін фактор ретінде қарастырылады. Ал ішкі тазаруға келетін болсақ, ол адам болмысының рухани және моральдық кемелденуі. Ясауи ілімі бойынша, нәпсіні тазарту – Аллаға жақындаудың басты алғышарты, тафаккур осы тазару үдерісінің әдіснамалық негізі болып табылады [6, 245 б.]. Тазартылған жүрек қана құдайлық хикметті қабылдауға қабілетті, ал бұл қабылдау терең ойланумен (тафаккур) тікелей байланысты. Аталмыш үш практиканың өзінің атқаратын функционалдық қызметі бар. Зікір жүректі оятса, риязат нәпсіні бағындырады, ал тазару жүрек айнасының жарқырауын қамтамасыз етеді. Ясауидің хикметтерінде бұл үйлесім «инсан-и камил» – кемел адам идеалына ұмтылудың негізгі шарты ретінде көрініс табады [7, 43 б.].

Ахлақ пен әлеуметтік кеңістікті қалыптастырудағы тафаккурдың ықпалы

Ахлақ пен әлеуметтік кеңістік, яғни қоғамдық қатынастар, мәдени нормалар мен тәрбие институттары – Ясауи іліміндегі тафаккур ұғымының екі маңызды өлшемі. Ясауи іліміндегі тафаккур жеке адамның рухани кемелденуіне жол ашуымен қатар, қоғамдағы мінез-құлықтарды қалыптастыруда және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Ясауи хикметтерінде ізгілік, адалдық, қайырымдылық, шыдамдылық секілді адамгершілік қасиеттер жиі дәріптеліп, нәпсі, мақтаншақтық секілді теріс ұғымдар сыналады. Ахлақтың қоғамды ұстап тұратын ең үлкен күш екенін тарихи оқиғалар дәлелдеп берді. Адамзат өзінің жаратылысынан адасып, жаратылу мақсатынан ауытқыған кезде моральдық құлдырау мен азғындау көрініс береді. Осылайша, Ахмет Ясауиді тану – өз дінімізді, ұлттық болмысымызды, тарихымызды, мәдениетімізді, сондай-ақ өзімізді білу мен түсіну деген сөз. Ясауилік ілім мен мәдениеті шыннайы болмысымызға қайта оралуға, жеке және ұжымдық болмысымызды тазартуға, көтеруге және жетілдіруге, нәтижеде құтқарылуға жетуге үміттенетін қақпа болып табылады. Өмірлік тәжірибе көрсеткендей, рухани құндылықтарға құрметтің болмауы және олардан алшақтау – адамның өз нәпсісін тәрбиелей алмауымен әрі онымен күрес жолында жеңіске жете алмауымен тығыз байланысты. Сондықтан да адам ең алдымен берік

тафаккурға, яғни орнықты ойлау мен дұрыс пайымдау қабілетіне ие болуы қажет. Ғалымдардың арасында Хаяти Биже өзінің еңбегінде Ахмет Ясауидің мына хикметін келтіреді:

«Нәпсі жолына түскен жан – қор болар,

Жолдан тая басқан – күнәға батар,

Жатса-тұрса шайтанмен жолдас болар.

Нәпсіні жең, нәпсіні жең, ей жамандық қылған,

Соңғы сәтте нәпсің сені құл етер!» [8, 93 б.].

А.Ясауи мағрифат (рухани таным) ұғымын көркем метаформа арқылы түсіндіреді: «Мағрифат – берік камал, махаббат – сол камалдың падишасы, ақыл – оның уәзірі. Тілдің жолы – зікір, жүректің кеніші – тафаккур. Мүшәһада (Хақты жүрекпен сезіне) көңілде жүзеге асады. Шәкірттің құлағы – хикметке бағытталған. Рух махаббат теңізіне батып, дәруіштер сол теңізде шомылып, ғашықтыққа толады. Дәруіштердің жүрегiнiң iшiнде Алла мағрифат ағашын жаратқан: жүрек үйiн – ихластан, оның жемiсiн – иманнан, жапырақтарын – тасдиқтан жаратқан, ал ақылды сол ағашқа құмарттырған [9, 67 б.]. Ұстаздың түсiндiруiнше, бұл хикметтердi бойға сiңiрудiң ең қажеттi шарты – тыңдай бiлудi үйрену. Өйткенi, оның айтуынша, «дәруiштiң екi құлағы әрдайым естидi, ал тыңдау өнерiн меңгерген дәруiш хикметтi сөздердi оңайырақ ұғып, олар туралы терең тафаккурға бойлайды».

Тафаккур сатысынан кейiн келетiн келесi рухани белес – истиғрақ, яғни құдайлық ғашықтыққа толық бойлау

күйi. Ясауийлiк iлiмде истиғрақ ерекше мәнге ие. Нағыз дәруiш – егер бiр мүмiн оның басына аяғын қойса да, тафаккур теңiзiнде ғарқ болып, оны жұртқа бiлдiрмейтiн жан. Сопылық жолда ұстаз шәкiртке былай деп насихат айтады: «Тариқат жолы – талап еткен дәруiштi тафаккурға жетелейдi, тафаккур – қорқынышқа, қорқыныш – үмiтке, үмiт – көз жасына, көз жасы – һидаятқа, һидаят – тауфиққа, тауфиқ – тағатқа, тағат – зiкiрге, зiкiр – яқинға, яқин – һамд пен сәнаға, һамд пен сәна – махаббатқа, махаббат – разылыққа, разылық – бақытты мекенге, бақытты мекен – Хақтың дидарына қауышуға бастайды». Бұл тафаккур арқылы бас-талған рухани жол қорқыныш пен үмiттi, көз жасы мен һидаятты, ең соңында Хақтың дидарына қауышуды қамтитын сатылы кемелдiк жолына айналады [9, 70 б.].

Ясауидiң хикметтерi бүгiнгi күнге дейiн зерттеушiлер тарапынан жан-жақты текстологиялық талдаудан толық өтпеген. Осыған байланысты Ясауидiң сопылық дүниетанымын терең әрi толыққанды ұғыну үшiн оның мұраларын текстологиялық әдiспен қарастырып, ғылыми тұрғыдан дәлелденген канондық мәтiн әзiрлеу қажеттiлiгi туындайды. Бұл жөнiнде И.Хаққұл да өз пiкiрiн былайша бiлдiредi: «Демек, Ясауитануда атқарылуы тиiс жұмыстардың ауқымы өте кең. Алайда олардың iшiнде, бiздiң пайымдауымызша, ең маңыздысы – «Диуани-Хикметтiң» негiзiнде барынша сенiмдi әрi ықтимал тұрғыдан шынайы нұсқасын қалыптастыру болып табылады» [10, 35 б.].

А.Ясауидің моральдық философиясының мәні – ислам. Оның даналығының қайнар көзі – Құран Кәрім. «Диуани-Хикмет» – А.Ясауидің хикметтері қамтылған жинақ. Хикмет діни және сопылық хикметтерді білдіреді. Диуани Хикмет немесе «Дәфтар-и сани» түркілер үшін Құраннан кейінгі екінші кітап деуге болады.

Нәтижелер

Бұл зерттеу нәтижесінде жеке адамның рухани дамуы мен қоғамдық имандылық құрылысы жағынан да Қожа Ахмет Ясауидің «тафаккур» ұғымының маңызды орын алатыны анықталды. Өйткені Ясауи хикметінің Құран мен хадис дәстүрлеріне сүйене отырып, ой-сананы тазарту мен жүректі тазарту жолындағы таптырмас кезең ретінде қарастыратыны байқалады. Мәтіндік талдау – тафаккурдың тек ақыл-ой әрекеті ғана емес, сондай-ақ зікір, риязат пен қызмет секілді сопылық тәжірибелермен қуатталған рухани жүзеге асыру процесі. Сонымен бірге Ясауидің тафаккур туралы түсінігі сол кезеңдегі басқа да Орта Азиялық сопылық дәстүрлермен салыстырғанда жеке адамның ішкі ой-өрісі мен иләһи ақиқатқа бағдарлануында ерекше. Зерттеу тафаккурдың жеке тәжірибе ғана емес, әлеуметтік бірлік пен моральдық тәртіпті нығайтуда функционалды рөл атқаратынын көрсетеді. Зерттеуіміздің нәтижесінде алынған деректер Ясауидің тафаккур туралы түсінігі қазіргі сопылық зерттеулер мен рухани білім үлгілері үшін тамаша теориялық негіз беретінін көрсетеді.

Қорытынды

Қожа Ахмет Ясауи іліміндегі тафаккур ұғымы – исламдық дүниетаным мен түркілік сопылық дәстүрде де терең философиялық және практикалық мазмұнға ие тұғырлы категория. Жүрек пен ақылдың үйлесімділігін айғақтайтын бұл ұғым Ясауидің «Диуани хикмет» шығармасында жеке рухани ізденістің ғана емес, сонымен бірге қоғамның ахлақтық, мәдени және әлеуметтік үйлесімін қалыптастырудың да іргелі принципі ретінде көрінеді. Жасалған зерттеуіміз көрсеткендей, Ясауи тафаккурды тек интеллектуалдық рефлексия ретінде шектемей, оны рухани тәжірибе, жүрек тәрбиесі, нәпсіні тазартып, «инсан-и камил» – кемел адам дәрежесіне жетуге бағытталған кешенді амалдар жүйесі ретінде ұсынады.

Ең әуелі тафаккурдың Құран мен сүннеттегі негіздерін ескеру маңызды. Қасиетті мәтіндерде жаратылысты, өмірдің мәнін және Құдайдың құдіретін терең оймен пайымдауға шақыратын аяттар мен хадистер Ясауи дәстүрінде өзіндік педагогикалық бағдарға айналады. Ясауи үшін тафаккур – тек ойлау қабілетінің жаттығуы емес, «қалб» – жүрек арқылы танылатын хикметке жетудің жолы. Осы арқылы сопылық тәжірибе рационалды талдаумен қатар жүректің «нұрлануына» сүйенетін тұтас құбылысқа айналады. Зерттеу барысында айқындалған тағы бір маңызды қыры – тафаккурдың сопылық жолдағы негізгі амалдармен – зікір, риязат және ішкі тазару үдерістерімен сабақтастығы. Зікір

арқылы жүрек Алланы еске алып, сана Жаратушыға бағытталады, риязат нәпсіні тәртіпке келтіріп, рухани кемелдікке жол ашады, ішкі тасзару адам болмысын ахлақтық тұрғыдан кемелдендіреді. Осы үш амалдың тоғысында тафаккур жүрек пен ақылды тұтастырып, рухани кемелдікке жетелейтін басты дәнекер қызметін атқарады. Бұл процесс адамның жеке ішкі тәжірибесімен ғана шектелмей, қоғамда ізгілік пен әділеттіліктің орнығуына да ықпал етеді. Ясауи хикметтеріндегі ахлақтық идеалдар тафаккурды қоғамдық жауапкершілік пен адамгершілік құндылықтарды нығайтатын тәжірибе ретінде ұғынуға мүмкіндік береді. Оның хикметтерінде үнемі көрініс табатын адалдық, кішіпейілділік, мейірімділік секілді қасиеттер түркілік мұсылман қауымының әлеуметтік ынтымағын күшейтіп, ортақ мәдени-діни бірегейлікті сақтауға қызмет етті. Мұндай әлеуметтік-мәдени әсер тафаккурды рухани тәрбие құралы ретінде танытады.

Қожа Ахмет Ясауи дәстүріндегі тафаккурдың қоғам өміріндегі рөлі қазіргі заман үшін де өзектілігін жойған жоқ. Қоғамдық келісім мен моральдық құндылықтардың әлсіреу қаупі байқалатын қазіргі кезеңде Ясауи іліміндегі тафаккур түсінігі – жеке тұлғамен қоса тұтас қоғамның да ішкі мәдениетін қалыптастыратын рухани бағдар бола алады. Бұл ұстаным заманауи дерадикализация, діни сауаттылықты арттыру және ұлттық бірегейлікті сақтау үдерістерінде құнды үлес қосуға қабілетті. Осылайша, Ясауи іліміндегі тафаккур – жеке және ұжымдық рухани тәжірибенің өзегін құрайтын әмбебап категория. Оның негізінде ақыл мен жүректің үйлесімділігі, адамның өз-өзін тануы мен қоғамның адамгершілік кемелденуі жатыр. Бұл қырлары арқылы Ясауи ілімі тек өзінің тарихи дәуірімен шектелмей, бүгінгі исламдық дүниетаным мен сопылық зерттеулер үшін де құнды теориялық және практикалық ресурс болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Al-Kindi. On First Philosophy / ed. A. Ivry. – Albany: SUNY Press, 1974. – 180 p.
2. Al-Farabi. Al-Madina al-Fadila / ed. R. Walzer. – Oxford: Clarendon Press, 1985. – 234 p.
3. Knysh, A. Islamic mysticism: A short history. – Leiden: Brill, 2010. – 28-31 p.
4. DeWeese, D. Islamization and native religion in the Golden Horde. – University Park: Penn State University Press. 1999. – 114 p.
5. Schimmel, A. Mystical dimensions of Islam. – Chapel Hill: University of North Carolina Press, 2011. – 136 p.
6. Saeed, A., Hussein, M. Tazkiyah and spiritual purification in classical Sufism // Journal of Sufi Studies. – 2020. – Vol. 9 №2. – P. 243-260.
7. Trimingham, J. S. The Sufi orders in Islam. – Oxford: Oxford University Press, 1998. – 89 p.
8. Yesevi, A. Divan-i Hikmet / terc. Hayati Bice. – Ankara, 2010. – 312 p.
9. Yesevî, A. Yesevî'nin Fakr-namesi ve İki Farsça Risalesi / çev. Kemal Eraslan, Necdet Tosun. – Ankara: A.Y. Ü. Yayınları. 2017. – 180 s.
10. Хаққұл И. Ахмад Яссавий. – Тошкент: Ғафур Ғулом номидаги Адабият ва санъат нашрияти, 2001. – 64 с.

REFERENCES

1. Al-Kindi. On First Philosophy / ed. A. Ivry. – Albany: SUNY Press, 1974. – 180 p. (in English)
2. Al-Farabi. Al-Madina al-Fadila / ed. R. Walzer. – Oxford: Clarendon Press, 1985. – 234 p. (in English)
3. Knysh, A. Islamic mysticism: A short history. – Leiden: Brill, 2010. – 28-31 p. (in English)
4. DeWeese, D. Islamization and native religion in the Golden Horde. – University Park: Penn State University Press. 1999. – 114 p. (in English)
5. Schimmel, A. Mystical dimensions of Islam. – Chapel Hill: University of North Carolina Press, 2011. – 136 p. (in English)
6. Saeed, A., Hussein, M. Tazkiyah and spiritual purification in classical Sufism // Journal of Sufi Studies. – 2020. – Vol. 9 №2. – P. 243-260. (in English)
7. Trimingham, J. S. The Sufi orders in Islam. – Oxford: Oxford University Press, 1998. – 89 p. (in English)
8. Yesevî, A. Divan-i Hikmet / terc. Hayati Bice. – Ankara, 2010. – 312 p. (in Turkish)
9. Yesevî, A. Yesevî'nin Fakr-namesi ve İki Farsça Risalesi [Yesevî's Fakr-name and Two Persian Treatises] / çev. Kemal Eraslan, Necdet Tosun. – Ankara: A.Y. Ü. Yayınları. 2017. – 180 s. (in Turkish)
10. Hakkul I. Ahmad Yassavi [Akhmet Yassavi] – Toshkent: Fafur Fulom nomidagi Adabiyat va san»at nashriyati, 2001. – 64 s. (in Uzbek)

Авторлар туралы мәлімет:

Ботакараев Бауыржан Куанышбаевич – PhD, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» Ясауитану ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері (Түркістан, Қазақстан, e-mail: bake.kaz.tr@gmail.com ORCID ID: 0000-0002-8164-8049)

Сайпулла Моллақанағатұлы – PhD, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» Ясауитану ғылыми орталығының басшысы (Түркістан, Қазақстан, e-mail: mollakanagatuly@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8411-5977)

معلومات عن المؤلفين:

Ботакарайев Бауыржан – доктор (PhD), Бахт Оул вв маркз العلمв лдрاسة ياساوي، التابع للمتحف الوطنف التاريخف والثقافف «أزفرت سلطان» (تركستان، كازاخستان).

سايبولا مولاكاناغات أولف – دكتوراه (PhD)، رئفس الماركز العلمف لدراسة ياساوي، التابع للمتحف الوطنف التاريخف والثقافف «أزفرت سلطان» (تركستان، كازاخستان).

Information about authors:

Botakarayev, Bauyrzhan – PhD, National Historical-Cultural Museum-Reserve «Azret Sultan», Senior researcher at the Yassawi Research Center. (Turkistan, Kazakhstan, e-mail: ake.kaz.tr@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8164-8049).

Saipulla Mollakanagatuly – PhD, National Historical-Cultural Museum-Reserve Head of the Yassawi Research Center (Turkistan, Kazakhstan, e-mail: mollakanagatuly@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8411-5977)

Информация об авторах:

Ботакараев Бауыржан – Национальный историко-культурный музей-заповедник «Азрет Султан», Старший научный сотрудник научного центра Ясавиедения (Туркестан, Казахстан, e-mail: ake.kaz.tr@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8164-8049).

Сайпулла Моллаканатагулы – PhD, Национальный историко-культурный музей-заповедник «Азрет Султан», Руководитель научного центра Ясавиедения (Туркестан, Казахстан, e-mail: mollakanagatuly@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8411-5977)

С. Кагазбекова¹

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: paradise-gannat@mail.ru

ТАЯУ ШЫҒЫС КОНТЕКСІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ ЖӘНЕ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТТЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада Таяу Шығыс елдеріндегі гендерлік қатынастардың ерекшеліктері, құқықтық, мәдени және институционалдық деңгейдегі өзгерістер, БҰҰ, Бүкіләлемдік Банк және UNESCO деректері негізінде статистикалық көрсеткіштер талданды. Таяу шығыстың сегіз мемлекеті бойынша 2024 жылдың көрсеткіштері бойынша салыстырмалы талдау жасалып, анализденді. Осы елдердегі білім алу, еңбек нарығына қастысу, ұлттық парламенттегі әйелдер үлесі зерттелді. Сонымен қатар, Сауд Арабиясындағы «Vision 2030» бағдарламалық саясатының гендерлік қатынастарға ықпалы мен өзгерістер және кедергілер талданды. Зерттеу нәтижелері Таяу Шығыс елдерінде гендерлік реформалардың оң серпінін бергенімен, толыққанды теңдікке жету үшін институционалдық және әлеуметтік деңгейде қосымша шаралардың қажет екенін айқындайды. Таяу Шығыс елдерінде гендерлік теңсіздіктің құқықтық және мәдени шектеулері әлі де сақталуда: отбасылық құқықтағы ерлер үстемдігі, жалақы айырмашылығы, басқарушылық лауазымдарда әйелдердің жеткіліксіз өкілдігі.

Түйін сөздер: Таяу Шығыс, гендерлік қатынастар, әйел құқықтары, Vision 2030.

S. Kagazbekova¹

¹Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan
e-mail: paradise-gannat@mail.ru

THE SOCIAL ROLE OF WOMEN AND THE DIRECTIONS OF GENDER POLICY DEVELOPMENT IN THE CONTEXT OF THE MIDDLE EAST

Abstract. This article examines the features of gender relations in Middle Eastern countries, as well as changes at the legal, cultural, and institutional levels. Based on data from the UN, the World Bank, and UNESCO, an analysis of statistical indicators was conducted. A comparative analysis covers eight Middle Eastern countries according to data from 2024. Issues of education access, women's participation in the labor market, and their representation in national parliaments are studied. Special attention is paid to the impact of Saudi Arabia's «Vision 2030» policy on gender relations, as well as the challenges and changes in this area. The study results show that despite positive changes brought by gender reforms in Middle Eastern countries, additional measures at institutional and social levels

are necessary to achieve full equality. Legal and cultural restrictions on gender equality still persist in some countries: male dominance in family law, wage disparities, and insufficient representation of women in leadership positions.

Keywords: Middle East, gender relations, women's rights, Vision 2030.

سلطانات كاغازبيكوفا

الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك، ألماتي، كازاخستان
e-mail: paradise-gannat@mail.ru

الدور الاجتماعي للمرأة واتجاهات تطوير السياسات الجنسية في سياق الشرق الأوسط

ملخص. تتناول هذه المقالة خصائص العلاقات الجندرية في دول الشرق الأوسط، بالإضافة إلى التغيرات على المستويات القانونية والثقافية والمؤسسية. بناءً على بيانات الأمم المتحدة والبنك الدولي ومنظمة اليونسكو، تم إجراء تحليل للمؤشرات الإحصائية. يشمل التحليل المقارن ثماني دول من الشرق الأوسط وفقاً لبيانات عام 2024. تم دراسة قضايا الحصول على التعليم، ومشاركة النساء في سوق العمل، وتمثيلهن في البرلمانات الوطنية. يُولى اهتمام خاص لتأثير سياسة «رؤية 2030» في المملكة العربية السعودية على العلاقات الجندرية، وكذلك التحديات والتغيرات في هذا المجال. تظهر نتائج الدراسة أنه على الرغم من التغيرات الإيجابية التي أتاحتها الإصلاحات الجندرية في دول الشرق الأوسط، فإن تحقيق المساواة الكاملة يتطلب اتخاذ تدابير إضافية على المستويين المؤسسي والاجتماعي. لا تزال القيود القانونية والثقافية على المساواة بين الجنسين قائمة في بعض الدول: سيطرة الرجال في قانون الأسرة، تفاوت الأجور، والتمثيل غير الكافي للنساء في المناصب القيادية.

الكلمات المفتاحية: الشرق الأوسط، العلاقات الجندرية، حقوق المرأة، رؤية 2030.

С. Кагазбекова¹

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак,
Алматы, Казахстан
e-mail: paradise-gannat@mail.ru

СОЦИАЛЬНАЯ РОЛЬ ЖЕНЩИН И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ГЕНДЕРНОЙ ПОЛИТИКИ В КОНТЕКСТЕ БЛИЖНЕГО ВОСТОКА

Аннотация. В данной статье рассматриваются особенности гендерных отношений в странах Ближнего Востока, а также изменения на правовом, культурном и институциональном уровнях. На основе данных ООН, Всемирного банка и ЮНЕСКО проведён анализ статистических показателей. Сравнительный анализ охватывает восемь стран Ближнего Востока по данным на 2024 год. Исследуются вопросы получения образования, участия женщин на рынке труда и их представительство в националь-

ных парламентах. Особое внимание уделено влиянию программной политики «Vision 2030» в Саудовской Аравии на гендерные отношения, а также анализируются вызовы и изменения в этой сфере. Результаты исследования показывают, что, несмотря на положительные изменения, достигнутые в результате гендерных реформ в странах Ближнего Востока, для достижения полноценного равенства необходимы дополнительные меры на институциональном и социальном уровнях. В ряде стран по-прежнему сохраняются правовые и культурные ограничения гендерного равенства: доминирование мужчин в семейном праве, разница в оплате труда, недостаточное представительство женщин на руководящих должностях.

Ключевые слова: Ближний Восток, гендерные отношения, права женщин, Vision 2030.

Кіріспе

Гендерлік қатынастар – қазіргі заманғы әлеуметтік ғылымдардың өзекті зерттеу бағыттарының бірі. Әсіресе Таяу Шығыс пен араб әлеміндегі әйелдердің құқықтық мәртебесі, әлеуметтік рөлі мен қоғамдық өмірге қатысуы халықаралық ғылыми және қоғамдық пікірталастардың назарында. Бұл мәселеде Сауд Арабиясы ерекше орын алады. Себебі бір жағынан, ол исламдық құқық нормаларына сүйенетін консервативті мемлекет ретінде танылса, екінші жағынан, соңғы онжылдықта гендерлік саясатта бірқатар реформалар жүргізіп, әйелдердің әлеуметтік мәртебесін жақсартуға бағытталған қадамдар жасауда.

1970 жылдардың соңына қарай Шығыс елдерінде гендерлік мәселелерге қатысты әлеуметтік зерттеулердің қарқыны артты, ал 1980 жылдардың соңында мұсылман қоғамдарындағы әйелдерге қатысты ағартушылық ауқымы кеңейе түсті. 1990 жылдары гендерлік және ислам мәселелеріне қызығушылық танытқан ғалымдардың қатары көбейіп, мұсылман әйелдер туралы мақалалар жарық көре бастады [Y.Haddad, 1997, 97 б.]. Мұсылман қоғамындағы әйелдер

мәселесіне қатысты ауқымды зерттеулердің қарқынды жүргізілуіне серпін берген екі негізгі факторды атап көрсетуге болады. Біріншісі – 1970 жылдардан басталған бүкіл әлемдік әйелдер қозғалыстарының пайда болуы, әйелдердің құқықтары мен гендерлік теңдікті қозғайтын белсенділер қатарының артуы. Екіншісі – ұлттық үкімет пен халықаралық ұйымдардың экономикалық даму мүддесі еді. Әйелдердің бастамасымен үкіметтік ұйымдар ана денсаулығы, бала туу және т.б. ауқымды мәселелерді әйелдердің әлеуметтік-мәдени дамуының маңызды элементтері ретінде қарастыра бастады. Әйелдер қозғалысы мен белсенділігінің артуы әлеуметтік ғылымдар саласындағы сапалы зерттеулердің қарқын алуына түрткі болды. Өртүрлі салалар мен бағыттар бойынша әлеуметтік ғылымдар әйелдердің «көрінбейтіндіктерін» жоюды, әйел теңсіздігін және қоғамдық ортада белсенділіктерін арттыру секілді көптеген мақсаттарға қол жеткізуді алға қойды. Әлеуметтанушылар әйелдердің рөлі мен отбасындағы мәртебесі, білім беру, жұмыспен қамтамасыз ету, қоғамдық құрылымдар мен қозғалыстарға қатысты айтар-

лықтай жұмыс жасады және өмірдің әртүрлі салаларында гендерлік теңсіздіктердің қаншалықты бекіп, сақталғандығына мән берді [M.Ferree, Sh.Khan, S.A. Morimoto, 2005, 23 б.]. Әйелдерге бағытталған әртүрлі әлеуметтік ғылымдарға негізделген мұндай зерттелер бастапқыда Америка Құрама Штаттары мен Еуропада пайда болды. Алайда он жылдан астам уақыт ішінде гендерлік қатынастар мен феминистік белсенділік ұйымдары Батыспен қатар араб елдерінің де бірқатар аймақтарына тарала бастады. Мұсылман әлемінде әйел мәселесіне деген ғылыми қызығушылықтың кеңеюі арнайы оқу орындары мен академиялық зерттеу орталықтарының пайда болуына ықпал етті («Women in Muslim States and Politics»). Араб әлеміндегі алғашқы зерттеу орталықтары Мысырда (Каир) және Ливанда (Бейрут) құрылды [Saad Eddin Ibrahim, 2000, 129 б.]. 1995 жылы Палестинаның Бир Зейт университетінде әйелдерді зерттеу институты құрылды. 2000 жылы Иордания университетінде әйелдерге арналған аспирантура ашылды. Араб әлемі Біріккен Ұлттар Ұйымы әйелдер мен адам құқықтарының жергілікті желілеріне, сондай-ақ әлеуметтік зерттеулерді ынталандыруға қолдау көрсете бастады. 1995 жылы Каирде Халықты дамыту жөніндегі халықаралық конференция (ICPD), 1995 жылы Копенгагенде Дүниежүзілік әлеуметтік даму саммиті (WSSD) және Пекиндегі әйелдерге арналған төртінші дүниежүзілік конференциялар сериясы отандық және аймақтық зерттеулерде гендер мәселесіне ерекше назар ау-

дартты. Бүгінгі күндері де осындай дүниежүзілік конференциялар мен әртүрлі жиындарда араб әлеміндегі және одан тыс аймақтардағы мұсылман әйелдерінің әлеуметтік жағдайы назардан тыс қалған емес [Women's Studies in the Arab World, 1998, 9 б.]. Араб елдерінде діни негіздегі заңдардың сақталуы «гендер» мәселесі төңірегіндегі діни пікірталастардың жалғасуына себеп болып отыр. Бұл елдерде гендерлік мәселеге ислам дінінде орын алған «әйел мәртебесі» тұрғысынан қарау, ұсынылып отырған зерттеу мақаласының негізгі принципі болып саналады.

Тақырыпты талдауды дәйектеу және мақсат-міндеттері

Зерттеудің мақсаты – Таяу Шығыс елдеріндегі гендерлік қатынастар, әйелдердің әлеуметтік мәртебесін, құқықтық жағдайын және қоғамдық өмірге қатысу деңгейін талдау.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу әдіснамасы аралас тәсілге (сапалық және сандық деректерді ұштастыруға) негізделген. Гендерлік қатынастарға қатысты классикалық және заманауи ғылыми еңбектер, ислам құндылықтарына негізделген әлеуметтік нормалар және халықаралық ұйымдардың баяндамалары қарастырылды. Таяу Шығыс елдеріндегі гендерлік саясат пен араб елдеріндегі жалпы үрдістермен салыстырылып, ерекшеліктері айқындалды. Отбасылық құқық, еңбек нарығы, білім беру жүйесі, саяси секілді әлеуметтік институттардың гендерлік қатынастарды қалыптастырудағы рөлі

зерттелді. БҰҰ, Бүкіләлемдік Банк және UNESCO деректері негізінде әйелдердің еңбекке қатысуы, білім алу деңгейі және әлеуметтік көрсеткіштер сандық тұрғыда талданды. Сауд Арабиясында қабылданған мемлекеттік бағдарламалар мен реформалар («Vision 2030») мазмұны сарапталып, олардың гендерлік саясатқа ықпалы бағаланады.

Негізгі бөлім

Әлеуметтік ғылымдар саласында Таяу Шығыстағы гендерлік қатынастарға қатысты зерттеулер араб елдеріндегі әйелдердің статусын өзгертуге өз үлестерін қосты. Көптеген зерттеулердің ауқымы – заң, демография және қоғамдық денсаулық, неке және отбасы, экономикалық өмір және саясат алаңдарын қамтыды. Бұл зерттеулер – мұсылман әйелінің құқығы және оның нақты жүзеге асуы, демографиялық өзгерістер, туудың төмендеуі және неке жасын ұлғайту, білім берудегі гендерлік теңсіздікті жою, гендерлік зорлық-зомбылықтың таралуы, мұсылмандық киім (хиджаб), әйелдердің жұмысқа орналасуы, саяси шешімдер қабылдаудағы өкілеттігі және «фундаментализм» мен «феминизмнің» әйелдердің мәртебесі мен әл-ауқатына әсері сияқты тақырыптарды қамтыды.

Араб қоғамының зерттеушілері мұсылман елдерінің гендерлік қатынастарын «классикалық патриархалдық белдеу» ретінде қарастырады [John C.Caldwell, 1988, 90 б.]. Патриархалдық гендерлік жүйе Азия мен Солтүстік Африка елдерінде қалыптасқан. Патриархалдық бел-

деу Солтүстік Африкадан мұсылман Таяу Шығысқа (Түркия мен Иранды қоса алғанда), Оңтүстік және Шығыс Азияға (Пәкістан, Ауғанстан, Үндістанның солтүстігі мен Қытайға) дейін созылады. Патриархалдық белдеудегі мұсылман қоғамында Құран және басқа да қасиетті жазбаларға негізделген заңдылық пен жыныстық сегрегация гендерлік жүйенің бір бөлігі болып табылады [V.M. Moghadam, 2004, 63 б.]. Патриархалдық қоғамдағы гендерлік сипаттамаларды, әсіресе, отбасы мен некеге қатысты мәселелерді зерттеушілер мұсылман қоғамы мен батыс қоғамын салыстыра отырып зерттеп, өмір ерекшеліктерін айқындайды. Қазіргі уақытта мұсылман қоғамдарындағы әйелдер өмірінің негізгі өлшемдері мұсылман емес елдердегі әйелдердегі сияқты кең ауқымды үрдістерге ие, «дәстүрлі» және қоғамдағы «заманауи» рөлдер қатар жүруде. Демографиялық өзгерістер, бала туудың төмендеуі (қазіргі контрацепцияның қабылдануы), неке жасының ұзартылуы және кешіктірілуін осындай үрдістердің мысалы ретінде қарастыруға болады. Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка (MENA), Оңтүстік Азия және Оңтүстік-Шығыс Азия аймағындағы мұсылман әйелдерінің отбасы құруды жоспарлауы, бала тууды шектеуі, некені кейінге қалдыруы мәселелері жиілеп кеткен. Кейбір ұлттарда, соның ішінде консервативті ислам республикасы саналатын Иранда «демографиялық ауысу», яғни бала туудың бәсеңдеуі байқалады. Сонымен қатар білім берудегі гендерлік кемшіліктер де азайған. Араб елдерінде әйелдердің өндірістік

әлеуетін жақсартуға бағытталған білімге деген елеулі инвестициялар кейбір деңгейлердегі қиыншылықтарды жойды, ал Оңтүстік-Шығыс Азияда әйелдердің жалпы білім беру мектептеріне оқуға түсуі 1960 жылдан бері айтарлықтай өсті. Осындай кең ауқымды үрдістердің зерттелуі араб әйелдеріне әсер етті. Олар ислам қоғамдарындағы әйелдерге арналған әлеуметтік ғылыми жұмыстардың ұлғаюының бастамасы болды. Көптеген зерттеушілер жалпы үрдістерді анықтаудан алшақ тұруға тырысты. Аймақтық ерекшеліктерге сай мұсылман қоғамындағы әйел мәселесін зерттеудің дифференциалды әдістемесі ислам елдеріндегі әйелдер мәселесін түсінуге біршама әсер етеді. Өйткені ислам әртүрлі өңірлерде әртүрлі дамыған. Мысалы, Оңтүстік-Шығыс Азия мен Таяу Шығыстың өз айырмашылықтары бар [A.Reid, 1993, 132-201 бб.].

Гендерлік теңсіздікпен күресу мәселесі – ислам қоғамындағы жаңа бағыттардың бірі. Батыс елдерінің әйелдері әйел теңсіздігіне қатысты көптеген тарихи оқиғаларды бастан өткерген [Mir-Hosseini, Z., V.Hamzic., 2010, 49 б.]. Осы тұрғыда араб елдерінің гендерлік теңсіздік тұрғысынан біраз артта қалғандығын байқаймыз [Baderin M.A. 2007, Moustafa Y., 2011, 21-25 бб.]. Алайда ислам дінінде әйелді кемсітуге жол берілмейді [Chase A., 2007, 14 б.]. Ислам дінінің негізгі алғышарттарының бірі – адам теңдігі мен құқықтары [Gates D.K. and Steane P., 2009, 25 бб.].

Араб елдерінде 1970 жылдардың ортасынан кейін жыныстық жіктеу деректері басымдыққа ие болды. Са-

уаттылық деңгейі, мектепке қабылдау, жұмысқа орналасу, денсаулық сақтау, тамақтануға қолжетімділік және балалар өлімі сияқты әлеуметтік көрсеткіштер орташа мәнде емес, жынысы бойынша сарапталды. Әйелдерге қатысты деректер мен статистикалық жинақтар туралы осындай ақпараттардың макроэкономикалық статистикасының негізгі көздері БҰҰ-ның білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдарының (ЮНЕСКО) және БҰҰ-ның Әлемдік қорының деректер базасымен Біріккен Ұлттар Ұйымының жүйесі болып табылды. БҰҰ 212 елдегі әйелдердің ахуалы туралы халықаралық статистиканың CD-ROM-ында компиляция жасайтын WISTAT-ты шығарады [WISTAT, 2000, 5 б.]. 2002 жылы Мағребтен Парсы шығанағына дейін Араб Одағына мүше 22 мемлекетке арналған «Араб мемлекеттері үшін адам дамуы» атты бірінші аймақтық баяндамасы жарық көрді. Соңғы үш онжылдықта адам дамуындағы прогресті зерделей отырып, баяндамада әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту, бостандық және білім саласындағы кемшіліктерді анықтайтын бірнеше облыстарда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген елдер аясында баяндамалар жасалады. Араб әлемінде заң – діннің негізінде жүргізілетін құқықтық жүйенің құрамдас бөлігі, ал Алжир, Судан, Ирак, Сауд Арабиясы және басқа жерлерде ислам дінінің негіздері үлкен сұранысқа ие. Бұл елдерде Құран және исламның өзге де қасиетті мәтіндері құқықтық жүйенің негізгі қайнар көзі болып табылады. Бүгінгі таңда ислам қоғамдарындағы

құқықтық жүйелердің барлығы дерлік – дуальды жүйелер. Сондай мемлекеттердің қатарында Түркия мен Тунисі мысалға келтіруге болады [Nagat El-Sanabary, Nelly P. Stromquist, Karen Monkman, 1998, 23 б.]. Дуальдық жүйелер бір жағынан батыстың азаматтық кодексіне, ал екінші жағынан шариғат заңына негізделген. Шариғат заңы дуальді жүйенің бір бөлігі ғана болып табылады. Өйткені қазіргі заманғы мемлекеттердің жұмысына қатысты көптеген мәселелер ашық көрсетілмеген [J.L. Esposito, N.J. DeLong-Bas, 2001, 37 б.]. Шариғат заңдары, көбінесе, жеке мәртебені реттейтін құқықтық жүйенің бөлігі ретінде сақталады: неке, ажырасу, балаларға қамқорлық, мұрагерлік құқығы және т.б. Мұсылман әйелдерінің құқықтық жағдайына қатысты ғылыми еңбектің маңыздылығы әртүрлі заң түрлеріндегі құқықтық жүйелерде талқылануда. Әдетте, жүйелер қосарланған болса да, олар батыстың әсерін байқатады. Бұл халықтардың азаматтық кодекстеріне француз, швейцариялық және бельгиялық элементтер қосылған. Жергілікті баламалардың болуына байланысты Батыстың әсерінен отбасылық құқықтың аумағы көптеген факторлармен қиындай түседі. Отбасылық заңдар мұсылман әлемінде кодификацияланған және модернизацияланған кезде, отбасылық қарым-қатынастармен ерекшеленетін бірнеше суннилік мектептерге (ханафи, малики, ханбали, шафии) қатысты және шииттік мектептердегі екі заң (Джағфари және Зайди мәзһабтары) негізге алынады. Сонымен қатар,

отбасылық заңдар жергілікті исламға дейінгі немесе тайпалық / этникалық әдет-ғұрыптық заңдардың ерекшеліктерін, сондай-ақ батыстық заңнамалық ерекшеліктері мен ислам құқықтық мектептерінің элементтерін біріктіреді [W.B. Hallaq, 2005, 4 б.]. Мұсылман қоғамын зерттегенде оны діннен бөлек қарастыруға болмайды [Е.А.Савельева, 2015, 102 б.].

Араб елдерінің арасынан ең алғаш феминистік мәселелерді көтерген Египет Республикасы болғанымен, бұл елдердегі гендерлік жағдай 1952 жылғы революциядан кейін ғана бір жақты өзгере бастады. Себебі, бұл елдердегі көп әйелдердің пікірі бойынша, «Саясат – әйелдер араласатын іс емес» деген түсінік басым болды. Тіпті саясатқа араласқан әйелдерге де сын көзбен қарады. Бұл О.Вейнгердің: «Әйел эмансипациясының қарсыластарының бірі – әйелдердің өздері» деген пікірінің де дәлелі бола алады [О.Вейнгер, 1991, 372 б.]. Тәуелсіздігін алғаннан кейінгі Египеттің негізгі мақсаты – әйелдердің саяси, экономикалық, азаматтық құқықтарын көтеру болды. 1954 жылы египеттік феминист Дория Шафик және 18 әйел бірігіп жаңа қабылданған конституцияда әйелдердің саяси, экономикалық құқықтары мен бостандықтарының жоқтығын арқау етіп, аштық жариялады [С.Harders, 1998, 3 б.]. Олар президент Мұхаммед Нажибтан конституцияға әйелдер құқығын қосамыз деген хат алғаннан кейін ғана аштықты тоқтатты. 1956 жылы 23 маусымда Египет Араб Республикасы конституциясында: «Барлық египеттіктер заң алдында тең.

Олардың өз құқықтарын және міндеттерін орындауында ешқандай ерекшелік жоқ» деп көрсетілді [Конституция Республики Египет, 1956, 19 б.]. Конституция египеттіктерге белсенді сайлау және сайлану құқығын берді [Конституция Республики Египет, 1956, 31 б.]. 1956 жылы сайлауға түскен әйелдер саны үш мың болды. 1964 жылы жеті миллионнан 17 мың әйел сайлауға өз кандидатураларын ұсынған. Алайда әйелінің аты-жөнін сайланушылар қатарынан сызып тастауға күйеуінің де құқы болды [М.А.Васильев, 2000, 181 б.]. 1957 жылы Египет тарихында алғаш рет екі әйел – Равийя Аттия мен Амина Шукри ұлттық жиналыс мүшелерінің қатарына өтті. 1962 жылы алғаш рет Каир университетінің профессоры Хикмет Абу Саид үкіметтегі әлеуметтік мәселелерге жауапты министр болып тағайындалды [Ahmed L., 1992, 210 б.]. Осылайша әйелдер біртіндеп саясатқа араласа бастады. 1964 жылы парламенттегі әйелдер саны сегізге жетті. Египет конституциясының 11 бабында «еректер мен әйелдер қоғамның барлық жағдайында тең» деп көрсетілген. 2000-2005 жылдарда Египет парламен-

тіндегі 458 депутаттықтың 10 орнына әйелдер сайланған. Сол уақыттағы Египет Президентінің әйелі Сюзана Мубарак әйелдер құқын қорғайтын «Ұлттық әйелдер ұйымын» (2000 ж. 12 наурызда президент жарлығымен құрылған) басқарды. 2005 жылы Египет мүфтиі болған, мұсылмандар аппаратының басшысы шейх Фарид Наср Василь әйелдерге мемлекет басшылығына өз кандидатурасын ұсынуына діни тұрғыдан тиым салатын пәтуа шығарды. Осы пәтуадан кейін президенттікке өз кандидатурасын ұсынған жалғыз әйел – 75 жастағы Навааль Саади болды. Алайда ол кейін бұл ұсынысынан бас тартады. Египет Араб Республикасындағы гендерлік ұстанымдар мен билік тарапынан жүргізілген саясатта өзіндік ерекшеліктер бар екені айқын. Бұл өзгешеліктер осы елде орын алған мәдени-әлеуметтік жағдайлармен, діни дәстүрлермен тығыз байланысты. Сонымен қатар бұл елдегі феминистік қозғалыстар мен гендерлік ұстанымдарға модернизация үдерістері де өз ықпалын тигізгені байқалады.

Әлемдік банктің 2024 жылғы өлшемшарттары бойынша кейбір Таяу Шығыс елдерінің көрсеткіштері:

№	Ел атауы	Білім деңгейі		Парламенттегі әйелдер	Әйелдердің еңбекке қатысуы
		Ер	Әйел		
1	БАӘ (UAE)	99%	98%	50%	54.1%
2	Кувейт (Kuwait)	90,6%	84,1%	3,1%	48.6%
3	Сауд Арабиясы (Saudi Arabia)	90,6%	84,1%	19,9%	34-36%
4	Ливан (Lebanon)	95%	90%	6,3%	27%
5	Египет (Egypt)	90,6%	84,1%	27,7%	15.1%
6	Иордания (Jordan)	97%	92%	19,6%	13-14%
7	Ирак (Iraq)	91%	76,3%	28,9%	10.8%
8	Йемен (Yemen)	-	54,1%	0	4.9%

Бірікке Араб Әмірліктері БАӘ (UAE) – әйелдер арасындағы жұмыс күшіне қатысу деңгейі – шамамен 54%. Аймақтық жоғары көрсеткіш – жоғары білім мен қызмет көрсету секторындағы әйелдер (World Bank. Gender Data Portal, 2024).

Біріккен Араб Әмірліктеріндегі ересектердің сауаттылығы әйелдер мен ерлер арасында бірдей дерлік. Әйелдердің де, ерлердің де сауаттылық деңгейі өте жоғары (World Bank. Gender Data Portal, 2024). Әлемдік банк статистикасы бойынша 2024 жылы Біріккен Араб Әмірліктерінде ұлттық парламенттегі орындардың 50%-ын әйелдер иеленген. Парламенттердегі әйелдер – бұл бір немесе төменгі палатадағы әйелдерге тиесілі парламенттік орындардың пайызы. Біріккен Араб Әмірліктеріндегі әйелдердің орын үлесі 2010 жылдан бері өскен. Қазіргі көрсеткіш кірісі жоғары елдердегі орташа көрсеткіштен жоғары (World Bank. Gender Data Portal, 2024).

Қувейт (Kuwait) – әйелдердің еңбекке қатысуы жоғары – шамамен 48-49%. Бұл республикалық және мемлекеттік сектордағы әйелдердің белсенді қатысуымен және білім деңгейімен байланысты. Қувейтте әйелдердің де, ерлердің де сауаттылық деңгейі өте жоғары – 84,1% (World Bank. Gender Data Portal, 2024). 2023 жылы Қувейтте ұлттық парламенттегі орындардың 3,1%-ын әйелдер иеленген. 2010 жылдан бері Қувейтте әйелдер иеленген орындардың үлесі азайды. Қазіргі көрсеткіш кірісі жоғары елдердегі орташа көрсеткіштен төмен (World Bank. Gender Data Portal, 2024).

Сауд Арабиясы (Saudi Arabia) – Сауд Арабиясында ұзақ уақыт бойы әйелдердің қоғамдық өмірге қатысуы қатаң шектеулерге ұшырады:

– Әйелдерге көлік жүргізуге тыйым салынды (S. Sirgany., 2018).

– Қамқоршылық жүйесі» (wilaya) бойынша әйелдердің саяхаттауы, жұмысқа тұруы немесе білім алуы ер адамның – әкесі, күйеуі, ағасы немесе ұлының – рұқсатын қажет етті [Library of Congress 23.08.2019].

– Әйелдердің 2015 жылға дейін саяси институттарға қатысу мүмкіндігі болмады. Тек 2015 жылдың 12 желтоқсанынан бастап муниципалдық сайлауларда алғаш рет әйелдерге дауыс беру және кандидат болу құқықтары берілді [Refworl, 2016].

Бұл модельді зерттеушілер «құқықтық патриархализм» деп сипаттайды. Себебі ол заң мен дәстүрдің үйлесімі арқылы бекітілді.

Сауд Арабиясында әйелдердің еңбек нарығындағы пайыздық көрсеткіші соңғы жылдары айтарлықтай өсті 34-36%. Бұл Vision 2030 шеңберіндегі реформалар, жүргізушілік құқығын алу, кейбір қамқоршылық ережелердің жеңілдеуі және әйелдерді жұмыспен қамту саясатының нәтижесі болып табылады. Әйелдер министрлік деңгейіндегі лауазымдарға тағайындалып, халықаралық спорт және мәдени шараларға қатыса бастады. Сауд Арабиясында әйелдердің де, ерлердің де сауаттылық деңгейі өте жоғары [World Bank. Gender Data Portal, 2024]. 2024 жылы ұлттық парламенттегі орындардың 19,9%-ын әйелдер иеленген. 2010 жылдан бері Сауд Арабиясында әйелдердің парла-

менттік орындық үлесі өсті. Қазіргі көрсеткіш кірісі жоғары елдердегі орташа көрсеткіштен төмен [World Bank. Gender Data Portal, 2024]. Білім беру институттарының саны мен қыздарға арналған мектеп/университет кампустары соңғы онжылдықтарда айтарлықтай көбейген [A.Hamdan, 2005:42-64]. Дегенмен кейбір академиялық мамандықтарға кіру, техникалық-мамандандырылған білім беру (vocational/technical education) саласында гендерлік айырмашылықтар да бар [A.Marnicio, 2013].

Реформаларға қарамастан, гендерлік теңдік толық жүзеге асқан жоқ. Отбасылық құқық мәселелерінде ерлер үстемдігі сақталады, мысалы, талақ арқылы ажырасу құқығы негізінен ерлерге берілген [Doumato, 2010:682-684]. Қоғамдық пікірде әйелдердің рөліне қатысты консервативті көзқарастар әлі де жоғары [M.Al-Rasheed, 2013, 260-263 б.]. Реформалардың көпшілігі «жоғарыдан төменге» бағытталған, яғни мемлекет бастамасымен енгізілуде. Бұл олардың қоғамда қабылдануына әсер етеді [Le Renard, 2014, 156-159 бб.]. Сауд Арабиясындағы гендерлік қатынастар соңғы онжылдықта айтарлықтай өзгерістерге ұшырағанымен, толық теңдікке жету үшін әлі де ұзақ жол бар. Қазіргі реформалар әйелдердің әлеуметтік және экономикалық өмірдегі рөлін күшейтуге бағытталғанымен, құқықтық және мәдени деңгейдегі патриархалды шектеулер толық жойылған жоқ [M.Al-Rasheed, 2013, 270 б.].

Сауд Арабиясы соңғы жылдары гендерлік теңдікке бағытталған ре-

формаларды белсенді жүзеге асыруда. Бұл білім беру мен еңбекке қатысу көрсеткіштерінде айтарлықтай оң өзгерістерге әкелді. Дегенмен, цифрлық көрсеткіштерге қарамастан, теңсіздік пен шектеулер әлі де бар: әлеуметтік нормалар, жұмыссыздық, салалық жендет, жалақы айырмашылықтары, басқарушылық лауазымдарда әйелдердің аз болуы секілді. Болашақта саясаткерлер мен зерттеушілерге жұмыс орны жағдайларын жақсарту, білім-еңбек арасындағы сәйкестікті арттыру, әйелдердің құқықтық алу-беру (governance) қатысуын кеңейту сияқты шараларда гендерлік теңсіздіктер әлі де орын алуда.

Ливан (Lebanon) – әйелдерінің жұмыспен қамтылу шамамен 27% деп бағаланған. Экономикалық дағдарыс пен миграция әйелдердің еңбек жағдайына әсер етуде, заңнамалық реформалар шектеулі. 2024 жылы Ливандағы ұлттық парламенттегі орындардың 6,3%-ын әйелдер иеленген. 2010 жылдан бері Ливандағы әйелдер иеленген орындардың үлесі өсті. Қазіргі көрсеткіш орташа табысы төмен елдердегі орташа көрсеткіштен төмен [World Bank. Gender Data Portal, 2024].

Египет (Egypt) – 2024 жылға дейін әйелдер арасындағы жұмыс күшіне қатысу деңгейі 15,1% және ерлер арасында 69,9% құрайды. Жұмыс күшіне қатысу коэффициенті – 15 және одан жоғары жастағы халықтың экономикалық белсенді үлесі. 1990 жылдан бастап әйелдердің жұмыс күшіне қатысуы төмендеді. Төменгі орташа табыс тобында жұмыс күшіне қатысумен салыстырғанда, Египетте ерлер мен әйелдер арасындағы ал-

шақтық жоғары. Бұл төмен көрсеткіш әйелдердің формалды секторға кірмеуі, үй шаруашылығына байланысты еңбек пен құқықтық шектеулер әсерінен. Қалалық таңдаулы топтарда әйелдердің жұмысы жиі өсуде, алайда жалпы ұлттық көрсеткіш төмен [World Bank. Gender Data Portal, 2024]. Египетте 2024 жылы ұлттық парламенттегі орындардың 27,7%-ын әйелдер иеленген. Парламенттегі әйелдер – бұл бір немесе төменгі палатадағы әйелдерге тиесілі парламенттік орындардың пайызы. 2010 жылдан бастап Египеттегі әйелдердің орындық үлесі өсті. Қазіргі көрсеткіш орташа табысы төмен елдердегі көрсеткіштен жоғары.

Иордания (Jordan) – әйелдердің жұмыспен қамтылуы шамамен 13-14%. Ұлттық стратегиялар әйелдердің экономикалық қатысуын арттыруға бағытталған, алайда саяси және әлеуметтік кедергілер жоғары. 2024 жылы Иорданияда ұлттық парламенттегі орындардың 19,6%-ын әйелдер иеленген. Бұл көрсеткіш 2010 жылдан бері Иорданияда әйелдер иеленген орындардың үлесінен өскен [World Bank. Gender Data Portal, 2024].

Ирак (Iraq) – әйелдердің жұмыспен қамтылу көрсеткіші өте төмен – шамамен 11% деңгейінде. Соғыс, тұрақсыздық және консервативтік әлеуметтік нормалардың ықпалы зор. Ересектердің сауаттылығындағы ерлер мен әйелдер арасындағы алшақтық – 14,7%. Таяу Шығыс пен Солтүстік Африканың жиынтық алшақтығынан үлкен – 12,4% (World Bank. Gender Data Portal, 2024). Иракта 2024 жылы ұлттық парламенттегі орындардың

28,9 пайызын әйелдер иеленген. 2010 жылдан бері Ирактағы әйелдердің парламенттегі үлесі артқан. Қазіргі көрсеткіш табысы ортадан жоғары елдердегі орташа көрсеткішке ұқсас [World Bank. Gender Data Portal, 2024].

Йемен (Yemen) – әйелдердің жұмыспен қамтылу деңгейінің әлемде ең төмендердің бірі – шамамен 4.9%. Бұл – соғыс, гуманитарлық дағдарыс және әлеуметтік кедергілердің салдары. Йемен Республикасындағы ересек әйелдердің сауаттылық деңгейі Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағыдан төмен – 54,1 % [World Bank. Gender Data Portal, 2024]. Ал ұлттық парламенттегі орындарда әйелдердің үлесі мүлдем жоқ – 0%. Ұлттық банк көрсеткіші бойынша ең соңғы рет парламенттегі әйелдер көрсеткіші 2020 жылы 0,3 % болған, одан кейінгі жылдар 0%. Яғни Йемен Республикасындағы әйелдердің парламенттегі үлесі шамамен 2010 жылмен бірдей болып қалған. Қазіргі көрсеткіш табысы төмен елдердегі орташа көрсеткіштен төмен [World Bank. Gender Data Portal, 2024].

Таяу Шығыс елдеріндегі гендерлік қатынастарға қатысты соңғы жылдары бірқатар реформалардың жасалуына қарамастан көрсеткіштер әлі де төменгі деңгейде деуге болады.

Таяу шығыс елдеріндегі гендерлік қатынастардың ерекшеліктері:

1. Ислам діні мен шариғат нормалары – отбасылық құқық, мұрагерлік, неке мен ажырасу мәселелері көбіне діни құқық аясында реттеледі;

2. Патриархалды мәдениет – ерлердің әлеуметтік үстемдігі тарихи қалыптасқан дәстүрлерге негізделеді;

3. Мемлекеттік саясат – әр елдің саяси режимі әйелдердің құқықтарын кеңейту немесе шектеу бағытында түрлі шаралар қолданады. Мысалы, Тунис, Марокко, Иордания сияқты елдерде гендерлік реформалар ертерек басталса, Сауд Арабиясы оларды тек соңғы онжылдықта ғана жүзеге асыра бастады.

Қорытынды

Таяу Шығыс аймағында соңғы онжылдықта гендерлік қатынастар айтарлықтай жақсарған. Көптеген елдерде жастар арасында білім, еңбек нарығы, жыныстық теңдікке жақындау байқалады. Алайда елдер арасында айырмашылықтар бар: кей мемлекеттерде (мыс., Ирак, Йемен) мектепке баруда жігіттер мен қыздар арасында айырмашылық сақталады. Сонымен бірге ересек әйелдер арасында әлі де үлкен оқыту-оқырман болу проблемалары барын байқаймыз.

Аймақтағы ең ірі гендерлік айырмашылық – еңбек нарығына қатысуда. Орташа есеппен Араб елдері аймағында әйелдердің еңбекке қатысуы әлем бойынша ең төменгі көрсеткіштердің бірі (бірнеше елде 10-30% аралығында, ал кейбір шағын/кедендік монархияларда жоғарырақ көрсеткіштер бар). Бұл – білім деңгейімен ғана емес, отбасылық күтім міндеттері, заңнамалық шектеулер, еңбек нарығындағы дискриминация және әлеуметтік нормативтер әсерінен туындаған күрделі құбылыс.

Саяси шешімдер қабылдауда әйелдердің өкілеттігі ел бойынша алшақ: бірнеше мемлекетте әйелдер парламентте және үкіметте айтар-

лықтай өкілдікке ие болса (квота, тағайындаулар арқылы), басқаларында өкілдік төмен. Әлемдік орташа көрсеткішпен салыстырғанда аймақтық көрсеткіштер тұрақты өсіп келеді, бірақ министрліктер мен жоғары басшылық лауазымдарда әйелдердің саны әлі де шектеулі деуге болады.

Көптеген араб елдерінде заңдар мен нормативтер әйелдердің құқықтары мен еркіндіктеріне қатысты әртүрлі деңгейде шектеулер немесе кепілдіктер береді: отбасы құқықтары (талақ, мұраға қатысты тәртіп), жыныстық зорлық-зомбылықтан қорғану заңдарының болмауы немесе жеткіліксіздігі, еркек қуаттылығының (male guardianship) формалары және т.б. Кей елдер соңғы жылдары жыныстық зорлық-зомбылыққа, тұрмыстық зорлыққа қарсы және еңбек саласында теңдік мәселелеріне өзгерістер енгізіп келеді. Бірақ орындауда және құқықтық қорғаныста әлі де жетіспейтін жағдайлар бар[Mehrinaz El Awady, 2023].

Arab Barometer және ESCWA секілді ұйымдардың сапалық зерттеулер мен сауалнамалар нәтижелерінде Таяу Шығыстағы араб елді мекендеріндегі әйелдердің жұмысқа шығу, саяси белсенділік немесе қоғамдық рөлдерге қатысу сияқты салаларда дискриминацияны жиі сезінетіндіктерін және әйелдер ерлерге қарағанда жынысына байланысты кемсiтудiң орын алатындағын жиі көрсетеді [MaryClare Roche, 2025].

Таяу Шығыс елдерінде соңғы жылдары жүзеге асқан реформалардың нәтижесінде әйелдердің құқықтық мәртебесі мен әлеуметтік мүмкін-

діктеріндегі өзгерістер айқындалды. гендерлік теңдіктің орнауына кедергі
Сонымен бірге құқықтық және мәдени жасауда.
шектеулердің сақталуы толыққанды

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ahmed L. 1992. Women and Gender in Islam. London, 210-211б.
2. Amani Hamdan International Education Journal, 2005, 6(1), 42–64. ISSN 1443-1475
© 2005 Shannon Research Press.)
3. Anthony Reid, 1993. Southeast Asia in the Age of Commerce 1450–1680, Vol. 2: Expansion and Crisis. New Haven: Yale University Press, 132-201 б.
4. Ariana Marnicio. Educating Girls in the Middle East, Rice University's Baker Institute for Public Policy. October 11, 2013. Baker Institute
5. Baderin M.A. 2007., Moustafa Y. 2011. The Islamisation in human rights: 'implication for gender and politics in the middle East' IDS Bulletin 42 (1):21-25 pp.
6. Chase A. 2007. The transnational Muslim world. The foundations and origins of human rights and their on going intersections. Muslim world journal of human rights. 4(1):1-14.
7. Country Reports on Human Rights Practices – Saudi Arabia, Refworl, 13 April 2016
https://www.refworld.org/reference/annualreport/usdos/2016/en/109888?utm_source=chatgpt.com
8. Doumato Eleanor Abdella, Women's Rights in the Middle East and North Africa 2010 – Saudi Arabia (Freedom House, 2010)
9. Madawi Al-Rasheed. A Most Masculine State: Gender, Politics and Religion in Saudi Arabia. New York, NY: Cambridge University Press, 2013. 260-263, 270 pp.
10. Gates D.K. Steane P. 2009. 'Political religion – the influence of ideological and identity orientation'. Totalitarian movements and political religions 10 (3-4):303-25.
11. Harders C. 1998. Women and Politics in Egypt: Investigations on the Situation of Egyptian Politicians. H., p.3
12. John C. Caldwell, 1988. Theory of Fertility Decline (London: Academic Press, 1982); and Deniz Kandiyoti, «Bargaining with Patriarchy,» Gender and Society, 2, no. 3 274–90 p.
13. John L. Esposito, Natana J., 2001. Women in Muslim Family Law, 2nd ed. (Syracuse, NY: Syracuse University Press, , orig., 1982. P.37).
14. Le Renard, Amélie. *A Society of Young Women: Opportunities of Place, Power, and Reform in Saudi Arabia*. Stanford University Press, 2014. 156-159
MaryClare Roche, Education and Working Women in MENA, March 4, 2025 https://www.arabbarometer.org/2025/03/education-and-working-women-in-mena/?utm_source=chatgpt.com
15. Mehrinaz El Awady, New UN country reports on Gender Justice and the Law, UN ESCWA13 February 2023 arabstates.unwomen.org+1)
16. Mir-Hosseini, Z., V. Hamzic. 2010. Control and sexuality: the revival of zina laws in Muslim contexts. London: Muslim living under Muslims laws, p.49.
17. Myra Marx Ferree, Shamus Khan, and Shauna A. Morimoto, 2005. «Assessing the Feminist Revolution: The Presence and Absence of Gender in Theory and Practice. p.23.
18. Nagat El-Sanabary, 1998. «Women in Some Liberal Modernizing Islamic Countries,» 515–23, in Nelly P. Stromquist and Karen Monkman, eds., Women in the Third World: An Encyclopedia of Contemporary Issues, New York.

19. Saad Eddin Ibrahim, 2000. «Arab Social-Science Research in the 1990s and Beyond: Issues, Trends, and Priorities» (Canada: International Development Research Centre)] Research and Development in the Middle East and North Africa, Cairo, p.129.
20. Sarah Sirgany and Laura Smith-Spark, Landmark day for Saudi women as kingdom's controversial driving ban ends. CNN, Sun June 24, 2018 https://edition.cnn.com/2018/06/23/middleeast/saudi-women-driving-ban-lifts-intl/index.html?utm_source=chatgpt.com
21. *Saudi Arabia: Law on Passports Amended to Allow Women to Travel Abroad Without a Male Guardian*» Library of Congress 23.08.2019 https://www.loc.gov/item/global-legal-monitor/2019-08-23/saudi-arabia-law-on-passports-amended-to-allow-women-to-travel-abroad-without-a-male-guardian?utm_source=chatgpt.com
22. Valentine M. Moghadam, 2004. «Patriarchy in Transition: Women and the Changing Family in the Middle East,» Journal of Comparative Family Studies, 35 no. 2, 63 p.
23. Wael B. Hallaq, 2005. The Origins and Evolution of Islamic Law. New York: Cambridge University Press, P.4.
24. Women's Studies in the Arab World, 1998:9
25. World Bank. (2023). Gender Data Portal. <https://genderdata.worldbank.org> <https://genderdata.worldbank.org/en/economies/united-arab-emirates>.
26. Yvonne Haddad, 1997. Muslim minorities in the west, New York. P.97
27. Васильев М.А., 2000. Египет и египтяне. М., 181 с.
28. Вейнингер О. 1991. Пол и характер: Мужчина и женщина в мире страстей. М., 372 с.
29. Конституция Республики Египет, 1956. М., 19 с.
30. Савельева Е. А. 2015. Панарабизм СМИ стран Аравийского полуострова. – СПбГУ, Ин-т ВШЖИМК. 102 с.

REFERENCES

1. Ahmed L. 1992. Women and Gender in Islam. London, 210-211б.
2. Amani Hamdan International Education Journal, 2005, 6(1), 42-64. ISSN 1443-1475 © 2005 Shannon Research Press.)
3. Anthony Reid, 1993. Southeast Asia in the Age of Commerce 1450-1680, Vol. 2: Expansion and Crisis. New Haven: Yale University Press, 132-201 б.
4. Ariana Marnicio. Educating Girls in the Middle East, Rice University's Baker Institute for Public Policy. October 11, 2013. Baker Institute
5. Baderin M.A. 2007., Moustafa Y. 2011. The Islamisation in human rights: 'implication for gender and politics in the middle East' IDS Bulletin 42 (1):21-25 pp.
6. Chase A. 2007. The transnational Muslim world. The foundations and origins of human rights and their on going intersections. Muslim world journal of human rights. 4(1):1-14.
7. Country Reports on Human Rights Practices – Saudi Arabia, Refworld, 13 April 2016 https://www.refworld.org/reference/annualreport/usdos/2016/en/109888?utm_source=chatgpt.com
8. Doumato Eleanor Abdella, Women's Rights in the Middle East and North Africa 2010 – Saudi Arabia (Freedom House, 2010)
9. Madawi Al-Rasheed. A Most Masculine State: Gender, Politics and Religion in Saudi Arabia. New York, NY: Cambridge University Press, 2013. 260–263, 270 pp.
10. Gates D.K. Steane P. 2009. 'Political religion – the influence of ideological and identity orientation'. Totalitarian movements and political religions 10 (3-4):303-25.

11. Harders C. 1998. Women and Politics in Egypt: Investigations on the Situation of Egyptian Politicians. H., p.3
12. John C. Caldwell, 1988. Theory of Fertility Decline (London: Academic Press, 1982); and Deniz Kandiyoti, «Bargaining with Patriarchy,» Gender and Society, 2, no. 3 274-90 p.
13. John L. Esposito, Natana J., 2001. Women in Muslim Family Law, 2nd ed. (Syracuse, NY: Syracuse University Press, , orig., 1982. P.37).
14. Le Renard, Amélie. *A Society of Young Women: Opportunities of Place, Power, and Reform in Saudi Arabia*. Stanford University Press, 2014. 156–159 MaryClare Roche, Education and Working Women in MENA, March 4, 2025 https://www.arabbarometer.org/2025/03/education-and-working-women-in-mena/?utm_source=chatgpt.com
15. Mehrinaz El Awady, New UN country reports on Gender Justice and the Law, *UN ESCWA*13 February 2023 arabstates.unwomen.org+1)
16. Mir-Hosseini, Z., V.Hamzic. 2010. Control and sexuality: the revival of zina laws in Muslim contexts. London: Muslim living under Muslims laws, p.49.
17. Myra Marx Ferree, Shamus Khan, and Shauna A. Morimoto, 2005. «Assessing the Feminist Revolution: The Presence and Absence of Gender in Theory and Practice. p.23.
18. Nagat El-Sanabary, 1998. «Women in Some Liberal Modernizing Islamic Countries,» 515–23, in Nelly P. Stromquist and Karen Monkman, eds., Women in the Third World: An Encyclopedia of Contemporary Issues, New York.
19. Saad Eddin Ibrahim, 2000. «Arab Social-Science Research in the 1990s and Beyond: Issues, Trends, and Priorities» (Canada: International Development Research Centre)] Research and Development in the Middle East and North Africa, Cairo, p.129.
20. Sarah Sirgany and Laura Smith-Spark, Landmark day for Saudi women as kingdom's controversial driving ban ends. CNN, Sun June 24, 2018 https://edition.cnn.com/2018/06/23/middleeast/saudi-women-driving-ban-lifts-intl/index.html?utm_source=chatgpt.com
21. *Saudi Arabia: Law on Passports Amended to Allow Women to Travel Abroad Without a Male Guardian*» Library of Congress 23.08.2019 https://www.loc.gov/item/global-legal-monitor/2019-08-23/saudi-arabia-law-on-passports-amended-to-allow-women-to-travel-abroad-without-a-male-guardian?utm_source=chatgpt.com
22. Valentine M. Moghadam, 2004. «Patriarchy in Transition: Women and the Changing Family in the Middle East,» Journal of Comparative Family Studies, 35 no. 2, 63 p.
23. Wael B. Hallaq, 2005. The Origins and Evolution of Islamic Law. New York: Cambridge University Press, P.4.
24. Women's Studies in the Arab World, 1998:9
25. World Bank. (2023). Gender Data Portal. <https://genderdata.worldbank.org> <https://genderdata.worldbank.org/en/economies/united-arab-emirates>.
26. Yvonne Haddad, 1997. Muslim minorities in the west, New York. P.97
27. Vasilev M.A. (2000), *Egipet I egiptuyane* (Egypt and the Egyptians). M., 181 c.
28. Vaininger O. (1991). *Pol I karakter& Muzhqina I zhebshina v mire strastei* (Gender and Character: Man and Woman in the World of Passions). M., 372 c.
29. *Konstitutsia Respubliki Egipet* (The Constitution of the Arab Republic of Egypt), 1956. M., 19 c.
30. Savel'eva E. A. (2015). Panarabizm SMI stran Aravijskogo poluostrova (Pan-Arabism in the Media of the Arabian Peninsula Countries). – SPbGU, In-t VShZhiMK. 102 s.

Авторлар туралы мәлімет:

Кагазбекова Салтанат Бейсенбаевна – PhD докторант. Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Ғылым бөлімінің меңгерушісі (Алматы, Қазақстан, e-mail: paradise-gannat@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-9330-9458)

معلومات عن المؤلفين:

Кагазбекова Салтанат Бейсенбаевна – طالبة دكتوراه (PhD)، رئيسة قسم العلوم في جامعة نور مبارك للثقافة الإسلامية بمصر (ألماني، كازاخستان).

Information about authors:

Kagazbekova Saltanat Beysenbaevna – PhD doctoral student, Head of the Science Department at Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture (Almaty, Kazakhstan, e-mail: paradise-gannat@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-9330-9458)

Информация об авторах:

Кагазбекова Салтанат Бейсенбаевна – PhD докторант. Руководитель научно-го отдела Университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: paradise-gannat@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-9330-9458)

А.Тасболат¹

¹ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты,

Алматы, Қазақстан

e-mail: tasbolat.usul@gmail.com

ФАЗЛУР РАХМАН ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ ГЕРМЕНЕВТИКАЛЫҚ БЕТБҰРЫС

Аңдатпа. Мақалада XX ғасырдың көрнекті ислам ойшылы Фазлур Рахманның (1919-1988) Құран герменевтикасы мен ислам модернизміне қосқан үлесі қарастырылады. Автор жаңалану (тәждид) идеясының ислам тарихындағы орнын, ортағасырлық және модерн дәуірдегі жаңашылдық қозғалыстарын зерделей отырып, Фазлур Рахманның ерекшелігіне тоқталады. Оның «екі жақты қозғалыс» әдісі, Құранды біртұтас (холистикалық) мәтін ретінде оқу және оның этикалық мазмұнын, әсіресе Құрандағы әлеуметтік-экономикалық әділдік пен теңдік қағидасын негіздеу тәсілі талданады. Ортағасырлық ислам ғылымдарына үстемдік еткен «атомистік» тәсілді сынауы, Құран аяттарының тарихи контекстін ескерудің маңыздылығын дәлелдейтін көзқарастары әдістемелік бетбұрыс ретінде жан-жақты зерделенеді.

Түйін сөздер: герменевтика, Фазлур Рахман, ислам модернизмі, неомодернизм, холистик әдіс, екі жақты қозғалыс тәсілі.

طاسولات أسيلتاي¹

معهد الفلسفة والعلوم السياسية والدراسات الدينية التابع للجنة العلوم بوزارة العلوم والتعليم العالي

في جمهورية كازاخستان، ألماتي، كازاخستان

e-mail: tasbolat.usul@gmail.com

فضل الرحمن والمنعطف التأويلي في الإسلام

الملخص: تتناول هذه المقالة إسهامات فضل الرحمن (1919-1988)، أحد أبرز المفكرين الإسلاميين في القرن العشرين، في مجال هرمنيوطيقا القرآن والحداثة الإسلامية. ويحلل المؤلف موقع فكرة التجديد (التجديد) في التاريخ الإسلامي، وحركات التجديد في العصور الحديثة، مع التركيز على المنهج الفريد لفضل الرحمن. كما تتم دراسة منهجه المسمى بـ«الحركة المزدوجة»، وقراءته الكلية للقرآن، ومقارنته في تأصيل مضمونه الأخلاقي—وخاصة مبادئ العدالة الاجتماعية والمساواة—. ويتم كذلك تحليل نقده للمقاربة «التجزئية» السائدة في الدراسات الإسلامية في العصور الوسطى، ورؤيته لأهمية مراعاة السياق التاريخي للآيات القرآنية، وذلك باعتباره تحولاً منهجياً.

الكلمات المفتاحية: الهرمنيوطيقا، فضل الرحمن، الحداثة الإسلامية، الحداثة الجديدة، المنهج الكلي، منهج الحركة المزدوجة.

A.Tasbolat¹

Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the Science
Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of
Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan
e-mail: tasbolat.usul@gmail.com

FAZLUR RAHMAN AND THE HERMENEUTICAL SHIFT IN ISLAM

Abstract. This article examines the contributions of Fazlur Rahman (1919-1988), a prominent 20th-century Islamic thinker, to Quranic hermeneutics and Islamic modernism. The author analyzes the place of the idea of renewal (tajdid) in Islamic history, and the renewal movements of the modern periods, focusing on Fazlur Rahman's unique approach. His «double movement» method, his holistic reading of the Quran, and his approach to grounding its ethical content-particularly, the principles of socio-economic justice and equality – are all analyzed. His critique of the «atomistic» approach prevalent in medieval Islamic scholarship and his views on the importance of considering the historical context of Quranic verses are thoroughly examined as a methodological shift.

Keywords: hermeneutics, Fazlur Rahman, Islamic modernism, neomodernism, holistic method, double movement approach.

А.Тасболат¹

¹Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО,
Алматы, Қазақстан
e-mail: tasbolat.usul@gmail.com

ФАЗЛУР РАХМАН И ГЕРМЕНЕВТИЧЕСКИЙ ПОВОРОТ В ИСЛАМЕ

